

Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова, Р. С. Рахметова,  
А. Қ. Рауандина, Қ. С. Жайлаубаева

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

## БӘЙТЕРЕК

ОҚУЛЫҚ

8-сынып

2-бөлім

*2-басылымы, өңделген*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ ҰСЫНҒАН

«Көкжиек-Горизонт»  
2020

Все права защищены.  
Незаконное  
распространение и печать  
преследуются по Закону  
об авторском праве (ст. 198  
УК РК от 100 МРП до 7 лет  
лишения свободы)

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 81.2 Қаз-922  
Қ17

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ ҰСЫНҒАН

Авт.: Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова, Р. С. Рахметова,  
А. Қ. Рауандина, Қ. С. Жайлаубаева

Қ17 Қазақ тілі мен әдебиеті. Бәйшешек. Оқулық. Қазақ тілінен басқа тілде оқытатын 11 жылдық жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған. / Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова, Р. С. Рахметова ж. б. - 2-бөлім. — Алматы: Көкжиек-Горизонт, 2020. — 156 б.

ISBN 978-601-7832-63-6

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 81.2 Қаз-922

ISBN 978-601-7832-63-6 (2-бөлім)

ISBN 978-601-7832-62-9 (жалпы)

© «Көкжиек-Горизонт» ЖШС, 2020

## Құрметті жас дос!

Сен 7-сыныптағы «Бәйшешек» оқулығы бойынша алған біліміңді енді «Бәйтерек» оқулығы арқылы кеңейтесің, қазақ тілін одан әрі терең меңгересің. «Бәйтерек» сөзі «зәулім ағаш», «өмір ағашы» деген ұғымдарды білдіреді. «Бәйтерек» тамырын өте тереңнен алатын, биікке ұмтылып, жайқалып өсетін, киелі ағаш екенін білесің. Сондықтан «Бәйтерек» оқулығы арқылы сен де қазақ тілін терең игеріп, өз біліміңді шыңдайсың. Бай да қуатты қазақ тілінің қыр-сырын меңгересің.

«Білім. Ғылым. Инновация», «Жаһандық энергетикалық дағдарыс», «Биоалуантүрлілік. Жойылып бара жатқан жануарлар мен өсімдіктер», «Қазақстанның су ресурстары», «Қазақстан — Байқоңыр-Ғарыш» тақырыптары сені өзіңді қоршаған әлемді сақтауға, өз еліңді, жеріңді қорғауға жетелеп, туған жерің туралы мақтаныш сезімін қалыптастыруға тәрбиелейді. «Достық пен татулық — таптырмас бақыт», «Кәсіп — бақыттың шырағы, Еңбек — ырыстың бұлағы», «Тарихи тұлғалар тағылымы», «Қызым — жағадағы құндызым, ұлым — аспандағы жұлдызым», «Қазақстанның айтыс өнері мен сөз мәдениеті» тақырыптары арқылы қазақ халқының бай тарихынан мағлұмат аласың. Көптеген жаңа ақпаратпен танысасың. «Мәңгілік елдің нұрлы жолы» тақырыбы өз еліңнің өткені мен болашағын зерделеуге шақырады. Еліңнің болашағы сенің қолыңда екенін түсінесің. Түрлі тапсырмаларды орындау арқылы өз ойыңды, пікіріңді айтуға үйренесің.

«Бәйтерек» оқулығы сені әлемге танымал ақын-жазушылардың әдеби шығармаларымен таныстырады. Тәкен Әлімқұловтың «Қараой», Шыңғыс Айтматовтың «Кассандра таңбасы», Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен тер», М. Әуезовтің «Көксерек» шығармаларынан үзінділер оқисың. Абай Құнанбайұлы, Төлеген Айбергеновтің өлеңдерінен тәлім-тәрбие аласың. Әдеби тілде сөйлеуге жаттығасың. Қазақ тілі мен әдебиетінен алған білімің «Бәйтерек» ағашы секілді сені биіктерге жетелейді. Түрлі тапсырмаларды қатесіз орындау арқылы сөздік қоры мол, қазақ тілінде ауызша да, жазбаша да ойыңды жеткізе алатын боласың. Бәрі өз қолыңда!

Білім жолындағы сапарың сәтті болсын, жас дос!

# 7 Тарихи тұлғалар тағылымы

## Тәкен Әлімқұлов «Қараой» (әңгіме)

### ОҚУШЫ, ТАҚЫРЫПТЫ ОҚУ БАРЫСЫНДА СЕН

- тірек сөздер, иллюстрациялар арқылы көтерілетін мәселені болжай білуді;
- күрделі сөздер мен тұрақты тіркестердің мағынасын түсінуді;
- ауызша мәтіндерді құрауда көркемдегіш құралдарды қолдануды; мәтіндегі оқиғалар бойынша мазмұнның даму желісін салыстырып, талдауды;
- тілдік ерекшеліктер арқылы мәтіндердің жанрын анықтауды;
- эсседе мәселенің оңтайлы шешілу жолдарын ұсынуды;
- жазба жұмыстарында символ мен кейіптеуді қолдануды;
- демеулік шылауларды қызметіне сай жұмсай білуді **үйренесің**.

## «Алаш орда» көсемдері

1-2-  
сабақтар

### МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### ЖАҢА СӨЗДЕР

*Алаш, саясаткер, тағылым,  
айқын, кемеңгер, көрнекті, көсем*

### АЙТЫЛЫМ

- 1-тапсырма.** Суретке қара.  
Олар кімдер?  
Суреттің қандай символдық мәні бар?  
Оның сабақтың тақырыбына қандай қатысы бар? Өз болжамыңды айт.



## АЙТЫЛЫМ

### 2-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. «Алаш», «Алашорда» деген сөздер саған таныс па?
2. «Қазақстан тарихы» пәнінде ХХ ғасыр басындағы қазақ зиялылары туралы қандай мағлұмат алдың?
3. «Көсем» сөзі қандай мағына береді?
4. Сен тарихта аты қалған қандай көсемдерді білесің?

## ЖАЗЫЛЫМ. АЙТЫЛЫМ

### 3-тапсырма.

«Алашорда» туралы дереккөздерден ақпарат тап. Оның көсемдері туралы сызбаны толтыр. Олар туралы қысқаша айт.



## ЖАЗЫЛЫМ

### 4-тапсырма. Берілген сөздер мен сөз тіркестерін мағынасына қарай сәйкестендіріп, сөйлем құрап жаз.

ХХ ғасырдың басы —	100 жылдығы аталды.
«Алашорда» үкіметінің басшысы —	«Алашорда» құрамында болды.
2017 жылы «Алаштың»	қазақ тарихындағы ренессанс дәуірі.
«Алашшыл» сөзі	Әлихан Бөкейхан.
Ұлтымыздың ұлы тұлғалары	«халықшыл» дегенді білдіреді

## ТІЛДІК БАҒДАР

### ДЕМЕУЛІК ШЫЛАУ

Демеулік шылау — тіркескен сөзіне сұрау, күшейту, нақтылау, күмән, т.с.с. мән үстейтін шылаудың түрі. *Мысалы:* Сен де бір кірпіш дүниеге кетігін тап та бар, қалан (Абай) деген сөйлемде де шылауы күшейту мәнін үстеп тұр. Демеулік шылаулардың кейбірі сөзге дефис (-) арқылы жалғанады (*сол-ақ екен, тез жылыпты-мыс*), кейбірі сөзге (*тек Наурызға байланысты, көктемде ғана шығады*) тіркеседі.

сұ-раулық демеуліктер	күшейткіш демеуліктер	шекті (тежеу) демеуліктері	болжалдық демеуліктер	болым-сыздық, салыстыру қарсы мәнді демеуліктері	нақтылау мәнді демеуліктер
ма, ме, ба, бе, па, пе, ше	-ақ, -ау, -ай, да, де, та, те	ғана, қана, тек, -ақ	-мыс, -міс; -ау	түгіл, тұрсын, тұрмақ, екеш	қой, ғой

## ЖАЗЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын анықта. Көп нүктенің орнына демеулік шылауды қойып, көшіріп жаз.

1. Сендер Алашорда, ұлт **саясаткерлері** туралы білесіңдер ...?
2. Алаш өкіметінің **кемеңгер** басшыларының мақсаты **айқын** болды, солар ... халықтың қамын ойлады. 3. Алаштың айналасында ХХ ғасырдың басындағы **көрнекті** қазақ ғалымдары, ақын-жазушылары ... болған жоқ. Сонымен қатар көзі қарақты қалың көпшілік өкілдері ... болды.
4. Ай, қарақтарым-..., биыл Алаштың 100 жылдығын қалай өткіземіз? Бүкіл ел болып атсалысса ...! Онда жас ұрпақ ... үлкен **тағылым** алар еді.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

**6-тапсырма.** Мәтінді оқып, ойды білдіріп тұрған негізгі тілдік құралдарды ажырат. Мәтіннің стилін анықта. Сөзіңді дәлелде.

XIX ғасырдың аяғында қазақ халқын саяси жағынан қайта **түлету** қажет екенін айқын түсінген **қазақ зиялылары** қалыптаса бастады. Қазақ зиялылары арасынан **елжанды саясаткерлер** шықты. Олар **көрнекті ғалымдар, жоғары білімді** адамдар еді. XX ғасырдың алғашқы **ширегі** «саяси күрестер мен **рухани қайта өрлеу** кезеңі» деп айтуға әбден болады. Бұл кезде **саяси күрес сахнасында** өзінің ұлтын сүйген, экономика, құқық тарихы мен теориясын терең меңгерген **қазақ оқымыстылары** «Алаш» партиясын ұйымдастырды. «Алаш орда» үкіметін құрды. «Алаш орда» көсемдері: Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Әлімхан Ермеков, Халел Досмұхамедов және т. б.

«Алашорда» үкіметінің **15 мүшесінің он төрті** жоғары білімді еді. Кеңес үкіметінің құрамындағы басшылардың өзі **мұндай деңгейге жеткен жоқ.** «Алаш» көсемдері мен саясаткерлері гуманизм принциптерін ұстанды. Олар бүкіл қазақ халқының мүдделеріне қызмет етті.

XX ғасырдың 30-жылдарында **саяси қырғын** басталды. Кеңес өкіметі «Алаш» көсемдері мен өкілдерін түгел қырып, жойды. Олардың мұраларын қолдануға **қатаң тыйым** салды. Бұл — «адамзат тарихындағы ең **ауыр әрі қасіретті репрессия кезеңі**» деп аталды.

*М. Қойгелдиевтен*



ЮНЕСКО-ның Парижде өткен Бас конференциясының 38-сессиясында 2016 жылы алаш көсемі, көрнекті мемлекет қайраткері Әлихан Бөкейханның 150 жылдық мерейтойын ЮНЕСКО көлемінде тойлау туралы ұсыныс қабылданды.

## ЖАЗЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Сөздіктердің көмегімен мәтіндегі қою қаріппен берілген сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын анықта. Сөздік дәптеріңе жаз.

## ОҚЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Мәтіндегі ақпараттың дұрыстығын көрсет, ойыңды айт.

ақпарат	дұрыс, себебі...	дұрыс емес, себебі...
XIX ғасырдың аяғында қазақ халқын саяси жағынан қайта түлету қажет екенін айқын түсінген қазақ зиялылары қалыптаса бастады.		
XX ғасырдың алғашқы ширегін «саяси күрестер мен қайта өрлеу дәуірі» деп айтуға әбден болады.		
Саяси күрес сахнасына бүкіл қазақ халқы шықты.		
«Алаш орда» үкіметінің 15 мүшесінің он төрті жоғары білімді еді.		
Әлихан Нұрмұхаметұлы Бөкейхан — «Алаш» көсемі.		
«Алашорда» үкіметі қырқыншы жылы репрессияға ұшырады.		

## ЖАЗЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Мәтінді INSERT оқыту стратегиясы бойынша талда. Төмендегі белгілермен әр азат жолды не сөйлемді белгіле. Өз ойыңды қорытындылап жаз.

«V»	«-»	«+»	«?»
бұрыннан білемін	менің ойлағаныма қайшы, кереғар	мен үшін жаңа ақпарат	келісе алмаймын, білгім келеді

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Сөйлемдерді оқы. Қай бағандағы тақырып мәтіннің қай абзацындағы оймен сәйкес келетінін айт.

«Алаш орда» үкіметінің құрамы		қазақ зиялыларының қалыптасу кезеңі
-------------------------------	---	-------------------------------------

саяси қырғын кезеңі	саяси күрес кезеңі	«Алаш» көсемдерінің қызметі
---------------------	--------------------	-----------------------------

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

### ЖАЗЫЛЫМ

**11-тапсырма.** Берілген күрделі сөздердің қазақ және орыс тіліндегі нұсқаларын сәйкестендір.

Алаш орда үкіметі	<i>Личность политического деятеля</i>
Кемеңгер адам	<i>Выдающиеся ученый</i>
Саясаткер тұлғасы	<i>Вождь Алаш орды</i>
<b>Биік тағылым</b>	<i>Мудрый человек</i>
Көрнекті ғалым	<i>Огромный урок</i>
Айқын мақсат	<i>Алаш ординская власть</i>
Алаш орда көсемі	<i>Конкретная цель</i>



### ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**12-тапсырма.** Мәтіннен не түсінгеніңді айт. Деректер мен мәліметтерді қолдан. 15 наурыз, «Қамшы» ақпараттық агенттігі, ас, мұражай-үй, 37 жыл, 80 жыл, танымал журналист.

### ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**13-тапсырма.** Әртүрлі дереккөздерден «Алаш орда» үкіметі туралы ақпарат тауып оқы. Алаш қайраткерлері туралы өз ойыңды эссе түрінде жаз.

### ЕСТЕ САҚТА!

XX ғасырдың басында «Алаш орда» үкіметі құрылды. Оның құрамында көрнекті ғалымдар, кемеңгер тұлғалар болды. Олар алдына айқын мақсат қойды, «Алаш» автономиясын құрды.

# Ахмет Байтұрсынұлы — ұлт ұстазы

3-4-  
сабақтар

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Ахмет Байтұрсынұлының аты саған таныс па?
2. Ахмет Байтұрсынұлы қай салада еңбек еткен?
3. Алматыдағы Ахмет Байтұрсынұлы мұражайына барып көрдің бе?
4. Ахмет Байтұрсынұлы атында тағы қандай нысандар бар?

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 2-тапсырма. Суретте кім бейнеленген? Сурет бойынша сипаттамалық мәтін құрап жаз. Мәтінде ауыспалы мағыналы сөздер мен синонимдерді, фразеологизмдерді қолдан.



Ағартушы ғалым қазақ тілі грамматикасына, әдебиеттануға қатысты қазақша термин жасады. Мысалы, *зат есім*, *сын есім*, *етістік*, *есімдік*, *одағай*, *үстеу*, *шылау*, *бастауыш*, *баяндауыш*, *жай сөйлем*, *құрмалас сөйлем*, *қаратпа сөз*, т.б. лингвистикалық атаулардың баршасы Ахмет Байтұрсынұлынікі.

## ЖАЗЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Берілген сөздер мен сөз тіркестерін мағынасына қарай сәйкестендіріп, сөйлем құрап жаз.

Ахмет Байтұрсынұлы —	қазақ лингвистикасының терминдерін ұсынды
Алматыда ғалымның	алаш көсемдерінің бірі
Ғалым алғаш рет	араб жазуы негізінде жасады
Ол қазақ әліпбиін	деген атаққа ие болған тұлға
Ол «Ұлт ұстазы»	мұражай-үйі бар

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС



## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Мәтінді оқы. Стилін анықта. Сөзіңді дәлелде.

Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылы 5 қыргүйекте Қостанай облысы «Сартүбек» деген жерде дүниеге келген. Әкесі Байтұрсын Шошақұлы ел арасында беделді, қайратты кісі болған. Табиғатынан аса дарынды туған бала Ахмет 1882-1884 жылдары өз бетінше хат танып, кейін ауыл мектебінде сауат ашады. 1886-1891 жылдары Торғай қаласындағы екі сыныптық мектепте, 1891-1895 жылдары Орынбордағы мұғалімдер даярлайтын мектепте оқиды.

1895-1909 жылдары бала оқытады. 1905 жылдан саясатқа араласты. Ол жер мәселесі жөнінде патшаның атына хат жазушылардың бірі болады. Патша өкіметіне наразылығы үшін 1907, 1909 жылдары абақтыға айдалады. 1910 жылы Орынбор қаласына жер аударылады.

1909 жылы «Қырық мысал» жинағын шығарады. «Маса» жинағы А. Байтұрсынұлының ағартушылық, демократтық, гуманистік идеяларын халыққа жеткізеді.

1913 жылдан 1918 жылға дейін М. Дулатовпен бірге «Қазақ» газетін шығарады. Саяси мақалалары үшін А. Байтұрсынұлы бірнеше рет түрмеге жабылады. Патша тақтан түскен соң Ахмет қазақ зиялыларымен бірігіп, «Алаш» партиясын құрады. Ғалым ІІ жалпықазақ съезінде Оқу-ағарту комиссиясын басқарады.

Ахмет Байтұрсынұлы 1929-1937 жылдары репрессияға ілігіп, 1938 жылы жазықсыз атылды.

## ЖАЗЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Сөздіктердің көмегімен мәтіндегі таныс емес сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын анықтап жаз.

## ЖАЗЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Мәтін мазмұнына сүйеніп, Ахмет Байтұрсынұлының түйіндемесін жаз.

## АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Мәтін мазмұны бойынша парталас досың екеуің диалог құрыңдар. Диалогте термин сөздер мен деректерді, демеулік шылауларды дұрыс қолданыңдар.

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Ахмет Байтұрсынұлының білімге, ғылымға қатысты еңбектері туралы дереккөздерден ақпарат тап. «Ұлт ұстазы» тақырыбында эссе жаз.



## ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Мәтінді тыңда. А. Байтұрсынұлы мұражайына қатысты ақпаратты айт.



## ОЙТАРАЗЫ

### ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Әртүрлі дереккөздердегі ақпараттарды пайдаланып, «А.Байтұрсынұлы атындағы нысандар» тақырыбында постер құра. **Жұмысыңды таныстыр.** Онда сәлемдесуге, танысуға, өтініш айтуға байланысты этикет сөздерді қолдан.

### ЕСТЕ САҚТА!

Табиғатынан аса дарынды бала Ахмет 1882-1884 жылдары өз бетінше хат танып, кейін ауыл мектебінен де сауат ашады. Орынбордағы мұғалімдер даярлайтын мектепте оқиды. «Алаш» көсемдерінің бірі болды. Бірнеше рет түрмеге қамалды. Ағартушы қайраткер тіл білімі, әдебиеттану ғылымдарын қалыптастырды.

### ЖАЗЫЛЫМ

**11-тапсырма.** «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап бер.

1. Бүгін не үйрендің?
2. Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?
3. Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

# Махамбет Өтемісұлы

5-6-  
сабақтар

## ЖАҢА СӨЗДЕР

қолбасшы, рухани көсемі,  
көтеріліс, жебе

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС


### АЙТЫЛЫМ

#### 1-тапсырма. Сұрақтар бойынша ой бөлісіңдер.

1. Сенің ойыңша, халық қандай жағдайда көтеріліске шығады?
2. Көтеріліске шыққандар үшін жазаның қандай түрлері бар?
3. Осы сабақтың тақырыбы саған қандай ой салады?

### АЙТЫЛЫМ

#### 2-тапсырма. Суретте кімдер бейнеленген? Тұлғалардың сабақ тақырыбына қандай қатысы болуы мүмкін?



Махамбет Өтемісұлы



Исатай Тайманұлы



Жәңгір хан

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 3-тапсырма. Әртүрлі дереккөздерден Махамбеттің Исатаймен достығы туралы жазылған мәліметтерді жина. Олардың біреуі туралы өз ойыңды кеңірек айт.

**4-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Оқы. Мәтіннің стилін анықта. Сөзіңді дәлелде.

Мен — мен едім, мен едім!  
 Мен Нарында жүргенде  
**Еңіреген ер** едім.  
 Исатайдың барында  
**Екі тарлан бөрі** едім.  
 Қай қазақтан кем едім?  
 Бір қазақпен тең едім.  
 Өздеріңдей хандардың,  
**Қарны жуан билердің**  
**Басын** кессем деп едім!

Еділдің бойы — **ен тоғай**,  
 Ел қондырсам деп едім.  
 Жағалай жатқан сол елге  
**Мал толтырсам деп едім.**

Мен — мен едім, мен едім!  
 Мен Нарында жүргенде  
 Еңіреген ер едім.  
 Исатайдың барында  
**Екі тарлан бөрі** едім.  
 Ерегіскен дұшпанға  
 Қызыл **сырлы жебе** едім.  
 Жақсыларға еп едім,  
 Жамандарға көп едім.  
 Хан баласы — ақсүйек,  
 Ежелден табан аңдысқан  
 Ата дұшпан сен едің,  
 Ата жауың мен едім.  
 Ежелгі дұшпан ел болмас,  
 Етектен кесіп жең болмас!

*М. Өтемісұлынан*

**ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ**

**5-тапсырма.** Мәтін бойынша қою қаріппен жазылған сөздермен сөздік жұмысын жаса. Жаңа сөздерді қатыстырып сөйлем құрап айт.

**ЖАЗЫЛЫМ**

**6-тапсырма.** Мәтін мазмұны бойынша жоспар құр. Әр абзацтағы тірек сөздерді анықта.

**АЙТЫЛЫМ**

**7-тапсырма.** Жұптық жұмыс. Мәтін бойынша бір-біріңе сұрақ қойыңдар. Сұрақта жаңа сөздерді қолданыңдар.

**ЖАЗЫЛЫМ**

**8-тапсырма.** Өлең мазмұнына сүйеніп, оның авторы Махамбет Өтемісұлына мінездеме жаз.

Данный экземпляр учебника выдан по запросу МОН РК (13-2/048 от 10.09.2019). Все права на учебник принадлежат издательству "Кенжиик-Горизонт"/защитены законом об авторском праве. Печать и распространение учебника и его частей запрещены без письменного согласия правообладателя" (ст. 198 УК РК от 100 МРП до 7 лет лишения свободы).

Данный экземпляр учебника выдан по запросу МОН РК (13-2/048 от 10.09.2019). Все права на учебник принадлежат издательству "Кенжиик-Горизонт"/защитены законом об авторском праве. Печать и распространение учебника и его частей запрещены без письменного согласия правообладателя" (ст. 198 УК РК от 100 МРП до 7 лет лишения свободы).

## ЖАЗЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Төменде берілген тірек сөздерді қолданып, батырлардың арасындағы достық туралы эссе жаз.

**Тірек сөздер:** батыр, сарбаз, қолбасшы жебе, көтеріліс, ұлт-азаттық қозғалыс, қатысу және т.б.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Махамбет туралы фильм түсіруің керек болса, қандай фильм түсірер едің? Болашақ фильміңнің идеясын, жанрын ойлан, айт.

## ЖАЗЫЛЫМ

ОЙТАРАЗЫ

**11-тапсырма.** «Менің сабақтан кейінгі әсерім» кестесін толтырыңдар.

Қандай ой пайда болды?	Не сезіндім?	Не ұнады?

## ЕСТЕ САҚТА!

Махамбет көтерілістен кейін өте жігерлі, рухы күшті «Мен едім» деген толғауын шығарды. Ол ақсүйектерге, ел билеген «қарны жуан» билерге қарсы шықты. Исатай бастаған үлкен көтерілістің тарихы Махамбет өлеңдері арқылы бізге жетті.

# Тәкен Әліқұлов – шебер жазушы

7-8-  
сабақтар

## ЖАҢА СӨЗДЕР

*таныл, ішкі, сыртқы,  
бұрмалаушылық*

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Қандай қазақ жазушыларын білесің?
2. «Халық жазушысы» деген қандай атақ?
3. Тарихи тақырыптағы қандай шығармаларды оқыдың?

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 2-тапсырма. Суретке қара. Бүгінгі сабақтың тақырыбына ескерткіштің қандай қатысы болуы мүмкін? Өз болжамыңды айт.



### АЙТЫЛЫМ

#### 3-тапсырма. Әртүрлі дереккөздерден қазақ әдебиетіндегі тарихи тұлғалар жайлы жазылған шығармалар туралы ақпарат жина. Олардың біреуі туралы кеңірек айт.


**4-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Оқы. Стилін анықта. Сөзіңді дәлелде.

Тәкен (Тәңірберген) Әлімқұлов (22.11.1918, Созақ ауданы, Бабата ауылы — 13.4.1987, Алматы) — ақын, жазушы, әдебиет сыншысы. Мәскеудегі Әдебиет институтын бітірген (1953). Шығармалары 1945 жылдан жариялана бастады. Сол кезден жазушы ретінде танылды.

Алғашқы өлеңдер жинағы «Сапар» 1950 жылы жарық көрді. Жазушы шығармаларының негізгі тақырыбы — ауыл тіршілігі, адам тағдыры, өнер қайраткерлерінің өмірі. Ол қоғамдағы жалғандыққа, бұрмалаушылыққа көнбеді. Адамның ішкі табиғаты мен сыртқы әрекетіндегі қайшылықтарды көркем шығармаға арқау етті.

Жазушы Абай, Махамбет секілді тарихи тұлғалардың өмірі жайлы көркем шығармалар жазды.

«Халықтар достығы» орденімен марапатталған (1978).



**ЖАЗЫЛЫМ**

**5-тапсырма.** Мәтін мазмұны бойынша конспект жаз.

**ЖАЗЫЛЫМ**

**6-тапсырма.** Мәтін ғылыми стиль жанрына жатады. Осы мәтінді публицистикалық стильде қайта «өңдеп» жаз. Екі мәтіннің тілдік ерекшеліктерін салыстырып, талда.

**АЙТЫЛЫМ**

**7-тапсырма.** Рөлдік ойын. Мәтін мазмұны бойынша бірің тележүргізуші, екіншің жазушының рөлінде шағын сұхбат құрыңдар.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Мәтіннен жаңа сөздерді тауып жаз. Мүмкіндігіне қарай синонимдерін, антонимдерін айт.

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Оқы. Екі мәтінді салыстыр. Қайсысы қандай стильде жазылған? Айырмашылығы неден көрінеді? Салыстыр. Ойыңды дәлелде.

Бүгін қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, кесек тұлғалы, қайсар мінезді наркескен, «шындықтың шырақшысы» атанған, халқы «аға» деп сүйіспеншілікпен әспеттеген Тәкен Әлімқұлов 80 жасқа толып отыр. Қазақ сөз өнері өлкесінде соны із салып, талай өрімдей жастың бағын ашқан, туған әдебиетімізде де өзінің қайталанбас талантымен олжа салған сөз зергері Тәкен ағаның тойы бүгін туған жерінде қаламдас достары мен зиялы қауымның, жерлестерінің бас қосуымен Созақ жерінде үлкен салтанатпен аталып өткелі отыр. Жазушының кіндік кескен жерінде жазушы тойы бұдан көп бұрын басталып кеткен еді.

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, жазушы Тәкен Әлімқұлов 80 жасқа толды. Қазақ әдебиетінде өз қолтаңбасы қалған, көп шәкірт тәрбиелеген қаламгердің тойы туған жерінде, Созақта, тойлануда. Бұл той туған жерінде бұрын басталған еді.

## АЙТЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Сөйлемдерді толықтыр.

- Маған ... қиын болды.
- Мен ... тапсырмаларын орындадым.
- Мен ... екенін түсіндім.
- Мен ... үйрендім.
- Мені ... таң ғалдырды.

## ЕСТЕ САҚТА!

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, жазушы Тәкен Әлімқұлов аса ірі тарихи тұлғалар Абай мен Махамбеттің бейнесін сомдады. Тарихи оқиғаларды шынайы суреттеді. Оның көркем шығармаларында заман шындығы көрінеді.

# Қараой

9-10-  
сабақтар

## ЖАҢА СӨЗДЕР

сұлтан, айып, өсиет, іскерлік,  
таныл

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Қазақ тарихындағы қандай батырларды білесің?
2. «Әрі батыр, әрі ақын» атанған қандай тұлғаларды білесің?

### АЙТЫЛЫМ

#### 2-тапсырма. Әртүрлі дереккөздерден ар, ұят, намыс туралы мақал-мәтелдерді тап. Олардың біреуінің мағынасын таратып айт.

### ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

#### 3-тапсырма. Суретке қара. Ақпарат көздерінен осы суретке, сурет авторына қатысты мәліметтерді тап. Оны сабақ тақырыбымен байланыстырып айт. Демеулік шылауларды қолдан.



**4-тапсырма.** Мәтінді оқы.

**Әңгіменің фабуласы:** асыл туған ер Махамбетті өз туысы сатқындықпен өлтіреді.

**Әңгіменің қысқаша желісі:** Махамбеттің Исатайдан айырылғанына сегіз жыл үш ай. Махамбеттің елден аулақ, Қараойда жалғыз отырғанына да үш ай. Екі көзі ауылдан келетін жолда. Осыдан біраз бұрын туысы Ықылас сенімді кісілерді ертіп келетінін айтып кеткен. Махамбет оған не сенерін, не сенбесін білмей қатты алаңдаулы. Баймағамбет сұлтанның жансыздарын Ықылас бастап ақынның жалғыз үйіне алып келеді. Ақынды жабылып, ұрып өлтіреді... Махамбеттің өлеңі өсиетті, өмірі тағылымды. Ол дұшпанға бас иемей кетті...

Махамбеттің үй іші шулап қалды.

Махамбет **тілге келмей** кетті. Бірақ талайға дейін жүрегі дүрсілдеп, миы шыңылдап, бүкіл өмірі **көз алдынан өтіп** жатты. Ақырғы сөзі «Әуес» болса, ақырғы ойы «Қайран халқым!» деген екі сөзге сыйды. **Жан тәсілім қыларда** қанталаған қой көзін кең ашты. **Жарық дүниемен** қоштасып, Қараоймен арыздасты. Ұзақ **жолдың түйіні** қысқа екенін бірінші рет біліп бара жатты...

Жаңаберген би байлаулы аттарына келе жатты. **Түсі өрт сөндіргендей.** Тісі опырылып қалған Ықылас:

— Жақа, боталы түйені сіз жетектеңіз! — деп еді, ашулы би:

— **Бүлінгеннен бүлдіргі алма!** Менің ісім бітті, — деді.

Ықылас Махамбеттің атын мінгенде би тағы **ашу шақырды:**

— Е, немене, қолыңдағы бастың **құны** аз ба?! **Жетімектеріне** қалдыр!

— Сұлтанның әмірі осылай, биенек!

Жаңаберген би **жым болды.** Махамбеттің жүйрік аты **қарабеттің** астында кетіп барады...

Т. Әлімқұлов

**ЖАЗЫЛЫМ**

**5-тапсырма.** Мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын анықта. Мәтін жанрын ажырат. Сөзіңді дәлелде.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Мәтін бойынша түзілген жоспардың дұрыстығын тексер. Керекті тірек сөздерді жаз. Әр тақырыпша бойынша түсінгеніңді айт.

Махамбеттің өлімі	Жаңаберген би
Соңғы сөз, соңғы ой	Батырдың тұлпары
Жарық дүниемен қоштасу	Сұлтанның тапсырмасы
Дүниені бөлісу	Қараой қасіреті

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Мәтіннің стилін анықта. Кестені толтыр. Сөзіңді дәлелде.

мақсаты	қолданылатын орны	сипаты	тілдік құралдары

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Мәтіндегі баяндау, сипаттау, пайымдау түрінде жазылған бөліктерді тауып оқы. Олардың бір-бірінен айырмашылығын түсіндір.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Мәтінді оқы. Түсінгеніңді айт.



М. Өтемісұлы



И. Тайманұлы

Еділ, Жайық — екі су,  
Бұл қазақтың жері еді,  
Исатай мен Махамбет —  
Аруақты туған ер еді.  
Бір қазақтың ерлігі  
Махамбеттен асты ма?

Мұрат Мөңкеұлы.

## АЙТЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Сұрақтарды қолданып, диалог құрыңдар.

1. Тәкен Әлімқұловтың «Қараой» әңгімесінің басты кейіпкері туралы не айта аласың?
2. Махамбет Өтемісұлы кім? Оның Баймағамбет сұлтанмен қандай байланысы бар?
3. Махамбет жайлы жазылған тағы қандай шығарманы білесің?

## ЖАЗЫЛЫМ

### 11-тапсырма. «Менің сабақтан кейінгі әсерім» кестесін толтыр.

**Жағдаят:** өзің оқитын мектепте Махамбет Өтемісұлы атындағы сынып ашу керек. Осы мәселені айтып, мектеп директорының атына ресми хат жазыңдар.

**Қажет сөздер:** мектеп директоры, сынып, оқушылары атынан, өтініш, құрметті, жас ұрпақ, үлгі, таныл, өсиет, тағылым, рұқсат, сұраймыз.

## ОЙТАРАЗЫ

## ЖАЗЫЛЫМ

### 12-тапсырма. «Менің сабақтан кейінгі әсерім» кестесін толтыр.

Қандай ой пайда болды?	Не сезіндім?	Не ұнады?

## ЕСТЕ САҚТА!


Махамбеттің жақын туысы Ықылас оны алдап қақпанға түсіреді. Қапыда ақынды өлтіреді.

11-12-  
сабақтар

# Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Оқылған мәтіндер бойынша «Алаш» көсемдерінің бойындағы қасиеттерді диаграмма түрінде жаз. Диаграммаға сүйеніп, ұлт қайраткерлерінің қалыптасу жолы туралы өз ойыңды айт.



## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Топтық жұмыс. «Алаш» көсемдерінің еңбегі жөнінде 1-топ сөйлеу стилінде; 2-топ көркем әдебиет стилінде; 3-топ публицистикалық стильде шағын мәтін жазсын. Олардың тілдік ерекшеліктерін талдаңдар.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Жағдаят: «Алаш орданың» құрылғанына 100 жыл толды. «Алаш» арыстарына арналған оқу кабинетін безендіру сендерге тапсырылды. Топ болып не істейтіндеріңді жоспарлаңдар. Кім не істейтінін анықтаңдар.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Махамбеттің өмірі мен шығармашылығы туралы реферат-баяндама әзірле. Жасаған жұмысыңды слайдпен көрсетіп, сынып алдында қорға.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**5-тапсырма.** «Тарихи тұлғалар тағылымы» тақырыбы бойынша алған білімдеріңді қорытындылап, «Тарих тағылымы» тақырыбында тәрбие сағатын өткізіңдер. Тәрбие сағатының жоспарын құрыңдар.

### БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

Отан үшін отқа түс, күймейсің.

*Б.Момышұлы*

Сұңқардан сұңқар туады,

Ата жолын қуады.

*Халық даналығы*

# 8

## ҚЫЗЫМ — жағадағы құндызым, ҰЛЫМ — аспандағы жұлдызым «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жыры (үзінді)

### ОҚУШЫ, ОСЫ ТАҚЫРЫПТЫ ОҚУ БАРЫСЫНДА СЕН

- поэзиялық шығарманы тыңдап, идеясы мен тақырыбын анықтауды;
- пікірталаста өз пікірлерін сенімді дәлелдеп, сұрақтарға жауап беруді;
- кейіпкердің іс-әрекетіне баға беруді;
- берілген мәтінге пікір жазуды;
- демеулік шылаулардың қызметін білуді үйренесің.

## Ұлым — аспандағы жұлдызым

1-2-  
сабақтар

### ЖАҢА СӨЗДЕР

*мүшел, тәлім-тәрбие,  
имандылық, алғыр, перзент,  
ардақта, еңбексүйгіш, саналы,  
жеткіншек, отау*

### МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС


#### ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Сенің ойыңша, жігіт (ұл бала) қандай болуы керек? Диаграмманы толтырып, пікіріңді дәлелдеп айт.

#### ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Мақал-мәтелді оқы. Түсіндіріп айт.

- Жігіт жолдасынан белгілі.
- Жігіттің түсін айтпа, ісін айт.
- Жігіт сегіз қырлы, бір сырлы болсын.
- Ер жігіттің екі айтқаны — өлгені.
- Ерді намыс өлтіреді, қоянды қамыс өлтіреді.



## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Мәтінді оқы. Түсінгеніңді баянда.

Қазақ халқы адамның жасын мүшелмен есептеген. Бірінші мүшелге толған жеткіншекке үлкен сенім артқан.

Қазақ халқы ұл балаға ертеңгі абыройлы әке, елін қорғайтын батыр, ұлтының қамын ойлайтын еңбексүйгіш перзент ретінде тәлім-тәрбие берген. Ұл баланы өте **әділ, қайсар, өнерлі, білімді, алғыр** азамат етіп тәрбиелеген. Қазақта ұл шаңырақ иесі саналады. Қазақ отбасында жасы кішісі үлкеніне «сен» деп сөйлемеген. «Ата тұрып, ұл сөйлегеннен без, Ана тұрып, қыз сөйлегеннен без», — деп, ата-ананы ардақтауға, имандылыққа үйреткен.

«Әке көрген оқ жонар...», — деп, әкелер білетін өнерін ұлдарына үйреткен. Оларды мерген, аңшы, яғни сегіз қырлы, бір сыр-

лы жігіт етіп тәрбиелеген. «Өнерлі жігіт өрге озар, өнерсіз жігіт жер соғар», — деп өнерлі болуға, «Ерді намыс өлтіреді, қоянды қамыс өлтіреді», «Ерлік білекте емес, жүректе», — деп **қайратты, саналы** жігіт боп өсуіне мән берген. «Ақыл — жастан, асыл — тас-тан», — деп, өзіне ерекше сенімді болуды үйреткен.

Дүниеге ұл келсе: «Шаңырақ иесі туды!» — деп той жасаған. Отбасындағы ер баланың өз орны бар. Мысалы, тұңғыш ұл кейінгі іні-қарындастарының қамқоршысы, ата-анасының көмекшісі, оны «Ағасы бардың жағасы бар» деп құрметтеген. Кенже ұлды «шаңырақ иесі» деп қадірлеген. Кенже ұл әкешешенің қолында қалып, оларды баққан.

*«Ана тілі» газетінен*

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Мәтіндегі қою қаріппен берілген сөздердің орнына антонимін қойып жаз. Мәтіннің мазмұны қалай өзгергенін түсіндіріп айт.

## АЙТЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Мәтіннен өзіңе ұнаған бір нақыл сөзді тақырып ретінде таңдап алып, көршіңмен 14–16 үнқатымнан тұратын сұхбат құр.

## ЖАЗЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Мәтін бойынша «Қос жазба» күнделігін толтыр. Түсіндір.

Үзінді	Түсініктеме
Әке көрген оқ жонар	Әкесі баласына бар білетін өнерін үйретеді. Әкесінен үйренген затын бала да болашақта қолданады.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Батаны оқы. Жаттап ал. Сөйлемге синтаксистік талдау жаса.

Ал батамды берейін:  
Арта берсін мерейің!  
Басыңа бұлт қонбасын,  
Өмір гүлің солмасын!  
Төбеңе күн ұялап,

Тірлігіңді оңдасын!  
Қиындыққа қайыспа,  
Арың болсын жолдасың!  
Судай тасып дәулетің,  
Еш жамандық болмасын!

*Әсет Найманбайұлы*



## ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Диалогті тыңда. Түсінгеніңді баянда. Сенің ойыңша, Марат інісіне қай атты таңдады? Болжап айт.

## АЙТЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Суреттерді пайдаланып, әңгіме құра.



## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## АЙТЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Қою қаріппен берілген сөздерге сұрақ қой. Қандай сөйлем мүшесінің қызметін атқарып тұрғанын айт.

Он екі жыл **бір** айналғанда мүшел болады. 2. 13 жас **бірінші** мүшел болып есептеледі. 3. Ұл **баланы** «он үште – отау иесі» санаған. 4. Он үш жаста ер балалардың **даусы** жуандап, сүйегі іріленеді. 5. Бала **дүниеге келгеннен** кейін атасы мен әжесі немесе ауыл ақсақалы балаға ат қояды. 6. Ат қоюшы адам баланың **құлағына:** «Сенің атың ...», — деп, үш рет айғайлайды.

*Үлгі: Он екі жыл бір айналғанда мүшел болады – неше? (сөйлемде анықтауыштың қызметін атқарып тұр)*

## ЖАЗЫЛЫМ

**11-тапсырма.** Демеулік шылауларды пайдаланып, сөйлем құра.

тек, -ақ, ғана, -ай, -ау, -мыс.

### ЕСТЕ САҚТА!

Ұл бала қайсар, намысшыл болуы тиіс. Ол әрқашан да өз отанын қорғауға дайын болуы керек. Ұлдар қыздарға қамқор болуы тиіс.

# Қызым — жазағазы қыздызым

3-4-  
сабақтар

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### ЖАЗЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды қойып, мақал-мәтелді жаз.

- Қыз — ауыл... көркі,  
Жігіт — ауыл... серті.
- Ана... көріп, қызын ал,  
Ата... көріп, қыз... бер.
- Қыз қылы... сүйкімді,  
Ұл әдебі... сүйкімді.



## ЖАҢА СӨЗДЕР

*абырой, жасөспірім, келін, ибалы, қылық, бойжеткен, тектілік, қылықты, жеңге, ізетті*

## АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Суреттерге қара. Саған қай қыздың киімі ұнайды? Не себепті?

**3-тапсырма.** Мәтінді оқы. Мәтінге тақырып қой. Жоспар құр.

Қазақ халқы: «Қыз жат жұртық», — деп, қыздарын ерекше құрметтеген.


Қыздың абыройын жоғары бағалап, «оның ибалы болуына анасы жауапты» деп санаған. Өсіп келе жатқан жасөспірім қыздың бойында ізетті болу, әсем киіну, әкесін күту, анасын сыйлау, дөрекі сөйлемей, қабақ шытпай жүру, үлкеннің алдынан кесіп өтпеу, ұқыпты болу, өсек айтпау, бала тәрбиесін білу, ұлттық дәстүрлерді сақтау, ана тілін құрметтеу тәрізді қасиеттер болуы керек. Болашақта басқа үйге келін болып баратынын да назарда ұстап, үй тіршілігіне қажетті жұмыстарды үйреткен (Ә. Табылдыев).

Қазақ халқы ұл баламен бірге қыздың тәрбиесіне де ерекше мән берген.

Қыз баланың ары мен абыройын, сыры мен сымбатын сақтауға көп көңіл бөліп, «Бір ұл тәрбиелесең — бір әулетті тәрбиелегенің, бір қыз тәрбиелесең — бір ұрпақты тәрбиелегенің» деген қағиданы ұстанған. Қазақ халқы: «Қыз баланың қадір-қасиеті мен қылығы ұлттың ұлылығын танытады», — деп есептеген. Ізетті, сыпайы, мейірімді әрі өнерлі болуын үнемі қадағалап отырған. Еркін ұстаған, бірақ тым еркіне жібермеген. «Қызға қырық үйден тью», — деп, әр басқан қадамын бақылап отырған. Қызды жалғыз жібермеген, оның жанында жеңгесі қоса жүрген («Айқын» газетінен).

**ЖАЗЫЛЫМ**

**4-тапсырма.** Екі мәтіндегі ақпаратты салыстыр. Мәтін мазмұнындағы ұқсастық пен айырмашылықты Венн диаграммасына түсір. Ойыңды дәлелдеп айт. Мәтін мазмұны бойынша пікір жаз. Мәтінде қыз баланың тәрбиесіне байланысты барлық ақпарат қамтылған ба? Пікіріңде осы мәселелерді ескер.



## ЖАЗЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Мәтінді мағыналық бөлікке бөліп, әр бөлігіне тақырып қой. Әр бөлік бойынша екі сұрақтан дайында.

Кіріспе бөлім

Негізгі бөлім

Қорытынды бөлім

## ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Мұқағали Мақатаевтың өлеңін тыңда. Ақын өлеңінде қандай қарындас туралы жырлаған? Ақын өлеңіндегі қыздар туралы айт.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Топтық жұмыс. Ойбөліс. Мәтіндегі деректер мен қосымша дереккөздердегі ақпараттарды пайдалана отырып, «Қыз бала қандай болуы керек?» тақырыбында ой бөлісіңдер.

### Ойбөліске қойылатын талаптар:

- тақырыптан ауытқымау;
- регламент сақтау;
- сөз әдебін сақтау;
- тіл сауаттылығы;
- мақал-мәтел, фразеологиялық тіркестерді қолдану;
- өзіндік ойы мен көзқарастарын жүйелі жеткізу.

## ЖАЗЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Адасқан сөздерді сөйлемнің мағынасы мен орын тәртібіне байланысты орналастырып жаз.

- Жанары Мен қалам жайраңдаған қыздарына қазақ жаздай қайран, жаны.
- Қыз қайран көркі деген, Қапысыз қалай өссе елдің айтқан сөзді бабам.
- Намысын қолдан үшін атқа бермеу жатқа аз Арулар болды ма қонған.
- Көңілде сыз бар қалған өткен бар Өмірде Ақтабаннан қалған күннен із.

- Жасырмай қанша болсам сырымды айтар Тағдырың жан қарауылға ілінді.
- Ерліктің деп білем мен Аяулы Әлия қос мен Мәншүгімді қанаты.

## АЙТЫЛЫМ

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

### 9-тапсырма. Диалогті толықтырыңдар.

- .....
- Қазақ халқы қызды ерекше құрметтеген. Неге?
- Өйткені .....
- Саған қазіргі қыздардың киім үлгісі ұнай ма?
- Жоқ. Себебі ..... Саған ше?
- Маған ұлттық киімдер ұнайды. Қазіргі заманға лайықталып тігілген сән үлгілері өте әдемі. Бірақ .....
- Солай ма? Екеуіміздің ойымыз бір жерден шықты. Маған да .....

## ЖАЗЫЛЫМ

### 10-тапсырма. *Ізетті, ибалы, бойжеткен, жасөспірім, келін, қылықты, абырой сөздеріне демеулік шылауларды тіркестіріп, сөйлем құра.*

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 11-тапсырма. Мәтіннен өзің маңызды санайтын сөйлемдерді теріп жазып, себебін түсіндір.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 12-тапсырма. «Қазақ қызы» институтының <http://www.kazkyz.kz> сайтындағы ақпаратпен таныс. Институттың өзіңе ұнаған бағдарламасы бойынша тұсаунесер дайында.



## ЕСТЕ САҚТА!

Біз бүгін қыз баланың тәрбиесі туралы көп ақпарат алдық. Мақал-мәтелдер, өлең үйрендік. Қыз баланы құрметтеу, қадірлеу керек.

# Халық ауыз әдебиеті

5-6-  
сабақтар


## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

## ЖАҢА СӨЗДЕР

*махаббат, сезім, құрбы-құрдас,  
ар-ұят, қалыңдық*

## АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Сурет бойынша мәтін құра. Суреттерге ортақ тақырып қой. Себебін түсіндір.



## ЖАЗЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Сөздерден сөйлем құра.

Ер жігіт, қайсар қыз, бала тәрбиесі, шаңырақ иесі, өнерлі бала, төрге отырғызу, ертегі тыңдау, арқасүйер, қорған болу.

## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

**3-тапсырма.** Мәтінді оқы. Түсінгеніңді баянда.

Ауыз әдебиеті — халықтың ауызша таратып отырған асыл мұрасы. Онда халықтың ғасырлар бойы басынан кешірген тарихи оқиғалары, ерлік, батырлық, махаббат туралы ойлары, салт-дәстүрі жырланады. Ауыз әдебиеті — талай ғасырлардың жемісі. Халық ауыз әдебиетінің тұрмыс-салт жырлары, мақал-мәтелдер мен жұмбақтар, ертегілер, эпостық жырлар, лиро-эпостық жырлар, айтыс өлеңдері, тарихи жырлар, шешендік сөздер және т. б. түрлері бар.

Ауыз әдебиетіндегі тұрмыс-салт жырлары, көңіл күйі, сезімді білдіретін қара өлеңдер мен ән мәтіндері лирикалық жанрға, ал ертегілер, аңыз ертегілер, батырлар жыры эпостық жанрға жатады. Ауыз әдебиетінің жазба әдебиеттен айырмашылығы — ауыз әдебиетінің белгілі бір авторы жоқ. Басында оларды шығарған ақын-жыраулар болған, бірақ уақыт өткен сайын олар ұмытылып, халықтық шығармаға айналған.

*Т. Ақшолақов*

## ЖАЗЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Жақша ішіндегі сөздерді қажет тұлғада қойып, сөйлемнің мағынасы мен орын тәртібіне байланысты орналастырып жаз.

1. Ауыз (автор) (әдебиет) жазба (айырмашылық) ауыз (әдебиет) әдебиетінің белгілі бір жоқ. 2. Ауыз (әдебиет) тұрмыс-салт (жыр) лирикалық жатады жанрға. 3. Ауыз әдебиетінде (халық) ғасырлар бойы кешірген (бас) жырланады оқиғалары. 4. Ауыз әдебиеті жемісі (ғасыр) талай.

## АЙТЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Мақал-мәтелдерге бірнеше нұсқада сұрақ қой. Мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндір.

Қызым, саған айтам, келінім, сен тыңда. Өнерді үйрен, үйрен де жирен. Досыңа өтірік айтпа, дұшпаныңа сырыңды айтпа. Ақылды мақтанса, істі тындырар, ақылсыз мақтанса, аяғын сындырар. Досы көпті жау алмайды, Ақылы көпті жау алмайды. Ата — баланың қорғаны. Балаң жаман болса, көрінгеннің мазағы. Семіздікті қой ғана көтереді.



## ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. Ауыз әдебиетінде қандай сөздер кездеседі?
2. Ертегілер қандай сөздермен басталады?
3. Тұрмыс-салт өлеңдерінде не туралы жырланады?
5. Мақал-мәтелдерде қандай тақырыптар қамтылған?

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** <http://kitap.kz> сайтынан «Қалыңдық» мультфильмін көр. Кейіпкерлерге баға бер. Алдаркөсе байларды қалай алдады? Айтып бер.

## ЖАЗЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Мен «Халық ауыз әдебиеті — халықтың асыл мұрасы» деген тақырыпта шығарма жаздым. Шығармамда халық ауыз әдебиетін білу арқылы өткен тарихты білуге болатыны, мақал-мәтелдерді көп білу тілдік қорымызды байытатыны туралы жаздым. Шығармамда 20 сөйлем жаздым.

- *Ол қандай сөйлемдер жазуы мүмкін? Жазып көр.*



## АЙТЫЛЫМ

**9-тапсырма.** 5-тапсырмадағы мақал-мәтелдердің біреуін тақырып ретінде алып, ойбөліс өткізіңдер. Суреттерді пайдаланыңдар.

### ЕСТЕ САҚТА!

Халық ауыз әдебиеті — ауызша жеткен халық мұрасы. Ауыз әдебиетін білу арқылы сөздік қорымызды байытамыз. Маған қазақтың шешендік сөздері ұнайды.

# Лирико-эпостық жырлар

7-8-  
сабақтар

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

## ЖАҢА СӨЗДЕР

туынды, сүйіспеншілік,  
шежіре

## АЙТЫЛЫМ

### 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Халық ауыз әдебиеті қандай мұра?
2. Халық ауыз әдебиетінің қандай түрлері бар?
3. Сен қандай ертегілерді білесің?
4. Ең сүйікті ертегің қалай аталады?
5. Ол ертегі саған не себепті ұнайды?

## ЖАЗЫЛЫМ

### 2-тапсырма. Қажет етістіктерді қойып, мақал-мәтелдерді жаз.

- Ел үмітін ер \_\_\_\_\_ ,  
Ер атағын ел \_\_\_\_\_ .
- Ер жігіт елі үшін \_\_\_\_\_ ,  
Елі үшін \_\_\_\_\_ .
- Атаның баласы \_\_\_\_\_ ,  
Адамның баласы \_\_\_\_\_ .
- Ақылды адам айтқызбай \_\_\_\_\_ .

**Қажет етістіктер:** туады, біледі, ақтар, бол, сақтар, өледі, болма.

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

## ОҚЫЛЫМ

### 3-тапсырма. Мәтінді оқы. Тақырып қой.

Лирико-эпостық жырлар — ауыз әдебиетінің мол әрі рухани қазынасы. Мазмұны мен көркемдігі жағынан лирико-эпостық жырлар ауыз әдебиетінің классикалық туындылары болып саналады. Ғашықтық туралы жырларда тек екі жастың арасындағы махаббат, сүйіспеншілік қана айтылмайды, сонымен бірге көшпелі қазақ елінің тұрмыс-тіршілігі, әлеуметтік, тұрмыстық жағдайлары, әдет-ғұрпы, өмірге деген көзқарасы да жырланады.

Ғашықтық, сүйіспеншілік туралы жырлардың басты кейіпкерлері батырлар емес, қарапайым адамдар. Бұл дастандарда арманына жете алмаған екі жастың махаббаттары шынайы бейнеленген. Лиро-эпостық жырлар да халық арасында көп замандар ауызша тараған. Сүйіспеншілік, махаббат туралы жырларда адамның ішкі сезімі, халықтың тұрмыс-тіршілігі батырлар жырына қарағанда көбірек айтылады. Сондықтан да бұл жырлар «лиро-эпостық» деп аталады. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек», және тағы басқа туындылар лиро-эпостық жырларға жатады.

Т. Ақшолақов

## ЖАЗЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Мәтінді мағыналық бөлікке бөліп, әр бөлігіне тақырып қой. Әр бөліктегі тірек сөзді анықта.

Кіріспе бөлім

Негізгі бөлім

Қорытынды бөлім

## АЙТЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Берілген сөздерді жақшадағы сөздермен тіркестіріп жазып, мағынасын түсіндір. Сөздің тура және ауыспалы мағынасын ажырат.

**Үлгі:** Ақ бата — ауыспалы мағына, «ізгі ниет, жақсы тілек» деген мағынада. Ақ орамал — тура мағына, орамалдың түсін білдіріп тұр.

- Ақ (бата, орамал, дастарқан, жол, қағаз)
- Жақсы (бала, ниет, сөз, жұмыс)
- Қисық (ағаш, тәрбие, мінез, тақтай)
- Суық (жел, су, қол, хабар)
- Терең (өзен, ой, білім, құдық)



## ТЫҢДАЛЫМ

**6-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Тірек сөздерді пайдаланып, мазмұнын баянда.

**Тірек сөздер:** «Қыз Жібек», лиро-эпостық, тұрмыс-тіршілігі, Төлеген, Бекежан, Құман Тастанбеков, Асанәлі Әшімов, Меруерт Өтекешева.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 7-тапсырма. Мәтіндегі қате жазылған сөздерді тап. Себебін түсіндір.

Лиро-эпостік жырлар — ауыз әдебиетінің мол әрі рухани қазынасы. Ғашықтың туралы жырларда тек екі жастің арасындағы махаббат, сүйіспеншілік айтылады. Көшпелі қазақ халқының тіршілігі «Қыз Жібек» поэмасында кең айтылады. Бұл дастандарда арманына жете алмаған екі жастың махаббаттары шынайы бейнелеу. Біреуден біреу жаттап

алу арқылы кейінгі ұрпаққа жеткен. Сүйіспеншілік, махаббат туралы жырларда адамнің ішкі сезімі, халықтың тұрмыс-тіршілігі батырдар жырына қарағанда көбірек айтылады. «Қыз Жібек» жыры – идеялік мазмұны, көркемдік айшықтары жағынан лиро-эпостық дастанлардың ішіндегі ең үздік туындылардың бірі.

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 8-тапсырма. Мәтінді оқы. Демеулік шылауларды тап.

Меруерт Өтекешева мен Құман Тастанбеков дегенде көзімізге алдымен Жібек пен Төлегеннің бейнесі елестейді. Олар қос ғашықтың бейнесін «Қыз Жібек» фильмінде ойнап қана қойған жоқ, өмірде де бір отбасына айналды.

«Қыз Жібек» — тек мәңгілік махаббатты емес, қазақтың салт-дәстүрін, шежіресін, әдет-ғұрпын кеңінен қамтыған фильм. Тіпті халықтың сүйіспеншілігінен әлі де танған жоқ. «Қыз Жібек» лиро-эпостық жыры ойдан шығарылмаған, шынайы өмірде болғандығымен де қызық шығар. Бұл махаббат оқиғасы осыдан шамамен 500 жыл бұрын Ақтөбе облысының аумағында болғаны туралы нақты тарихи деректер бар», — дейді Меруерт Өтекешева.



*Интернет материалдарынан*

## ЖАЗЫЛЫМ

### 9-тапсырма. «Қыз Жібек» фильмін көрдің бе? Бұл фильм туралы не білесің? Дереккөздерден ақпарат жинап, мәтін құра.

## АЙТЫЛЫМ

### 10-тапсырма. Лиро-эпостық жырларда не бейнеленеді? Диаграмманы толтыр.



### ЕСТЕ САҚТА!

Лиро-эпостық жырларда махаббат, сүйіспеншілік туралы айтылады. Лиро-эпостық жырларға «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» дастандары жатады.

# «Қозы Көрпеш- Баян сұлу» жыры (үзінгі)

9-10-  
сабақтар

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

## ЖАҢА СӨЗДЕР

олжа, қияметтік, медеу қылу,  
менсінбеу

## АЙТЫЛЫМ

### 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. «Лиро-эпостық жыр» деп қандай жырды айтамыз?
2. Лиро-эпостық жырдың эпостық жырдан қандай айырмашылығы бар?
3. Қандай лиро-эпостық жырларды білесің?
4. Қай жыр бойынша көркем фильм түсірілген?



## АЙТЫЛЫМ

### 2-тапсырма. Мәтіндегі етістіктерді тап. Етістіктерді бұйрық рай формасына қой. Мәтіннің мазмұны қалай өзгергенін айт.

Қозы Көрпеш-Баян сұлу күмбезі X-XI ғасырларда тұрғызылған. Күмбез Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы Таңсық ауылы Аягөз өзеніне жақын жерде орналасқан.

Күмбездің қабырғасы гранит және сабан аралас балшықпен қаланған. Күмбездің есігі шығысқа қаратылған. Күмбездің жанында тас мүсіндер болған. Қасиетті құты ұстаған үш әйел мен бір еркек бейнеленген мүсіндерді 1771 жылы Григорий Волошин, 1856 жылы Шоқан Уәлиханов қағаз бетіне түсірген. Халық аңызы бойынша, біріншісі – Баян сұлу, екіншісі – оның сіңлісі Айғыз, үшіншісі – апасы. Ал ер адам – Қозы. Бірақ, өкінішке орай, қазір бұл мүсіндер жоғалып кеткен.

## ОҚЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Мәтінді түсініп оқы. Мәтін бойынша жоспар құр.

**«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жыры  
(үзінді)**

Екі бай ат үстінде құрды кеңес  
Тұрмаған айтқан сөзде адам емес.  
«Құда болсақ, жарасар даңқымызға,  
Бай едік табымызда құлақ теңдес.  
Екеуі де егерде ұл боп туса,  
Дос болсын қияметтік хақын жемес.  
Біреуі ұл, біреуі қыз болса егер,  
Құда болсақ, лайықсыз ешкім демес.  
Құдалық ниетімізге жетерміз», — деп,  
Екі бай осы сөзбен тарқап кетті.

Екі бай өзара уәделесіп, құда болуға келіседі. Қарабайдың әйелі қыз баланы дүниеге әкеледі. Оның атын «Баян» деп қояды. Сарыбай қуаныштан үйіне қарай асығып келе жатқанда, аттан құлап өледі. Оның ұлының атын «Қозы Көрпеш» деп қояды.

... Балалар сегіз жасқа келгенінде  
Қарабай салқын тартты сұмдық ойлап:  
... «Өзі жетім балаға қыз бергенше,  
Бір күшікке берсемші ала мойнақ!  
Жетімге қыз бергенім сүйекке мін,  
Алыс кетсек, бізді іздеп барады кім?» — деп, Қарабай  
Қозыны жетім бала ретінде менсінбей, басқа жаққа көшіп кетеді.

Кейін Қозы Баянды іздеп келеді. Бірақ олардың махаббатына Қодар кедергі жасайды.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**4-тапсырма.** [kitap.kz](http://kitap.kz) сайтынан жырдың толық нұсқасын оқы немесе тыңдап, сұрақтарға жауап бер.

1. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жыры не туралы?
2. Қозы мен Баянның махаббатына кім кедергі келтіреді?
3. Қодар не істейді?
4. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жыры қандай жанрға жатады?

## АЙТЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Өлеңді мағыналық бөлікке бөліп, әр бөлігіне тақырып қой.

Кіріспе бөлім

Негізгі бөлім

Қорытынды бөлім



## ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Түсінгеніңді баянда.

## АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Мәтінде кездесетін қияметтік дос болу, салқын тарту, жетім сөздерінің мағынасын түсіндірме сөздікті пайдаланып айт.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## ЖАЗЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Кеңес, даңқ, ниет, құда болу, көшіп кету, жетім бала тіркестерін пайдаланып, сөйлем құра.

## АЙТЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Мәтіндегі сөйлемдерге бірнеше нұсқада сұрақ қой. Осы сұрақтарды пайдаланып, көршіңмен сұхбат құр.

«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының қазақ арасындағы сюжеттерін 1830 жылдардан бастап белгілі шығыстанушы Г.Саблуков, орыс ақыны А.С.Пушкин жазып алады. Бұлар жырдың қазақ тіліндегі нұсқасын бастыра алмайды. Бірақ «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырымен орыс оқырмандарын тұңғыш рет таныстырады. Г.Саблуков жырдың бір сюжетін 1830 жылы Семей губерниясындағы Көкпектіде жүрген орыс чиновнигінен түсіріп алады. Ал А.С.Пушкин 1833 жылы жазып алып, сол жайында поэма жазуды жоспарлағаны анықталды (Ә.Қоңыратбаев).

## АЙТЫЛЫМ

### 10-тапсырма. «Сұрақ сандық» ойыны.

Екі топқа бөлініңдер. Ортаға екі сандық қойылады. Топтағы оқушылар мәтін мазмұны бойынша 6 сұрақ құрастырып, сандыққа салады. Екі топ сандық ал-масады. Топтың құрамындағы балалар кезекпен сандықтағы бір сұрақты алып, жауап береді. Қай топтың сұрақтары мен жауаптары дұрыс әрі қызық болса, сол топ жеңеді.



### ЕСТЕ САҚТА!

«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жыры лиро-эпостық шығарма саналады. Жырда екі жастың махаббаты жырланады. Қозы мен Баянның күмбезі Шығыс Қазақстан облысында орналасқан.

# Қозы Көрпеш-Баян сұлу — махаббаттың символы

## ЖАҢА СӨЗДЕР

*тіл алу, сездіру, атастырылу,  
бағындыру*

11-12-  
сабақтар

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Мақал-мәтелді оқы. Мағынасын түсіндіріп айт.

- Адалдық — ардың ісі.
- Көңіл — сөздің сандығы.
- Теңін тапса, тегін бер.
- Сұлу — сұлу емес, сүйген — сұлу.
- Ат — ер қанаты.

### ЖАЗЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Суретке қара. 15 сәуір қандай күн? Ол туралы не білесің?  
Шағын мәтін құра.



**3-тапсырма.** Мәтінді оқы.

...Қозы Қарабайдың ауылына келіп, малын бағады. Өзінің кім екенін Баян сұлуға сездіру үшін бір күні Қодар жоқта киіз үйдің есігінің алдында отырып, әдемі күй тартып, ән салады. Екеуінің жас күнінен атастырылған тарихын баяндайды.

Екеуі құшақтасып, Баян өксігін басады, үй-іші: «Күйеу келді!» — деп қуанады. Оларға тоғыз қанат ақ отау тігіп береді. Бұл Қодарға ұнамайды, ол барлық елді өзіне бағындырып, Қозы Көрпешпен соғыспақшы болады. Қозы Көрпеш онымен алысады. «Елдің шырқын бұзбайын», — деп тез аттанып, Шоқтерекке қайтып барып жатады. Осы арада Қодардың қолынан өледі.

...Қозыке нашарланып құлап қалды,  
Ақырет жастығына кетті жүріп.

...Қозыкені құшақтап Баян ширақ.  
Жыламай, иман салып отырды ол,  
Келгенше ел шақырып бәрін жинап.

...Осылай Баян пақыр еңірет зар,  
...Ас-су ішпей, жеті күн жатып алды,  
Еш нәрсеге бермейді мойыны жар.

Баян бір бекинеді ойға келіп,  
Зиратын жасатпаққа көзбен көріп.

...Баянның айтқанындай бейіт болды,  
Өзіне әбден көрсетіп, көңілі толды.

...«Қозы Көрпеш-Баян» деп ат жаздырды,  
Кейінгілер көрмекке хат жаздырды.

...Күн батып, зауал кезі болып жетті.  
Бұйда пышақ қойнына тығып алып,  
Бейітіне Қозы Көрпеш келді епті.

«Екі жақта қайран ел, аман бол!», — деп,  
Құшақтап ғашығының мойынынан,

Пышақтап өз жүрегін тіліп сөкті («Бабалар сөзі» сериясынан алынды).

**Ескерту:** мәтіндегі курсивпен берілген жерлер Әлкей Марғұланның «Екі мың жыл жүректі тербеткен жыр» атты еңбегінен алынды).

**ЖАЗЫЛЫМ****4-тапсырма.** ғана, -ақ, -ау, -міс, тек демеулік шылауларын пайдаланып, сөйлем құра.

## ЖАЗЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Мәтіннің үзіндісіне тақырып қой. Жоспар құр. Әр ойбөліктегі тірек сөздерді анықта.



## ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Мазмұнын айт.

## АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» мультфильмін көріңдер. 3-тапсырмадағы мәтін мен мультфильмнің желісін салыстырыңдар. Қандай ұқсастық пен айырмашылық бар екенін айтыңдар.

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## ЖАЗЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды қойып жаз.

«Қызым... жетім ұл... бермеймін», — деп, Сөзі... Қарабай атаң танып еді. 2. Келгенше ел шақырып бәр... жинап. 3. Бұл Қодар... ұнама..., ол барлық елді өзі... бағындырып, Қозы Көрпешпен соғыспақшы бол... . 4. Құшақтап ғашығ... мойынынан, Пышақтап өз жүрег... тіліп сөкті.

## АЙТЫЛЫМ

**9-тапсырма.** «ПОПС» формуласын қолданып, мәтіндегі ақпараттар бойынша өз пікірлеріңді дәлелдеңдер.

**Бірінші сөйлем.** «Менің ойымша, ...».

**Екінші сөйлем.** «Себебі... ескеру керек.

**Үшінші сөйлем.** «Оны мен .... сияқты фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын».

**Соңғы сөйлем.** «Осыған байланысты мен « ... » деген шешімге келдім».

**10-тапсырма.** Қосымша дереккөздерден «Қозы Көрпеш Баян сұлу» күні туралы ақпарат жинап, пікірталас өткізіңдер.

## ЕСТЕ САҚТА!

Қозы ержеткен соң Баянды іздеп келеді. Екеуі қосылады. Бірақ Қозыны Қодар өлтіреді. 15 сәуірді жастар «махаббат күні» ретінде атап өтеді.

# Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

13-14-  
сабақтар

## АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Суретті пайдаланып, мәтін құрап айт.



## ОҚЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Мәтінді оқы. Мәтінге тақырып қой. Жоспар құра.

Халық аңызы бойынша, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» күмбезі қаланған тасты басқа бір таудан әкелген. Тау мен Аягөз өзенінің бойында мыңдаған кісі атпен тізбектеле тұрып, қолдан қолға беріп жеткізіп тұрған.

«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» кешені халыққа үлкен әсер еткен. Аягөз өзенінің бойымен өтетін жолаушылар, ғалымдар, әскербасылар оған соқпай кетпеген.

«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының қазақша ескі қолжазбасын алғаш рет (1827 жылы) тапқан – И. Беленицин. Бұл жырды Беленицин Петерборда сенатқа, білім орындарына апарып көрсетеді, қайдан тапқанын айтады. Бұл мәселе А.С.Пушкинге де таныс болады. А.С.Пушкиннің қағаздарының ішінде жырдың бір нұсқасы сақталған. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының сюжеті А.С.Пушкинге ұнаған (Өлкей Марғұланнан).

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Мәтіндегі есімше тұлғалы етістіктерді теріп жаз. Оларды шақ түрлеріне қой. Қандай өзгеріс байқадың? Айт.

*Үлгі: әкелген. Әкелер — болжалды келер шақ; әкелмек — мақсатты келер шақ; әкелетін — ауыспалы өткен шақ.*

## АЙТЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Топтық жұмыс. Екі топқа бөлініп, қазіргі кездегі ұл мен қызға сипаттама беріңдер. Әр топ өз пікірін нақты дәлел келтіріп айтуы тиіс.

## АЙТЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Мәтіндегі ақпарат бойынша бірнеше сұрақ дайындап, көршіңмен 12-13 үнқатымнан тұратын диалог құр.

## АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** «Кубизм» стратегиясы бойынша сұрақтарға жауап бер.

### 1. Зертте.

Жырдың тақырыбы қандай?

Жырдың негізгі ойы қай бейнелер арқылы көрінген?

Жыр қай ғасырда шыққан?

### 2. Суретте.

Қозы мен Баянның махабатын бейнелейтін жерлерді тап.

### 3. Салыстыр.

Қозы мен Қодарды салыстыр. Олар қандай кейіпкерлер?

### 4. Қолдан.

Жырда қазақтың қандай салт-дәстүрлері көрініс береді?

Жырдан түсініксіз сөздерді тап.

### 5. Талқыла.

Баянның өзін-өзі өлтіруі дұрыс па?

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** «Мен кімін?» ойыны. Әрқайсың параққа күліп тұрған және ашуланып тұрған күннің суретін салыңдар. Күліп тұрған күннің жан-жағына өздеріңнің жақсы қасиеттеріңді, ашуланып тұрған күннің айналасына кемшіліктеріңді жазыңдар. Топпен жазғандарыңды талқылаңдар. Өзін әділ бағалаған балаға «Шыншыл бала» атағы беріледі.

## ЖАЗЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Қозы мен Баянға жастардың арасындағы махаббат туралы хат жазыңдар. Хатта қазіргі кездегі ұлдар мен қыздардың бойындағы кемшіліктерді атап айтыңдар. Оны болдырмаудың жолдарын ұсыныңдар.

## ЖАЗЫЛЫМ

### ОЙТАРАЗЫ

**9-тапсырма.** «Менің сабақтан кейінгі әсерім» кестесін толтырыңдар.

Қандай ой пайда болды?	Не сезіндім?	Не ұнады?

## БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жыры – қазақ даласындағы барлық лиро-эпостық жырларға жол салған шығарма. Оның образдары мен оқиғасы нақты өмірден алынған (Ә. Қоңыратбаев).

# 9 Биоалуантүрлілік Жойылып бара жатқан жануарлар мен өсімдіктер

## ОҚУШЫ, ОСЫ ТАҚЫРЫПТЫ ОҚУ БАРЫСЫНДА СЕН

- мәтіндерді салыстыруды;
- дәлелді жауап беруді;
- мәселеге баға беруді;
- қажет мәлімет жинауды;
- оны пайдалануды **үйренесің**.

# Табиғаттағы биоалуантүрлілік

1-2-  
сабақтар

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

## ЖАҢА СӨЗДЕР

*биоалуантүрлілік,  
тұрақтылықты, зиянкес,  
азық, саңырауқұлақ, кемі, улы,  
шаян, қиянат, шегірткелер,  
қаншама, қоқиқаз, тырна*

## АЙТЫЛЫМ

### 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Ғаламда қандай тірі ағзалар бар?
2. Тірі ағзалар немен қоректенеді?
3. Қалай ойлайсың, ғаламдағы барлық тірі ағза керек пе?
4. Керек болса, не үшін?

## ТІЛДІК БАҒДАР

### Демеулік шылаулар

Сұраулық демеуліктері: ма, ме, па, пе, ба, бе, ша, ше. Мысалы: Сен биоалуантүрлілік туралы білесің бе?

Нақтылық демеуліктері: қой, ғой. Мысалы: Биоалуантүрлілік — табиғаттағы тепе-теңдікті сақтау ғой.

## АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Қалай ойлайсың, суретте берілген заттардың қайсысы ғаламның генетикалық фондын құрайды. Нақтылық демеуліктерді пайдалан.

*Жауаптың үлгісі:* Жастық ғаламның генетикалық фондын құрамайды ғой.



## ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Шыбындардың табиғи балансты сақтауға көмектесетінін мәтіндегі дерекпен дәлелдеп айт.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Мәтінді түсініп оқы. Қою қаріппен берілген сөздердің мағынасын сөздікке сүйеніп анықта.

**Биоалуантүрлілік** табиғаттағы **тұрақтылықты** сақтайды.

Биоалуантүрлілік **генетикаға, экологияға, ландшафтыққа** байланысты. Әр адамның, жан-жануарлардың, өсімдіктердің генетикалық ерекшелігі бар. Ол көптеген факторларға тәуелді. Жануарлардың генетикасын зерттеуден үй жануарларының **жасанды** тұқымдары пайда болды. Ол гендік инженериямен байланысты. **Экологиялық** әр тіршілік иесі белгілі бір аймақта өмір сүреді. Тіршілік иесі өмір сүретін аймағымен

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

бірлікте **экожүйені** құрайды. **Ландшафтық** — қоршаған ортаның жер бедері. Ол құбылмалы. Тау, жазық, шөл, көлдер — тіршіліктің көзі. Оларда түрлі тіршілік көздері өмір сүреді.

Биоалуантүрлілікке жануарлар, өсімдіктер, **саңырауқұлақтар** мен микроағзалар жатады. Олар генетикалық жағынан бір-біріне ұқсайды, бірақ әрқайсысы ерекше.

Биолоалуантүрлілікті сақтаудың бір жолы — «Қызыл кітап». Оған саны **кеміп** бара жатқан аң-құс, өсімдіктер енгізіледі. Табиғатта керексіз зат жоқ. Тіпті **улы шаяндар** мен зиянкес жәндіктер, ешкімге **қиянаты** жоқ **шегірткелер**, тағы басқа **қаншама** тіршілік иелері экожүйені сақтауға көмектеседі.

**1. Мәтіннің алғашқы төрт сөйлеміне сұрақ дайында. Сұраулық демеуліктерді пайдалан.**

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Мәтінді оқып, әр ойбөлік не сөйлемнің тұсына қарындашпен белгілеп, айт.

Мен білетін ақпарат (V)	Мен үшін жаңа ақпарат (+)	Білгім келетін ақпарат (?)
«Қызыл кітап» туралы білемін.	Биоалуантүрлілік — жаңа ақпарат.	...

## АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Суреттерге қарап, мұнайдың экожүйеге әсерін ой картасына түсіріп, тарат.



Судың мұнаймен ластануы →

ауызсу ластанады

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Мәтінді оқы. Кестені толтыр. 1-бағанға мәтіндегі жаңа сөздерді жаз. 2-бағанға мәтіннен жаңа сөзге байланысты сөз тіркесін жаз. 3-бағанға жаңа сөзді өзің бұрыннан білетін басқа сөзбен тіркестір.

мәтіндегі тірек сөз	мәтіндегі тірек сөзбен байланысты сөз тіркесі	мәтіндегі тірек сөздің бұрыннан білетін басқа сөзбен тіркесі
1. кемі	кеміп барады	кеміген сан, ...

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Мәтіннен биоалуантүрліліктің үш әртүрлілікке қатысы туралы бөлігін тауып оқы. Олардың ерекшеліктерін кестеге түсіріп жаз. Түсінгеніңді айт.

Биоалуантүрлілік үш әртүрлілікке байланысты		
генетикалық	экологиялық	ландшафтық

## ЖАЗЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Биоалуантүрлілікке нақты не жататынын таратып, сызбаға түсір.



## ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Мәтінді тыңдап, түсінгендеріңді айтыңдар. Суретті пайдаланып, қоқиқаз бен тырнаның ұқсастығы мен айырмашылығын анықтаңдар.



Тырна



Қоқиқаз

## ЖАЗЫЛЫМ

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

### **11-тапсырма.** Жақшадағы үш нұсқаның қажетін таңдап, сөйлемді толықтырып жаз.

Биоалуантүрлілік табиғаттағы (ылғалды, суды, тұрақтылықты) сақтайды. Оған аң-құс, өсімдік, (гүлдер, топырақ, саңырауқұлақтар) жатады. (Көбейіп, кеміп, ақталып) бара жатқан аң-құсты сақтау керек. Табиғаттағы (пайдалы, қажет, улы) зиянкес жәндіктер, (жақсылық, қамқорлық, қиянат) жасамайтын тіршілік иелері экожүйені сақтауға көмектеседі.

## АЙТЫЛЫМ

### **12-тапсырма.** Жұптық жұмыс. Жануарлар мен өсімдіктердің азаюы мен жойылу себептерін айтыңдар. Ойларыңды дәйектендер.

## АЙТЫЛЫМ

### **13-тапсырма.** Ұжымдық жұмыс. Биологиялық алуантүрлілікті сақтаудың бір жолы — «Қызыл кітапқа» енгізу. Оны сақтаудың тағы қандай жолдары бар? Пікірталас ұйымдастырыңдар.

## ЕСТЕ САҚТА!

Жануарлар мен өсімдіктердің барлық түрі ғаламның генетикалық қорын құрайды.

Биоалуантүрлілікке жануарлар, өсімдіктер, саңырауқұлақтар мен микроағзалар жатады.

# «Қызыл кітапқа» енген жануарлар

3-4-  
сабақтар

## ЖАҢА СӨЗДЕР

сүтқоректі, қосмекенді,  
елік, бұлан, құлан, сілеусін,  
жолбарыс, құндыз, борсық,  
сарышұнақ

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. «Қазақстанның қызыл кітабын» көрдің бе?
2. «Қызыл кітапқа» енген қандай жануарларды білесің?
3. Экожүйені сақтауда «Қызыл кітаптың» қандай көмегі бар?

### ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

#### 2-тапсырма. Мақал-мәтелдерді түсініп оқы.

Көлдің көркі — құрақ,  
Таудың көркі — бұлақ.  
Жер — ел ырысы.

Жер — ана, ел — бала.  
Жер — таусылмайтын қазына.



### ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

#### 3-тапсырма. Мәтінді тыңдап, түсінгеніңді айт. Мақал-мәтелді есінде сақта.

### ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

#### 4-тапсырма. Мәтіндерді оқы. Салыстырып, мазмұндық жағынан қандай айырмашылығы мен ұқсастығы барын айт.

I. «Қазақстанның қызыл кітабына» сүтқоректілер мен қосмекенділердің бірнеше түрі енген. Сүтқоректілерге елік, бұлан, құлан, сілеусін, жолбарыс жатады.

II. Бұлан — бұғылардың ең ірі түрі. Басқа бұғылардан ерекшелігі — бұлар топпен емес, жалғыздан жүреді. Биіктігі 2 метрге жетеді, салмағы 600 кг-дай. Түсі қыста қара қоңыр, жазда қоңырқай болады, басы мен аяғы ақшылдау. Қазақстанның Жайық пен Ертіс маңында, Алтайда кездеседі. Аталықтарының үлкен күрек тәрізді мүйіздері болады, аналықтарында мүйіз болмайды. Жазда шөппен, қыста бұтақ, ағаш

қабықтары, бұталармен қоректенеді. Олар 2 төлден туады. Бұландардың саны аса көп емес. Бұланның мүйізі өте бағалы. Шипалық қасиеті бар. Ол қолға үйретіледі.

III. Құлан — жабайы жылқы. Сыртынан қарағанда, құлан есекке де, жылқыға да ұқсайды. Оның басы үлкен, құлағы ұзын, құйрығы қысқа, кекілі жоқ, жалы тік. Жылқы секілді жүрісі тез, сымбатты, сирақтары ұзын.

IV. Еліктің аяқтары жіңішке әрі ұзын. Қыста түсі қоңырқай сұр, жазда жирен. Лақтарының теңбіл дақтары болады. Елік Талас, Іле, Жетісу Алатауында, Батыс және Орталық Тянь-Шаньда, Қаратауда, Тарбағатайда, Алтайда кездеседі. Жеміс-жидек, түрлі шөппен қоректенеді. Жазда жеке-жеке, қыста топтанып жүреді.

## АЙТЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Мәтінде берілген сипаттамасы бойынша жануарларды анықта. Сипаттарын айтып, дәлелде. Нақтылық демеуліктерді қолдан.

Сөйлеудің үлгісі:

— Мынау құлан ғой. Себебі оның бас..., құлағы..., ...



## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Мәтінді оқып, әр ойбөлік не сөйлемнің тұсына қарындашпен белгілеп айт.

Мен білетін ақпарат (V)	Мен үшін жаңа ақпарат (+)	Білгім келетін ақпарат (?)
Елік туралы білемін.	Құланның жылқыға ұқсайтынын білмеймін.	Бұланның етін жеуге бола ма?



## ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Мәтінді тыңдап, түсінгендеріңді айтыңдар. Суретті пайдаланып, борсық пен құндыздың ұқсастығы мен айырмашылығын нақтылаңдар.



борсық



құндыз

## АЙТЫЛЫМ

### 8-тапсырма. Жұптық жұмыс. Суреттерге қарап, сұрақ құрастырыңдар. Диалог құрыңдар.



## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## ЖАЗЫЛЫМ

### 9-тапсырма. Жақшада берілген үш нұсқаның ішінен дұрысын таңдап, жаз.

**Қажет сөздер:** сирек кездесетін, киік, сақтау, қорғау, төлдейді, беттейді, мүйіз.

«Қазақстанның қызыл кітабына» өте (көп, ұшатын, сирек) кездесетін жануарлар мен аңдар кірген. «Қызыл кітап» жануарлар мен өсімдіктерді, ландшафтыларды (сақтауға, беруге, көруге), қорғауға әсер етеді.

Табиғатты әр адам (қорғауы, көруі, төлдеуі) тиіс.

Қазақстанда қорғауға алынған сүтқоректілер: ... (тауық, елік, құс), (қой, ешкі, бұлан), (бақа, құлан, құрбақа).

## АЙТЫЛЫМ

### 10-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. «Қазақстанның қызыл кітабына» қандай сүтқоректілер енген?
2. Олар қай жерлерді мекендейді?
3. Не жейді?
4. Тауешкі қанша лақ төлдейді?
5. Оларды адамдар не үшін аулайды?

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 11-тапсырма. «Қазақстанның қызыл кітабына» енген бір жануар туралы ақпарат жинап, таныстырылым дайында.

## ЕСТЕ САҚТА!

«Қазақстанның қызыл кітабына» сүтқоректілер мен қосмекенділердің бірнеше түрі енген. Сүтқоректілерге елік, бұлан, құлан, сілеусін, жолбарыс жатады.

# Мұхтар Әуезов «Көксерек» (үзінгі)

5-6-  
сабақтар

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Мұхтар Әуезов кім?
2. Мұхтар Әуезовтің қандай шығармаларын білесің?
3. «Көксерек» көркем фильмін көрдің бе?
4. Қасқырды қолда асырауға бола ма?

### ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

#### 2-тапсырма. Қасқыр туралы мақал-мәтелдерді оқып, мағынасын түсіндір.

Қасқыр байлағанға көнбес.

\*\*\*

Қасқырды қанша асырасаң да, орманға қарап ұлиды.

\*\*\*

Қараусыз қалған мал — қасқырдың олжасы.

\*\*\*

Ұры түн асқанша,

Бөрі қыр асқанша.

\*\*\*

Қасқырдың қарны тоймайды.

### ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

#### 3-тапсырма. «Қасқыр — тұз тағысы» деген тақырыпқа ассоциогамма құрастыр.

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

### ОҚЫЛЫМ

#### 4-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы.

Ертеңінде түсте жат иіс шықты. Жоғары жақтан дауыстар естілді. Ақ қасқыр күшіктерді інге тығып, тобылғының ішіне кірді. Іннің аузына екі аяқтылар жыбырлады.

Мықты қолдар күшікті сыртқа шығарды. Бесеуін өлтірді де ең кішісін алып кетті. Қасқыр қалған жалғыз күшікті тістеп алып кетті. Ін бос қалды.

Көк күшік ауыл тұрғыны болды. Кішкене Құрмаш күшікке «Көксерек» деп ат қойды. Жеке асқұйғыш — итаяқ әзірледі. Мойнына жіп тақты. Құрмаш күшікті қасына алып жатады. Құрмаш Көксеректі әбден баптады. Көксерек үлкейді. Бірде-бір ит мұны дос көрмеді. Төбеттер талап тастайды. Бірақ Көксерек «қыңқ» деп дыбыс шығармайды.

— Тағы емес пе! Жасымайды! — деді ауыл адамдары.

Көксерек ашқарақ. Жанында адам тұрса, тамақты жемейді. Адам болмаса, тамақты жоқ қылады. Егер қарны ашса, бермеген тамақты жеп қояды. Сосын таяқ жейді. Өзі ешкімге соқтықпайды. Суық. Құрмаш пен әжесі шақырса, келеді. Сондықтан үлкен адамдар:

— Бұны өлтіріп, терісін алу керек, ит болмайды, — деді.

Бірақ Құрмаш көнбеді.

Құрмаштың әжесі де:

— Туу, көзі жап-жасыл болыпты. Енді мұны өлтіріп, терісін алайық, — деді. Құрмаш бұл сөзге көнбеді. Сол түні Көксерек жоқ болып кетті. Екі күннен соң қайтып келді. Құрмаш пен әжесі бұған қуанды. Көксерек сеіріп, үлкен болып өсті. Ол шынымен алып қасқыр болды. Күзде Көксерек тағы жоқ болып кетті. Бұл жолы қайтып келмеді.

## АЙТЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Қасқырдың ініне адамдардың келгенін қай сөзден байқауға болатынын айт.

Ертеңінде түсте жат иіс шықты. Дауыстар естілді. Ақ қасқыр күшіктерді інге тығып, қараған ішіне кірді. Ін аузына екі аяқтылар жыбырлады.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Мәтіннен Көксеректі сипаттаған үзінділерді тауып оқы.

3-тапсырмадағы «Қасқыр — тұз тағысы» ассоциограммасындағы сипаттамалармен салыстыр. Сәйкестік бар ма?

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Мәтінді оқып, шығарманың композициялық құрылымын анықта.

1. Оқиғаның басталуы:
2. Дамуы:
3. Шиеленісуі:

5. Шарықтау шегі:
6. Шешімі:

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

### ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Берілген суреттер композициялық құрылымның қай бөлігіне сәйкес келетінін анықта, ойыңды дәйекте.



### АЙТЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Жұптық жұмыс. Сұрақтарды пайдаланып, диалог құрыңдар.

1. Көк күшік қалай ауыл тұрғыны болды?
2. Қасқырдың күшігін кім асырап алды?
3. Көксеректің иттен қандай айырмашылығы бар?
4. Көксерек неге ауылға оралмай кетті?

### ЕСТЕ САҚТА!

Кішкене Құрмаш күшікке «Көксерек» деп ат қойды. Жеке асқұйғыш — итаяқ әзірледі. Мойнына жіп тақты. Құрмаш күшікті қасына алып жатты.

# Мұхтар Әуезов «Көксерек» (үзінгі)

7-8-  
сабақтар

## ЖАҢА СӨЗДЕР

*жота, жортты, шапшыды,  
қылғыта салды, төн,  
төменде*

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

## АЙТЫЛЫМ

### 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Қалай ойлайсың, қасқыр қолға үйрене ме?
2. Көксерек үйге орала ма?
3. Оқиға қалай аяқталуы мүмкін?

## ОҚЫЛЫМ

### 2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы.

Жотадан жотаға жортты. Көксерек қатты өсті. Көкжал болды. Ауылдың малына қауіп төнді. Даладағы қой, жайлаудағы сиырға шауып, жылқыға шейін жеді. Үш-төрт түйе де жеді. Күніне бір мал жейді. Маңайдағы ауылды түгел шулатты. Адамдар мылтық атып, қорқытты, одан жасқанбады. У берді — оны да жемеді.

Көксерек көп жортты. Көп іздеді. Бір жотаның басында аттылы қойшыны көрді. Айналасында қой жайылып жүр екен. Қойшы айғайлап, бұған қарсы шықты. Қойшы — бала екен. Көксерек қорықпады. Қой қаша жөнелді. Көксеректің арқасына ағаш сарт етті. Сол-ақ екен, Көксерек адамға қарай арс етіп шапшыды. Аузына баланың тоны ілікті. Көксеректе қазір бұрын білінбеген долылық, жайындық бар.

Баланың шошыған айғайы шықты. Бала аттан аударылып, жерге құлады. Домалап жатқан балаға тап берді. Ырылдап, баланы бас салды.

Бұл бала Құрмаш еді. Қойшы ауырып, әкесі бір күнге қойға жіберген. Үстіне қасқыр төніп келгенде көзі бір ашылып, бір жұмылды. Қасқырдың басы төмендеді. Бала өзіне таныс құлақты көрді. Ақырғы сезгені сол... Баланың үні өшті. Қасқырдың аузы тиместен бұрын өліп кетті. Көксерек баланың бір жақ көзін қопарып алып кетті. Жүріп бара жатып, қылғыта салды. Түнде баланың өлігін тауып алды.

Ауылдың атақты аңшылары Қасен мен Бейсенбай аңдып жүріп, Көксеректі өлтірді. Ауыл адамдары қасқырдың құлағын көрді. Баяғы күшік Көксерек екенін таныды.

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

## АЙТЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Әр абзацқа тақырып қой. Неге олай қойғаныңды дәлелдеп айт. Әр абзацтағы тірек сөздерді анықта.

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Мәтінді оқы. Кестені толтыр. 1-бағанға мәтіндегі жаңа сөздерді жаз. 2-бағанға мәтіннен жаңа сөзге байланысты сөз тіркесін жаз. 3-бағанға жаңа сөзді өзің бұрыннан білетін басқа сөзбен тіркестір.

мәтіндегі тірек сөз	мәтіндегі тірек сөзбен байланысты сөз тіркесі	мәтіндегі тірек сөздің бұрыннан білетін басқа сөзбен тіркесуі
жорт	жотаға жортты	түнімен жортты, ... ,

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Көксеректің әрекетін ретімен айт.

1. Көксерек жотадан жотаға көп жортты.
- 2 ...
- 3 ...

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Мәтінді оқып, шығарманың композициялық құрылымын анықта.

1. Оқиғаның басталуы:
2. Дамуы:
3. Шиеленісуі:
5. Шарықтау шегі:
6. Шешімі:

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** «Ойыңды дәйекте» ойыны. Өзің дұрыс деп тапқан пікірлердің бірін таңдап, ойыңды дәйекте.

- 1-пікір: Құрмаштың өліміне адамдар кінәлі
- 2-пікір: Құрмаштың өліміне өзі кінәлі
- 3-пікір: Құрмаштың өліміне Көксерек кінәлі
- 4-пікір: Ешкім кінәлі емес

## АЙТЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Көксеректің әрекетін ретімен айт.

- Сұрақтарға жауап бер.
1. Құрмаш Көксерекке қалай жолықты?
  2. Әңгіме немен аяқталды?
  3. Әңгіме аяқталғанда қандай сезімде болдың?
  4. Қандай ой туды?

## ЕСТЕ САҚТА!

Көксерек көкжал болды. Ауылдың малына қауіп төнді. Үш-төрт түйе де жеді. Күніне бір мал жейді. Маңайдағы ауылды түгел шулатты. Жасқанбады.

# Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

9-10-  
сабақтар

## АЙТЫЛЫМ

### 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Ғаламның генетикалық қорын не құрайды?
2. Биоалуантүрліліктің үш әртүрлілігі қандай?
3. Экологияның мақсаты не?
4. Биоалуантүрлілікке не жатады?
5. Жануарлар мен өсімдіктердің азаюы мен жойылуына не себеп болды?
6. Табиғаттағы биоалуантүрлілік адамзатты немен қамтамасыз етіп келеді?
7. Биологиялық алуантүрлілікті сақтаудың қандай жолы бар?

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 2-тапсырма.

Үш мәтінге тақырып қой. Оларда көтерілген мәселелерді анықтап, салыстыр. Биологуантүрлілікті сақтауда қайсысы маңызды екеніне айт.

I. Әр адамның, жануардың, өсімдіктің генетикалық ерекшелігі бар. Ол көптеген факторға тәуелді. Жануарлар генетикасын зерттеу нәтижесінде үй жануарларының жаңа тұқымы пайда болды. Ол гендік инженериямен байланысты.

II. Экологиялық: тіршілік иелері белгілі бір аймақта өмір сүреді. Тіршілік иесі өмір сүретін аймағымен бірге экожүйе құрайды.

III. Ландшафтық — қоршаған ортаның жер бедері. Ол өзгеріп тұрады. Тау, жазық, шөл, көл — тіршіліктің көзі. Оларда түрлі тіршілік иелері өмір сүреді.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 3-тапсырма. «Көксерек» әңгімесі туралы ақпарат дайында.

1. Авторы:
2. Тақырыбы:
3. Әдеби жанры:
4. Идеясы:
5. Кейіпкерлері:

## ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 4-тапсырма. <https://baribar.kz> сайтынан М.Әуезов әңгімесінің желісі бойынша дайындалған «Көксерек» анимациялық фильмін (трейлер) көріп, мәтінмен салыстыр. Қосымша ақпаратты баянда.

## АЙТЫЛЫМ

### 5-тапсырма. Өз ойыңды айт.

1. Қасқыр арыстан мен жолбарыстан, аюдан әлсіз. Бірақ қолға үйреніп, циркте ойын көрсетпейді. Осының себебі неде?
2. Қасқырдың інін бұзып, күшіктерін өлтіріп, алып кеткен адамдардың әрекеті дұрыс па?

### ОҚУШЫ, НАУРЫЗ ТУРАЛЫ ТАҚЫРЫПТЫ ОҚИ ОТЫРЫП, СЕН

- прозалық, поэзиялық шығармалардан алынған үзінділерден негізгі идеяны анықтауды;
- автордың көңіл күйі мен көзқарасы арқылы мәтіндегі негізгі ойды ажыратуды;
- фразеологизмдер мен этикеттік сөз орамдарын ауызша және жазбаша жұмыстарда қолдана алуды;
- Наурызға қатысты бірнеше мәтінде айтылған ойды жинақтап, салыстыру қорытынды жасауды;
- нақты тақырып бойынша эссе жазуды;
- сөзіне қарап кейіпкерлерге баға беруді;
- етістіктің бұйрық рай формасындағы сөздерді сауатты қолдануды үйренесің.

# Наурыз — түркі халықтарының дәстүрлі мейрамы

1-2-  
сабақтар

### ЖАҢА СӨЗДЕР

*наурызкөже, көңіл күй, үндестік, кешір, оян, ежелгі, тойла*

### ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Елімізде Жаңа жыл мерекесі екі рет тойланады. Біріншісі — Наурыз мейрамы, екіншісі — Жаңа жыл. Екі мейрамға қатысты берілген сұрақтардың жауабын жаз. Салыстырып айт.

мерекелер	қашан тойланады?	ауа райы қандай болады?	мерекелік дастарқан қалай дайындалады?	адамдар қандай киім киеді?	қандай тілек айтылады?	мереке қайда өтеді?
Наурыз мейрамы						
Жаңа жыл						

## АЙТЫЛЫМ

### 2-тапсырма. Сөздер мен сөз тіркестерін мағынасына қарай сәйкестендір, сөйлем құра.

Көктем	жылынып,	арықтардан	тазалады.
Ауыл	наурызкөже	ағаштар	су ақты.
Қар	келіп,	арықтарды	бұршік жарды
Күн	жылы	көшет	ұшып келді.
Жыл құстары	еріп,	қызғалдақ	отырғызды.
Көкем	адамдары	жасауға	гүл ашты.
Апам	аулаға	жақтан	дайындалды

## НАЗАР АУДАР!

Астарлау яки символ — сөз өнеріндегі көркемдеуіш құралдың бір түрі. Бір нәрсе, не құбылысты тура суреттемей, басқа бір нәрсеге не құбылысқа ұқсастырып, ойды ашық айтпай, тартымды тұспалмен түсіндіру.

Мысалы: Қаралы көш баяу жылжып, қыр асып кетті (қара түс кейде қайғының символы болады: қаралы көш, қара жамылу, қара қағаз т.б.)

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 3-тапсырма. Көп нүктенің орнына сілтеу есімдіктерін қойып, өлеңді мәнерлеп оқы. Автордың көңіл күйі туралы айт.

Жерің ...  
Жасыл жолақ кілемдей,  
Желің ...  
Жігіт айтқан өлеңдей.  
Көлің ...  
Той қып жатқан ауылдай,  
Күнің...  
Елжіреген енеңдей.  
*Ілияс Жансүгіров*



## ТІЛДІК БАҒДАР

### Бұйрық рай

Бұйрық рай — етістік категориясы. Бұйрық рай формасындағы етістік бұйрық, өтініш, қалау, тыйым, рұқсат, сақтандыру және т.б. мағыналарды білдіреді. Мысалы: «Сіз айтыңыз!» «Наурызкөжені төгіп алмасын!» «Бәріңіз құлақ салыңыздар!» «Мүмкін, сен барарсың!», «Алтыбақанға байқап мін!», «Оқыңыз, өтінемін!».

## ЖАЗЫЛЫМ

### 4-тапсырма. Көп нүктенің орнына бұйрық райлы етістікті қойып, көшіріп жаз.

1. Сендер Наурыз мерекесінде көшет ...! 2. Бұл жолы арық тазалауға 8-сынып оқушылары ...! 3. Бүгін мектепте Наурызға дайындық ...! 4. Өзің де дайындыққа ...! 5. Бұл ойынға олар да ...! 6. Наурызкөжені де бүгін...! 7. Әй, қарақтарым-ай, ежелден келе жатқан қасиетті мейрам Наурызды ...!

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС



### ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

#### 5-тапсырма. Тірек сөздерді қолданып, тыңдалған мәтіннің мазмұнын айт.

*Тірек сөздер: ежелгі, ерекше қастерлеу, табиғат құбылысы, тұмса табиғат, үндестік мейрамы, нұр жеңеді, жылылық келеді.*

Мәтінде автордың Наурыз мейрамына қатысты қандай көзқарасы байқалады? Ойыңды дәлелде.

### ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

#### 6-тапсырма. Мәтінді оқы. Түсінгеніңді айт.

Шығыс халықтарының түсінуінше, Наурыз — үндестік мейрамы. Наурызда Табиғат-ананың бауырындағы бүкіл тіршілік оянады: жылылық келеді, арықтардан су ағады, жер бетіне көк шығады, құстар ұшып келеді, мал төлдейді. Сөйтіп, жаңа күн басталады.

Қазақтар Наурызды «Ұлыстың ұлы күні» деп те атайды. Бұл мерекені бүкіл халық, ұлыс болып бірге тойлайды. Қазақ халқында бұл мейрам-

Данный экземпляр учебника выдан по запросу МОН РК (13-2/048 от 10.09.2019). Все права на учебник принадлежат издательству "Көкжиек-Горизонт"/защищены законом об авторском праве. Печать и распространение учебника и его частей запрещены без письменного согласия правообладателя (ст. 198 УК РК от 100 МРП до 7 лет лишения свободы).

ды тойлаудың ежелден қалыптасқан дәстүрі бар. Табиғат мейрамында адамдар ерте оянып, жаңа күнді жақсы көңіл күймен қарсы алады. Бірін бірі құттықтап, жақсы тілек айтады. Ренжіскен адамдар бір-бірінен **кешірім** сұрайды. Ауылдың жастары үлкендерден **бата** алады. Жігіттер бұлақтардың көзін ашады. Арықтарды тазалайды. Ағаш көшеттерін отырғызады. Қыз-келіншектер үйдің ішін, аулаларды тазалайды. Әжелер сандықтарын ашып, сақтаған бұйымдарын жаяды.

Бұл күні әр үйдің дастарқаны наурызға арнайы пісірілген түрлі тағамдарға толы болады. Солардың ең бастысы — наурызкөже. Наурызкөжені жеті түрлі тағамнан пісіреді. Одан бүкіл ауыл адамдары дәм татады. Дастарқанға үлкен адамдар бата береді.

Қазақ халқы Наурызды өнер тойы етіп өткізеді. Өнерпаздар **ән** айтып, бишілер билейді. Күйшілер күй тартады. Әртүрлі ұлттық ойындар ойналады. Балалардың тұсауын кеседі, құдалықтар болады. Сөйтіп, адамдар да жаңа күнмен бірге жаңа өмір бастайды.



Данный экземпляр учебника выдан по запросу МОН РК (13-2/048 от 10.09.2019). Все права на учебник принадлежат издательству "Көкжиек-Горизонт"/защищены законом об авторском праве. Печать и распространение учебника и его частей запрещены без письменного согласия правообладателя (ст. 198 УК РК от 100 МРП до 7 лет лишения свободы).

## ЖАЗЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Мәтіндегі қою қаріппен берілген сөздерді қатыстырып, бір-неше бұйрық райлы сөйлем жаз.

## ЖАЗЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Наурызда жасалатын дәстүрлі рәсімдерді ретіне қарай жаз.

1.
2.
3.
4.
5.
6.

## ОҚЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Көп нүктенің орнына есімдіктерді қойып оқы.

22 наурыз — ұлы мейрам. Шығыс халықтары ежелден... оны тойлап келе жатыр. Халқымыз .... ерекше дайындалған.

... Наурызтойда жасалатын ырымдар да бар. ...: бұлақтың көзін ашу, ауланы, арықтарды тазалау. Үлкен кісілер наурыз бата беріледі. Батаны алысымен жастар .... жұмысына кіріседі.

## АЙТЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Суретке қарап, бұйрықты сөйлемдер құрап айт.





## АЙТЫЛЫМ

**11-тапсырма.** Мәтіннің мазмұны бойынша парталас досыңмен диалог құр. Диалогте жаңа сөздерді қолданыңдар. Бұйрық райлы сөйлемдер болсын.

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**12-тапсырма.** Мәтінді оқы. Қожанасыр туралы тағы қандай күлкілі әңгіме білесің? Айтып бер.

Қожа мектепте оқып жүргенде мұғалім балаларға табиғат, жыл мезгілдері, күн мен түннің теңелуі туралы айтады. Сабақ үстінде:

— Міне, қазір көктем. Күн ұзарып, түн қысқарып келеді. Енді бір айдан соң-ақ яғни жаз кезінде күн бір сағатқа ұзарады, — дейді мұғалім.

Бір ай өтеді. Сабақта тағы жыл мезгілдері туралы әңгіме болады. Мұғалім Қожанасырдан:

— Ал, Қожа, сен айтшы, бір тәулікте неше сағат бар? — деп сұрайды.

Сонда Қожа:

— Күзде, қыста, көктемде жиырма төрт сағат бар, ал жазда жиырма бес сағат бар, — деп жауап беріпті.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**13-тапсырма.** Әлібек пен Дэвидтің арасындағы диалогті толықтырып, оқыңдар. Екі кейіпкердің көңіл күйін сипатта.

Дэвид: Әлібек, бұл қандай той?

Әлібек: Бұл — ...

Дэвид: Оны кімдер ...?

Әлібек: Наурыз — .... мерекесі. Қазақ халқы да бұл мейрамды ..... тойлайды.

Дэвид: Әлібек, қазақтың мейрамында ... дәстүрлер бар?

Әлібек: Бұл ... қызығы өте көп.

Дэвид: Киіз үйдің ішін ... !

Әлібек: Әрине, көрсетемін. Жүр, үйге кір!

Дэвид: Әлібек, қарашы, мынау дегенің керемет ...!

Әлібек: Ия, бұл домбыра мен ....

Дэвид: Әлібек, саған шексіз рақмет!

Әлібек: Саған да көп рақмет, Дэвид!

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 14-тапсырма. Тақырып бойынша «Қосжазба күнделігін» толтыр. Түсіндір.

Сөйлем	Түсініктемесі
Қазақта «тұмса табиғат» деген ұғым бар.	
Наурызды қазақтар «Табиғат-Ананың мейрамы» деп атайды.	
Наурызда ғана жасалатын дәстүрлер бар.	

## ЖАЗЫЛЫМ

## ОЙТАРАЗЫ

### 15-тапсырма. Шығу парағын пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап бер.

1. Бүгін не үйрендіңдер?
2. Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?
3. Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

### КЕЛ, ЖАТТАЙЫҚ!

Күн менен түн теңелді,  
Жер шуаққа кенелді,  
Соны тойлар ел енді.  
Наурыз тойы салтымыз.  
«Көгерсін», — деп халқымыз  
Көшеге тал егеміз.  
Жарқырап тұр күніміз,  
Жайқалсын жас гүліміз,  
Бақта бұлбұл сайрасын.  
Сәнді көктем нұрымен,  
Наурызтойы жырымен  
Көңіл гүлдей жайнасын.

*Әділбай Табылдиев*

### ЕСТЕ САҚТА!

22 наурыз — ұлы мейрам. Шығыс халықтары ежелден оны тойлап келе жатыр. Халқымыз бұл мейрамға ерекше дайындалған. Наурызда нұр жеңеді, жылылық келеді. Наурызтойда жасалатын ырым мен дәстүр көп.

# Әлем халықтарының наурызды тойлау дәстүрлері

3-4-  
сабақтар

## ЖАҢА СӨЗДЕР

*шаттық, түрлі, өзіндік,  
дегенмен, даналық*

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

**1-тапсырма.** Өздерің тұрған аймақта Наурыз қалай тойланады? Баяндап жаз. Айт.

## АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Суретке қара. Олардың бүгінгі сабақтың тақырыбына қандай қатысы болуы мүмкін? Өз болжамыңды айт.



## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 3-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқы. Автордың көңіл күйі туралы айт.

Ұлы күнде тауып мезгіл бір ретін, Атқарғандай қасиетті міндетін. Жаратылыс нұрын бөліп Жаратқан, Жылына бір теңелген сәт күн мен түн.	Аққа тиіп ағайынның ауызы, Артты сол күн наурызкөже маңызы... Бойындағы нәрін берген аямай Табиғаттың адамға жоқ қарызы! А.Найманбаев
--	---

## ЖАЗЫЛЫМ

### 4-тапсырма. Бұйрық райлы 4 сөйлем құрап жаз. Сөйлемдер Наурыз мерекесіне байланысты болсын.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

### 5-тапсырма. Мәтінді оқы. Наурызды тойлау дәстүрлері туралы түсінгеніңді шат көңіл күймен айт.

Наурызды тойлауда әлем халықтарының өзіндік ерекшеліктері бар. Дегенмен барлығына ортақ бір даналық заң бар. Ол — «Наурызды жаңа өмірдің басы» деп құрметтеу, шат көңілмен қарсы алу. Иран жерінде Наурыз 13 күн тойланады. Мереке жақындағаннан халық үйлерін тазалайды, жаңа киім-кешек алады. Дастарқанға парсы әліпбиіндегі син әрпінен басталатын жеті түрлі тағам, сонымен бірге айна, шам, су құйылған ыдыс, қызыл балық, боялған жұмыртқа мен тиын қояды.

Әзірбайжанда Наурыз бес күн тойланады. Наурызға дейінгі төрт сейсенбі атап өтіледі. Бұл сейсенбілер су, от, жел және жерді білдіреді. Соңғы сейсенбіде балалар көршілерінің есігін қағып, баскиімін қалдырып кетеді. Үй иесі баскиімді танып, сол үйге арнайы сыйлықтар алып барады.



Тәжіктер Наурызда «бадж» деп аталатын тағам пісіреді. Бұл тағам қошқардың бас-сирағы мен бидайдан әзірленеді. Наурызда тәжіктер арқан тартпақ, қораз төбелестіру, көкпар сияқты ұлттық ойындарды ойнайды.

Түркияда халық Наурызды ерте тойлайды. Қыстың аяқталғанын білдіру үшін тұрғындар далада от жағды. Ұлттық тағамдар пісіреді. Солтүстік жақта «Март бозуму» деп аталатын дәстүр бар. Халық жан-жануарлардың үстіне су себеді. Ал батыс жақта адамдар оттың үстінен секіреді.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Мәтіннің мазмұны бойынша жоспар құр. Тірек сөздерді анықта. Сол сөздерді қатыстырып, бұйрықты сөйлем жаз.



## ТЫҢДАЛЫМ. АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Өзбектердің Наурызды тойлау дәстүріне қатысты мәтінді тыңда. Мәтін мазмұны бойынша бір-біріңе сұрақ қойыңдар. Ұлттық мейрамды тойлау ерекшелігін толық түсіну үшін төмендегі тірек сөздердің мағынасын анықтап жазып ал: *сумалак, өнген бидай, майда тас, таң атқанша қозғайды, қазанның түбі, шынашақ, үйге ырыс әкеледі.*

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Оқы. Қай дәстүр қай халыққа тән екенін белгіле, айт.

«Бадж» деген арнайы тағам пісіреді.	<b>Иран</b>	жан-жануарлардың үстіне су себеді.
Сумалак пісіреді	<b>Түркия</b>	Наурызда арқан тартысады, қораз төбелестіреді.
Балалар көршілерінің есігіне баскимін қалдырып кетеді.	<b>өзбек</b>	дастарқанға боялған жұмыртқа мен тиын қояды.
Син әріпінен басталатын жеті түрлі тағам пісіреді.	<b>тәжік</b>	Наурызға дейінгі төрт сейсенбіні атап өтеді.
Далада от жағады.	<b>әзірбайжан</b>	ұсақ тастарды бөліп алады.

## АЙТЫЛЫМ

**9-тапсырма.** «Аквариум» рөлдік ойыны. «Біз Наурызда...». Қазақ, иран, түрік, өзбек, тәжік, әзірбайжан ұлтының өкілі болып, Наурызды тойлау дәстүрлеріңді айтыңдар. Қуанышты, тілекті жеткізуге байланысты этикеттік сөздерді орынды қолданыңдар. Сынып ең үздік топтық жұмысты анықтасын.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Мәтінді оқы. Қою қаріппен берілген сөздер бойынша сөздік жұмысын жаса. Түсінгеніңді айт.

Наурыз мейрамы біздің жыл санауымыздан бұрынғы VII ғасырда өмір сүрген **Тұранның қағаны Алып Ер Тоңғаның** заманынан бері тойлана бастаған. Кейбір зерттеушілер бұл мерекенің 30 мың жылдық тарихы бар екенін айтады.

Наурызды тойлауға екі рет тыйым салынған. Ислам діні енгеннен кейін арабтар ескіден қалған мереке ретінде Наурызға тыйым салған. Алайда көшпенділер оны тойлауын тоқтатпаған. Кейін 1926 жылы Кеңес өкіметінің кезінде тыйым салынған. Соған қарамастан ауыл-ауылда Наурыз мерекесі тойланып отырды. Бұл — халықтың салт-дәстүрін ешқандай заң **жоя алмайтынын** көрсетеді.

## АЙТЫЛЫМ

**11-тапсырма.** Мәтінге тақырып қой. Өз ойыңды дәлелде.

## ОЙТАРАЗЫ

## ЖАЗЫЛЫМ

**12-тапсырма.** Сабақта өтілген мәтіндерді INSERT оқыту стратегиясы бойынша талда. Төмендегі белгілермен әр абзац не сөйлемдерді белгіле. Өз ойыңды қорытындылап жаз.

«V»	«-»	«+»	«?»
Бұрыннан білемін	Менің ойлағанымға қайшы, кереғар	Мен үшін жаңа ақпарат	Келісе алмаймын, білгім келеді

## ЕСТЕ САҚТА!

Наурызды тойлауда әлем халықтарының өзіндік дәстүрі бар. Дегенмен бәріне ортақ бір даналық заң бар. Ол — «Наурызды жаңа өмірдің басы» ретінде құрметтеу. Адамдар бір-біріне сый-сияпат жасайды. Наурызда өзбектер сумалак пісіреді. Оны әйелдер кезекпен қозғайды.

# Наурыз қай күні кірсе...

5-6-  
сабақтар

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

## ЖАҢА СӨЗДЕР

ырыздық, барынша

### АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Әртүрлі дереккөздерді пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жауап бер.

1. Қазақта қай күн «сәтті күн» деп есептеледі?
2. Қай күн қасиетті саналады? Не себепті?
3. Қазақтар неге: «Сенбі — істің басы» — дейді?
4. Адам өмірінде апта күндерін білудің қандай маңызы бар?
5. Өзің қай күнді сәтті деп санайсың?
6. Өз ұлтыңда апта күндеріне қатысты қандай сенім, дәстүрлер бар?

### ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Мәтінді оқы. Әр күнге байланысты наным-сенімді кесте түрінде жаз.

Киелі күндер — қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымындағы аптаның қасиетті саналатын күндері. Күнделікті тәжірибеде әр күннің қыр-сырына қанық болған қазақ халқының киелі санайтын күндері наным-сенім, ырым, жоралғыларға толы әрі күнделікті тіршілігімен тығыз байланысты. Қазақтар сейсенбіні ауыр күн санап, ол күні жолға шықпаған, жұмыс бастамаған, көшіп-қонбаған. Егер қысылтаяң не шұғыл шаруамен жолға шығатын болса, «Жолым жеңіл болсын!» деген ырыммен жерге тұз көмген. Ал сәрсенбі аптаның ішіндегі сәтті күн саналған, сол күні іс бастауды, жолға шығуды оңтайлы көрген. «Бейсенбі, жұма күндері аруақтар үйде қонақтап жүреді» деген наным қалыптасқан. Бұл күні қазақтар жұма намазын оқуға мешітке барады, кір жумайды, шаш қимайды.

### ЖАЗЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Өзіңнің бір аптадағы әрекеттеріңді әзіл түрінде жаз. Мәтінде демеулік шылауларды қолдан.

**4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Оқы.**

Жылдың қандай болуы 22 наурыздың аптаның қай күні кіруіне де байланысты болады.

Наурыз дүйсенбіде енсе, бұл жылы жауын-шашын көп болғандықтан, астық көп, **ырыздық** мол жыл болады. Бидай тез піседі. Мақта жақсы өседі.

Наурыз сейсенбі күні кірсе, ол Марсқа байланысты болады. Бұл жылы той-думан **барынша** көбейеді, халықтың әл-ауқаты жоғары болады. Жан-жануарға да жайлы болады. Жеміс-жидектің бағасы арзандайды.

Наурыз сәрсенбі күні кіретін болса, ол Меркурийге байланысты. Бұл жылы қауын-қарбыз, қияр көп болады. Лобия, тары дәндері тоқ болады. Бірақ арпа мен бидай қымбаттау болады.

Наурыз бейсенбіде кірсе, ол Юпитерге байланысты болады. Бұл


жылы жауын-шашын көп болады. Сондықтан жеміс-жидек пен астық мол болады. Халықтың жағдайы жақсарып, өнер адамдары үшін де сәтті болады. Сауда-саттық дамиды, әскердің де жағдайы жақсарады.

Наурыз жұмада кірсе, ол Шолпан жұлдызына байланысты болады. Бұл жыл мерекелі, берекелі болады. Бірақ күн суық, қыс ұзақтау болуы мүмкін. Адамдардың көңіл күйі жақсарады.

Наурыз сенбіде кірсе, ол Сатурнға байланысты болады. Бұл жылы жауын-шашын аз болғандықтан, біраз қымбатшылық тууы мүмкін. Бірақ рухани әлемде жақсылық көбейеді.

Наурыз жексенбіде кірсе, ол Күнге байланысты. Бұл жылы молшылық, арзаншылық болады. Қылмыс пен қиянат аз болады.

*Омар Хайямнан*



Данный экземпляр учебника выдан по запросу МОН РК (13-2/048 от 10.09.2019). Все права защищены законом об авторском праве. Печать и распространение учебника и его частей запрещены без письменного согласия правообладателя\* (ст. 198 УК РК от 100 МРП до 7 лет лишения свободы).

Данный экземпляр учебника выдан по запросу МОН РК (13-2/048 от 10.09.2019). Все права защищены законом об авторском праве. Печать и распространение учебника и его частей запрещены без письменного согласия правообладателя\* (ст. 198 УК РК от 100 МРП до 7 лет лишения свободы).

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Мәтін мазмұнын кластер түрінде жинақтап жаз. Түсіндір.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Мәтіннің мазмұны бойынша күрделі жоспар жаз. Сұхбат құрыңдар.

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** «Рөлдік ойын». Жағдаят: сен жеке кәсіпкерсің. Басқа адамдарға көмектесе алатындай қаражатың бар. Өзіңнің туған жеріңде Наурызды тойлауға қандай көмек көрсетер едің? Ойыңды дәлелдеп айт. Сөзіңде 1 мақал, 3 фразеологизм қолдан.

### АЙТЫЛЫМ

**8-тапсырма.** «Кел, ой бөлісейік...». Осыған дейін Наурызға қатысты оқылған, тыңдалған мәтіндер бойынша айтылған мәліметтерді салыстырып, талдаңдар. Ой қорытындыларың бойынша пікір алмасыңдар. Ойбөлісте тұрақты тіркестерді, көркемдегіш құралдарды қолданыңдар.

## ОЙТАРАЗЫ

**9-тапсырма.** Шығу парағын пайдаланып, сұраққа жазбаша жауап бер.

1. «Наурыз қай күні кірсе...» тақырыбы бойынша не үйрендің?
2. Сен үшін тақырыптың құнды жақтары қандай болды?
3. Өзіңнің, жолдастарыңның білімін бағала (өз жұмысыңа, жолдастарыңның топ ішіндегі әрекеттеріне көңілің тола ма?)
4. Осы тақырып бойынша тағы не білгің келеді?
5. Осы тақырып бойынша тағы қандай ақпарат көздерін оқисың?

## ЕСТЕ САҚТА!

Жылдың қалай өтетіні Наурыздың қай күні кіргеніне байланысты болады.

# Қазақы наурызнама

7-8-  
сабақтар

## ЖАҢА СӨЗДЕР

наным-сенім

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Мәтінді оқы. Түсінгеніңді айт.



Болат Бопайұлы 1960 жылы 1 қаңтарда Қытай Халық Республикасы Алтай аймағындағы Көктоғай ауданында дүниеге келген. 1986 жылы Іле педагогикалық университетінің қазақ тілі мен әдебиеті факультетін аяқтаған. 1998 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік университеті филология факультетінің қазақ әдебиеті мен теориясы кафедрасының аспирантурасын бітірген. Үрімші қаласында ұстаздық етті, «Шыңжаң жас өрендер баспасында»

редакторлық қызмет атқарды.

«Қазақтың алғыстары мен қарғыстары» атты еңбегі, Ахметжан Қайбарұлымен бірлесіп жазған «Қазақ ырымдары» атты кітабы Қазақстан Республикасының «Қазақ энциклопедиясы» баспасында қазақ және орыс тілдерінде, Үрімші қаласындағы «Шыңжаң халық баспасынан» араб жазуымен жарық көрді. «Сөз саралау өнері» атты ғылыми-зерттеу еңбегі «Ақыт ақиқаты» атты монографиясы, «Қазақ кәделері», «Асыл қазына», «Қазақтың алғыстары мен қарғыстары», «Қазақтың түс жоруы» атты кітаптары оқырман қолына тиді.

«Қазақы наурызнама» — Болат Бопайұлының көп жыл бойы жүргізген зерттеулерінің нәтижесі.

### ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Сөздікті пайдаланып, автор жариялаған еңбектердің атын орыс тіліне аударып жаз. Б. Бопайұлы зерттеу жұмысының бағыттары туралы пікірлесіңдер.

## ЖАЗЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Әртүрлі дереккөздерді пайдаланып, Наурыз туралы зерттеу жүргізген қазақ ғалымдары туралы мәлімет жина. Сол бойынша картотека түзіп жаз.

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Оқы. Мәтінге ат қой.

«Наурыз мерекесі **Нұх пайғамбардан** қалған», — деп айтылады. Аңыз бойынша, ежелгі адамдарды **топан судан** аман алып қалған Нұх пайғамбардың кемесі Қазығұрт тауының басына тоқтаған. Кемеден аман қалған тіршілік иелерінің жаңа өмірі осы күн мен түн теңелген Ұлыстың ұлы күні басталады. Нұх пайғамбардың кемесінде топан судан аман қалған адамзат кемеден қалған жеті дәннен көже жасапты. Айналаны балшықтан тазартып, бұлақтардың көзін ашыпты. Қисайып қалған ағаштарды түзеп, бұтақтарын көбейтіпті. Аман қалған ел бір-бірімен құшақтасып көрісіпті. Содан бері Наурыз — тазалық пен **ізгіліктің**, мейірім мен кешірімнің мерекесі, өзіндік **наным-сенім** мерекесі болып сақталды.

Ата-бабаларымыз Наурызды «**Уыз мереке**» деп атаған. «Наурыз» сөзі ғалымдардың айтуынша, парсы тілінен аударғанда «жаңа күн», «жаңа жыл» деген мағынаны білдіреді», — деп жүрміз ғой. Бұл жаттанды сөздер. Елдің арасында: «Наурыз» атауы нәр уыз» деген сөзден шыққан», — деп айтылады. Бұл ойға толық қонады.

Байырғы қазақтар көктемнің осы айын «уыз айы» деп атаған. Өйткені осы айда **төрт түлік** мал төлдейді. Халықтың аузы аққа тиеді, малдың аузы көкке тиеді. «Уыз — сүт сұлтаны, ақ — ұлтаны», «Уызға жарымаған өмірі ештеңеге жарымайды» деген мақал осындайдан қалған. Ата-бабаларымыздың өлеңдерінде осы уыз мерекесі тамаша суреттеледі.

Иә, «Мерекелі ел — берекелі ел», — деп тегін айтылмаған ғой. «Наурыз» дейік, «уыз» дейік, бұл ұлттар мен ұлттарды, ұлыстарды жақындастыратын алтын арқау, күміс тұтқа. Наурыз мерекесіне барлығымыз бір адамдай атсалысуымыз керек.

*«Қазақ әдебиеті» газеті,  
Б. Бопайұлымен сұхбат*



## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Сөздіктің көмегімен мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын тап. Оларды қатыстырып бұйрықты сөйлем құрап жаз.

## АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Төмендегі тақырыптарды мәтін мазмұнының ретімен орналастыр.

1	Наурыз — бірліктің мерекесі	4	Наурыз туралы ежелгі аңыз
2	Уыз мерекенің шығу тарихы	5	Наурыз туралы қате ой
3	«Наурыз» сөзінің шығу тарихы	6	Наурыз дәстүрлері

## ЖАЗЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Сөйлемге қажетті сөз тіркестерін тауып жаз.

«Наурыз мерекесі ... қалған» деген аңыз бар. Пайғамбардың кемесі ... басына тоқтаған. Кемеде аман қалған ... жаңа өмірі осы күн мен түн теңелген Ұлыстың ұлы күні басталады. Аман қалған адамдар кемеде қалған ... көже жасапты. Айналаны балшықтан тазартып, ... ашыпты.

«Наурыз» сөзі көп ғалымдардың айтуынша, парсы тілінен аударғанда «...» деген мағынаны білдіреді деп жүрміз. Бұл — ... Байырғы қазақтар көктемнің осы айын «...» деп атаған.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**8-тапсырма.** «Үздік журналист». Мәтін мазмұны бойынша Б.Бопайұлынан сұхбат ал. Ол үшін әр абзацтың мазмұнына сай келетін 2-3 сұрақ жаз. Онда этикеттік сөз орамдарын қолдан. Жазған сұрақтарыңды оқыңдар. Сөйтіп, сыныптағы «үздік журналисті» анықтаңдар.

## АЙТЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Жұптық жұмыс. Телехабардағы Болат Бопайұлы тікелей эфирден сөйлеп отыр. Ғалымға Наурызға байланысты қандай сұрақ қояр едіңдер?

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Мәтінді оқы. Мазмұны бойынша пікір алысыңдар. Қолдау не қарсылық білдіруге байланысты этикеттік сөз орамдарын қолданып сөйлеңдер.

Наурыздың мәртебесін көтеру үшін жас ұрпақтың санасына осы Ұлыстың ұлы күні туралы ізгілікті құю керек. Халықты Наурыз мерекесіне тарта білсек, бірте-бірте жастарымыз да оны қуана күтетін болады.

Биыл еліміздің оңтүстігінде Наурыз мерекесі тоғыз күн тойланбақшы екен. Бұл — өте жақсы, қуанарлық жағдай. Әрбір мерекелік күнді «Тағзым күні», «Тазару күні», «Бұлақ көзін ашу күні», «Тайқазан күні» деп белгілепті.

## АЙТЫЛЫМ

**11-тапсырма.** «Егер менің қолымда болса...». Мүмкіндігің болса, мектебіңде Наурыз тойын қалай тойлар едің? Өз жобаңды ұсын.

## ОЙТАРАЗЫ

## ЖАЗЫЛЫМ

**12-тапсырма.** Шығу парағын пайдаланып төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

1. Бүгін не үйрендіңдер?
2. Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?
3. Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

## ЕСТЕ САҚТА!

«Наурыз мерекесі Нұх пайғамбардан қалған», — деп айтылады. Аңыз бойынша, пайғамбардың кемесі Қазығұрт тауының басына тоқтаған. Кемеде аман қалған тіршілік иелерінің жаңа өмірі осы күн мен түн теңелген Ұлыстың ұлы күні басталады. Нұх пайғамбардың кемесінде топан судан аман қалған адамзат кемеді қалған жеті дәннен көже жасапты. Айналаны балшықтан тазартып, бұлақтардың көзін ашыпты. Қисайып қалған ағаштарды түзеп, бұтақтарын көбейтіпті. Аман қалған ел бір-бірімен құшақтасып көрісіпті. Қазақтар Наурызды «Уыз мерекесі» деп атаған.

# Наурыз — уыз мерекесі

9-10-  
сабақтар

## ЖАҢА СӨЗДЕР

уыз, өріс

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ


**1-тапсырма.** Мәтінді оқы. Қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын анықтап, уыз жайлы түсінгеніңді айт.

**Уыз** — жаңа төлдеген малдың 4-5 тәулікке дейінгі ең маңызды сүті. Сары уызды енді ғана төлдеген **малды** бірінші рет **сауғанда** алады. Уыздың нәрлілік қасиеті кәдімгі сүттен бірнеше есе күшті болады. Уыз, сүтке қарағанда, қою, сары түсті, қышқыл дәмді. Уыздың құрамында антиоксидант өте көп. Сондықтан ол жас төл ағзасының қорғаныш **қасиетін** арттырып, асқорыту жүйесін ретке келтіреді.

Енесінің уызын тойып емген төл мықты болады, тез **ширайды**. Енесі өрістен келгенше өздігінен

жем-шөп жеп, тез өседі. Сондықтан қазақта «уызына жарымаған» деген сөз қалған. Бұл әлсіз, аурушаң балаларға, төрт түліктің әлсіз төлдеріне қатысты айтылады.

Уызды сиыр, қой, ешкі сүтінен дайындайды. Жаңа сауылған сүтті таза етіп жуылған **қойдың бүйеніне** құйып, қайнап жатқан суға салып пісіреді. Кейде сүтке кішкене қант не тұз сеуіп, уыздың дәмін келтіреді. Бір үлкен қойдың бүйеніне 1,5 литрге дейін сүт сыяды. Уыз піскен кезде қатады, сондықтан бүйенмен бірге біркелкі етіп кесіледі.



## ЖАЗЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Демеулік шылауларды қатыстырып, уыз дайындау технологиясы жөнінде мәтін құрап жаз.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Әртүрлі дереккөзден ақпарат тауып, уызбен байланысты тыйым сөздер мен мақал-мәтелдерді тап.

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

### ОҚЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Өлеңді мәнерлеп оқы.

Уыз айы туғанда,  
Көкте ай толғанда,  
Қозы, лақтар маңырап,  
Қой мен қозы жамырап,  
Рақаттанып қаласың.  
Уызға қарын тойғанда,  
Уыз айы болғанда,  
Ай қараңғы солғанда,  
Ақ көбейіп бұл маңда  
Жайраңдап бір қаласың.

Уыз айда уыз бай,  
Уызға келер қонақ сай.  
Уыз ішіп, қыдырып,  
Қонақ болып жүрдім жай.  
Уыз айым керемет,  
Қадірін мұның кім білед?  
Уыз айда — сары уыз,  
Ас орнына сол жүред.

*Халық өлеңі*

### ЖАЗЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Төменде берілген сөздердің қайсысы мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздерге синоним болатынын анықтап жаз.

ауызда		төлдің енесін еміп қоюы	
мәз болу, қуану		қонаққа бару	
беті ауған жаққа кету		тамақ	

### ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Өлеңнің әр шумағының мазмұнын ашатындай сұрақ жаз. Сол сұрақтарды пайдаланып, үлгі бойынша сұхбат құрыңдар.

**Үлгі:**

- Уыз айы туғанда не жамырайды, кім жайраңдайды? Неге?
- ....
- Сары уыз қандай тағам?
- ....

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 7-тапсырма. Мәтіндегі қай шумаққа қай сөйлем сәйкес келеді?

Адамдар уыз айын асыға күтеді.

Уыз — тоқ тамақ.

Уыздың пайдасы көп.

Сары уыз — ең қадірлі тағам.

Сары уыздың қадірін білу керек.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 8-тапсырма. Үлгіге қара. Мәтіндегі көркемдеуіш сөздерді теріп жаз. Олардың автордың ойын берудегі рөлін айт.

**Үлгі:** Көкте ай толғанда, ай қараңғы солғанда, ...

## АЙТЫЛЫМ

### 9-тапсырма. «Уыз айы мен Наурыздың байланысы» тақырыбында өлең мазмұны бойынша диалог құрыңдар. Мейрам атауына қатысты өз пікірлеріңді полилог түрінде бөлісіңдер.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 10-тапсырма. Мәтінді оқы. Түсінгеніңді айт.

Ақ «жаулықты аналар уызды наурыzkөжеге қосады. Ақ ниетпен жасалған бұл әрекеттің астарына үңілдік пе екен? Әйтеуір, бала болсақ та, сол бір шақта бірлікпен жасалған тірліктің ілгері басатынына көзіміз жететін. Елдің арасында: «Наурыз» атауы «нәр уыз» деген сөзден шыққан» — деп айтылады. Бұл ойға толық қонады. Ата-бабалар малдың қамын жасады. Олар үшін түлікті түлетудің мәні ерекше еді. Ендеше, оның түпкі мақсатында

«уыздың нәрінен қуат аламыз» деген ой бар шығар. Әрине, бұл тек болжам ғана.

Ауылдың ақылшы ақсақалы бата бергенде: «Қазанға толсын сары уыз, Қайнасын наурыzkөже де», — дейді. Осыдан-ақ қазақ үшін уыздың орны бөлек екенін ұғына аламыз. Сондықтан да наурыз дастарқанына уыз көжені қойсақ, ақ та мол болар еді, берекеміз де арта түсер еді.

*Б. Бопайұлынан*

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## ЖАЗЫЛЫМ

**11-тапсырма.** Мәтін мазмұнындағы ойды сөйлеу, көркем-әдеби, публицистикалық стильдерде жаз. Олардың тіл ерекшеліктерін салыстырып, талда.

ОЙТАРАЗЫ

## ЖАЗЫЛЫМ

**12-тапсырма.** «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жаз.

**Бас бармақ — басты мәселе.** *Бүгін сабақта ең құнды мәселе қандай болды?*

**Балаң үйрек — бірлесу.** *Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім? Кімнен көмек сұрадым?*

**Ортан терек — ойлану.** *Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?*

**Шылдыр шүмек — шынайылық.** *Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?*

**Кішкентай бөбек — көңіл күй ахуалы.** *Мен өзімді сабақта қалай сезіндім?*

## ЕСТЕ САҚТА!

Уыз айым керемет,  
Қадірін мұның кім білед?  
Уыз айда — сары уыз,  
Ас орнына сол жүред.

# Нәтиже сабақ. Мен не үйренгім?

11-  
сабақтар

## АЙТЫЛЫМ

### 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Сенің ойыңша, «Наурыз» сөзі қайдан шыққан?
2. Наурызды неге «Шығыс халықтарының мерекесі» деп атайды?
3. Наурыз бен жаңа жылдың қандай айырмашылығы, қандай ортақ белгілері бар?
4. Наурызда ғана жасалатын қандай дәстүрлерді білесің?

## ЖАЗЫЛЫМ

### 2-тапсырма. «Әз Наурыздың көне тарихы» тақырыбында эссе жаз. Эсседе төмендегі тірек сөздерді қолдан.

**Тірек сөздер:** Табиғат - Ана, ғасыр, ежелгі, аңыз, Нұқ пайғамбар, сөз этимологиясы, түркі халықтары, Уыз мейрамы, ұлттық дәстүрлер, наным-сенім және т.б.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 5-тапсырма. «Менің алған әсерім» кестесін толтыр.

қандай жаңа ой пайда болды?	не сезіндім?	не ұнады?

## БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

Наурыз — жыл басы.  
Уыз — сүт сұлтаны, ақ — ұлтаны.

Халық нақылдары

## АЙТЫЛЫМ

### 3-тапсырма. «Әр елдің салты басқа...». Бұйрықты сөйлемдер мен демеулік шылауларды, этикеттік сөз орамдарын пайдаланып, парталас көршіңмен шығыс халықтарында жаңа жыл мейрамында жасалатын салт-дәстүр жайлы сөйлесіңдер. Наурыз бен жаңа жылды тойлаудағы әлем халықтарының салт-жоралғылары жайлы ой бөлісіңдер.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 4-тапсырма. Жұптық жұмыс. «Наурыз — ерекше мереке» тақырыбында сөзжұмбақ құрастырыңдар. Сөзжұмбақ сұрақтарының сауатты әрі түсінікті болуына назар аударыңдар.

## ОЙТАРАЗЫ

## ОҚУШЫ, ОСЫ ТАҚЫРЫПТЫ ОҚУ БАРЫСЫНДА СЕН

- прозалық шығарманы тыңдап, идеясы мен тақырыбын анықтауды;
- сөйлеу этикеті формаларын қолдана білуді;
- шағын мақала, аннотация жазуды;
- талғаулы салалас құрмалас сөйлемдерді құрастыруды **үйренесің**.

# Ел болашағы жастардың қолында

1-2-  
сабақтар

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

## ЖАҢА СӨЗДЕР

*жолдау, көшбасшы, іргетас*

## АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

- «Жолдау» деген не?
- Жолдаудың негізгі мақсаты қандай?
- Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған жолдаулары туралы не білесің?
- Осы уақытқа дейін Елбасы неше жолдау жолдады?

## АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Қанатты сөздерді жаз. Осы сөздердің біреуін тақырып ретінде алып, ой бөлісіңдер.

- Біздің баға жетпес байлығымыз – бабалардан өсиет боп қалған, халқымызға қасиет боп қонған береке-бірлігіміз.
- Құнды қазынамыз – тарих табыстырып, тағдыр тоғыстырған халқымыз. Ынтымақ кеткен жерден ырыс, бірлік кеткен жерден береке кетеді.
- Бой салыстыратын заман емес, ой салыстыратын заман.
- Отанды қорғау — алдымен әкеңді, балаңды, анаңды қорғау. Соларды қорғау — Отанды қорғау.
- Болашақ білімді жастардың қолында.
- Тек кітап қана алға жылжуды, адамдық шыңына шығуды үйретеді.

**Ойбөліске қойылатын талаптар:**

- тақырыптан ауытқымау;

- регламент сақтау;
- сөз әдебін сақтау;
- тіл сауаттылығы;
- Н. Назарбаевтың қанатты сөздерін қолдану;
- өзіндік ойы мен көзқарастарын жүйелі жеткізу.

## ТІЛДІК БАҒДАР

### Талғаулы салалас құрмалас сөйлем

Құрамындағы жай сөйлемнің біреуіндегі іс-әрекет, қимылдың жүзеге асатынына болжам жасалатын салаластың түрін *талғаулы салалас құрмалас* дейміз. Талғаулы салалас құрмалас сөйлем не, *немесе, болмаса, не болмаса, я болмаса, я, яки, әйтпесе, әлде* шылаулары арқылы құрмаласады.

## ОҚЫЛЫМ

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

### 3-тапсырма. Мәтінді оқы. Мәтіннің идеясын анықта.

Еліміздің болашақ көшбасшылары — бүгінгі студенттер мен мектеп оқушылары «Қазақстанның іргетасына қаланған әрбір кірпішін» білуге тиіс. ...Сіздердің, бүгінгі жастардың, ерекше ұрпақ екендеріңізді қайталаудан мен жалықпаймын. Сіздер тәуелсіз Қазақстанда өмірге келдіңіздер және сонда ержетіп келесіздер. Сіздердің жастық шақтарыңыз — біздің еліміздің көтерілу, гүлдену мезгілі. Сіздер осы жетістіктер мен табысқа жете беру рухын бойларыңызға сіңіргенсіздер. Атап айтқанда, біздің еліміздің тағдыры сіздердің тағдырларыңызбен айқындалады (Н.Назарбаев).

## ЖАЗЫЛЫМ

### 4-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды қойып, сөйлемді жаз. Не себепті ол қосымшаларды қойғаныңды түсіндір.

1. Еліміз... болашақ көшбасшылары — бүгінгі студенттер мен мектеп оқушылары. 2. Сіздердің, бүгінгі жастардың, ерекше ұрпақ екендеріңізді қайталау... мен жалықпаймын. 3. Сіздер тәуелсіз Қазақстан... өмірге келдіңіздер. 4. Сіздердің жастық шақтарыңыз — біз... еліміз... көтерілу, гүлдену мезгілі.



## ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 5-тапсырма. Мәтінді тыңда. Н. Назарбаевтың жастарға арнаған сөзін монолог түрінде баянда.

## ЖАЗЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Шылауларды пайдаланып, талғаулы салалас сөйлем құра.

Не, не болмаса, яки, я болмаса, әйтпесе.

### МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## ЖАЗЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Мәтін бойынша «Қос жазба» күнделігін толтыр. Түсіндір.

Үзінді	Түсініктеме
Іргетас	ауыспалы мағынада тұрған сөз. «Негіз» деген мағынаны білдіреді. Мәтінде «мемлекетіміздің негізін қалау» деген мағынада қолданылып тұр.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Мәтінді мағыналық бөліктерге бөліп, әр бөлігіне тақырып қой. Әр бөлік бойынша екі сұрақтан дайындап, көршіңнен сұра.

Кіріспе бөлім

Негізгі бөлім

Қорытынды бөлім

## ЖАЗЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Берілген сөйлемдерді жалғастырып, талғаулы салалас сөйлем құра.

1. Ертеңгі жарысқа жақсылап дайындал, ... .
2. Не тезірек өтіп кет, ... .
3. Жастар қалаға барғысы келе ме, ... .
4. Дәулет сабақтан соң кітапханаға бармақшы болды ма, ... .

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**10-тапсырма.** «Елдің болашағы жастардың қолында» деген қанатты сөз Н. Назарбаевтың қай жолдауында айтылды? Дереккөзден осы жолдауды тауып оқыңдар. Осы тақырыпта мақала жазыңдар.

### Талаптар:

- нақты айқындалған кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды бөлімнен құралуы шарт;
- тақырыптан ауытқымаған дұрыс;
- өмірмен байланыс болуы тиіс;
- баяндау стилі нақты болуы шарт;
- көлемі — 60-70 сөз.

### ЕСТЕ САҚТА!

ҚР Тұңғыш Президенті Н. Назарбаев жыл сайын халыққа жолдау жолдайды. Жолдауда көптеген маңызды мәселелер туралы айтылады. Біз сабақта жолдаумен таныстық.



Тоныкөк тасындағы жазуда: «Қасиетті еліме иелік еткендігім үшін ел де ел болды, халық та халық болды» деген сөздер бар.

«Мәңгілік ел» идеясы арғы бабаларымыздың ұлы интеллектуалдық серпілісі. Күлтегін жазуында «мәңгі» сөзі бес рет қолданылып, барлығы тұжырыммен қорытындыланған.

«Мәңгілік ел» идеясы дүниеге келгеннен кейін Н. Назарбаев «Қазақ елі», «Ұлы дала елі», «Нұрлы жол», «Ұлт жоспары: 100 нақты қадам» тәрізді стратегиялық, этномемлекеттік ұғым-түсініктерді елдің ішкі-сыртқы саясатына, теориясы мен практикасына енгізді, Қазақ хандығының 550 жылдығын әлемге танытты. Қазақ елінің ділінің беріктігін, жүрегінің ашықтығын көрсетті (Х.Әбжановтан).

## ЖАЗЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Төмендегі тақырыпшаларды мәтін мазмұны бойынша қойып, шағын мәтін құра.

1. Стратегиялық ұғым-түсінік
2. Қазақстанның ұлттық идеясы
3. Күлтегін жазуы
4. Орхон-Енисей жазулары

## АЙТЫЛЫМ

**5-тапсырма.** «Үш қадамды сұхбат» тәсілін пайдаланып, мәтін мазмұны бойынша сұхбат құрындар. Сыныптағы оқушы санына қарай үш не 4 оқушыдан тұратын топқа бөлініңдер. Сұхбат төмендегідей жүйемен іске асуы керек:

А оқушы В-дан сұхбат алады, С олардың жауабын жазып отырады.

В оқушы С-дан сұхбат алады, А жауабын жазып отырады.

С оқушы А-дан сұхбат алады, В жауабын жазып отырады.



## ТЫҢДАЛЫМ

**6-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. Қандай құндылықтар мәңгі?
2. Біз қандай елдердің қатарына қосылуымыз қажет?
3. Мәңгілік ел болу үшін не керек?

## АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Мәтіндегі сөйлемдерге бірнеше нұсқада сұрақ қой. Осы сұрақтарды пайдаланып, көршіңмен сұхбат құр.

«Мәңгілік ел» идеясының тарихы үш негізден тұрады. Оның біріншісі — көне түркі жазба ескерткіштеріндегі «Мәңгілік ел» идеясы. Тоныкөк ескерткішінде мемлекеттің тұрақты болуы үшін билікті ұстап отырған қаған мен ақылгөй дананың ауызбіршілігі, елдің бірлігі үшін ынтымақ болу қажеттігі айтылады. Екіншісі — Әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындары» шығармасы. Үшіншісі — Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастаны (Д. Қауменнен).

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Н. Назарбаевтың 2014 жылы 17 қаңтарда жариялаған «Қазақстан жолы 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауын оқыңдар. Жолдау туралы әңгімелесіңдер.

## ЖАЗЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Төменде берілген тұжырымды эпиграф ретінде алып, шығарма жаз.

Біз үшін ортақ тағдыр — біздің Мәңгілік ел, лайықты әрі ұлы Қазақстан! Мәңгілік ел — жалпықазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы (Н. Назарбаев).

## ЕСТЕ САҚТА!

«Мәңгілік ел» идеясы Н. Назарбаевтың 2014 жылы 17 қаңтарда жариялаған «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауында айтылды. Жолдауда дамыған 30 елдің қатарына кірудің жоспары көрсетілді.

# Менің тілім — мәңгілік тіл

5-6-  
сабақтар

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

## ЖАҢА СӨЗДЕР

ұғым, тағдыр

### АЙТЫЛЫМ


**1-тапсырма.** Етістіктерді бұйрық рай тұлғасына ауыстыр. Сөйлем құрап айт.

Өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі бақытымызға мақтаным та, гүлденген келешекке сенім де «Мәңгілік ел» деген құдіретті ұғымға сыйып тұр. «Отанды сүю — бабалардан мирас болған ұлы мұраны қадірлеу, оны көздің қарашығындай сақтау, өз үлесіңді қосып, дамыту, кейінгі ұрпаққа аманат етіп, табыстау» деген сөз. Барша қазақстандықтардың жұмысының түпкі мәні осы!

Жалпыұлттық идеяны өміршең ететін елдің бірлігі (Н. Назарбаевтың «Нұрлы жол — болашаққа жол» атты жолдауынан).

### ЖАЗЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Сурет бойынша сөйлем құра. Дереккөздерден Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде ашылған «Мәңгілік ел» қақпасы туралы мәлімет жина.



**3-тапсырма.** Мәтінді оқы. Мәтін бойынша жоспар құр.

Қазақ тілі бүгінде ғылым мен білімнің, интернеттің тіліне айналды. Қазақ тілінде білім алатындардың саны жыл сайын көбейіп келеді. Еліміз бойынша мемлекеттік тілді оқытатын 57 орталық жұмыс істейді. Олардан мыңдаған азамат қазақ тілін үйреніп шықты, әлі де үйренуде. Былтырғыға қарағанда, биыл «Қазақ тілін білемін» деген өзге ұлт өкілдерінің саны 10 пайызға өскен. Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар. Ана тіліміз Мәңгілік елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды! Оны даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн (Н. Назарбаевтың «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауынан).

**ЖАЗЫЛЫМ****4-тапсырма.** «Оңай және қиын сұрақтар» кестесін толтыр. Кестенің сол жағына оңай, оң жағына қиын сұрақтарды жаз. Көршіңе дайындаған сұрақтарыңды қой. Оңай сұрақтар мәтін мазмұны бойынша, қиын сұрақтар көршіңнің өзі ойланып жауап беретін сұрақтардан тұруы тиіс.

оңай сұрақтар	қиын сұрақтар
<p>— Қазақ тілі қазіргі уақытта қандай тілге айналды?</p> <p>— Қазақ тілі ғылым, білім және интернеттің тіліне айналды.</p>	<p>— Мәңгілік ел болу үшін не істеу керек?</p> <p>— Менің ойымша, мәңгілік ел болу үшін экономикамызды дамытып, тілімізді, әдебиетіміз бен тарихымызды жақсы білу, жерімізді сақтауымыз қажет. Өйткені біздің тағдырымыз ортақ.</p>

**ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ****5-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Түсінгеніңді өз сөзіңмен айтып бер.

## ЖАЗЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Көп нүктенің орнына қажет сөзді қойып, мақал-мәтел жаз.

- Егемен ... еңсесі биік.
- Елу ... ел жаңа.
- Туған жердің ... де тәтті.
- Ел ... — ел қазынасы.
- Бүлінгеннен ... алма.
- Тоқсан ауыз сөздің ... түйіні бар.
- Тіл ... де озады.

*Қажет сөздер: бүлдіргі, түтіні, жүйріктен, жылда, тобықтай, қариясы, елдің.*

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Мәтіннен өзің маңызды санайтын сөйлемдерді теріп жазып, себебін түсіндір.

## ЖАЗЫЛЫМ

**8-тапсырма.** «Менің тілім — мәңгілік тіл» деген тақырыпта шығарма жаздым. Шығармамда қазақ тілінің тарихы, қоғамдағы орны, қазақ тілін қандай деңгейде білетінім туралы жаздым. Шығармамда 20 сөйлем жаздым.

- Ол қандай сөйлемдер жазуы мүмкін. Жазып көр.

## АЙТЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Екі оқушыдан жұптасып, мектептегі 2-3 мұғалімнен «Мәңгілік ел» идеясы тақырыбында сұхбат алыңдар. Алған сұхбаттарыңды топта талқылаңдар.



## ЕСТЕ САҚТА!

Н. Назарбаев Қазақстан халқына арнаған жолдауында қазақ тілінің дамуына тоқтады. Қазақ тілін білетін басқа ұлт өкілдерінің көбейіп келе жатқанын айтты. Мен де қазір қазақ тілін жақсы білемін.

# Н. Назарбаев «Қазақстан жолы» (үзінгі)

7-8-  
сабақтар

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

## ЖАҢА СӨЗДЕР

*атақоныс, жылнама, салт-сана, қадам, ашаршылық, азат, жарқын*

## АЙТЫЛЫМ

### 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Қазақстан өзін қай уақыттан бастап тәуелсіз мемлекет ретінде жариялады?
2. Қазақстанның тәуелсіздігін қай мемлекет бірінші болып мойындады?
3. Қазақстан халқының осы уақытқа дейін қандай жолдардан өткенін білесің бе?
4. Қазір Қазақстан қанша мемлекетпен байланыс орнатқан?
5. Қазақстанда соңғы уақытта қандай ірі шаралар іске асырылды?

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 2-тапсырма. Қанатты сөздерді жаз. Осы сөздердің бірін тақырып ретінде алып, ой бөлісіңдер.

- Инемен құдық қазғандай қиын да күрделі, орасан қажыр-қайрат пен ерік-жігерді талап ететін білімсіз өмір тұл.
- Денсаулықты бірінші кезекте адамның өзі қалыптастыруы керек.
- Бұл дүниеде біздің бір ғана отанымыз бар, ол — тәуелсіз Қазақстан.
- Жердің де, елдің де иесі өзің екеніңді ұмытпа!

### Ойбөліске қойылатын талаптар:

- тақырыптан ауытқымау;
- регламент сақтау;
- сөз әдебін сақтау;
- тіл сауаттылығы;
- Н. Назарбаевтың қанатты сөздерін қолдану;
- өзіндік ойы мен көзқарастарын жүйелі жеткізу.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Мәтінді оқы. Түсінгеніңді баянда.

Әрбір отбасы өзінікі деген меншікті мекенжай салып алуды арман етеді. Бәрі де кәдімгі қарапайым тілектен басталады. Ең әуелі отағасы болашақ үйінің нобайын ой жүзінде жобалап, көз алдына елестетеді. Әрбір бөлшегін ой елегінен өткізеді. Үйдің салынатын орны анықталғаннан кейін оның жобасы қағаз бетіне түсіріледі. Үй іргетасынан басталып, қабырғалары мен шатырына қарай бірте-бірте салына бастайды. Көптеген жанұялар «үйіміз сәнді де сапалы болсын» деп, оны жылдар бойы салады. Отағасы үйді «өзімнің балаларым

мен немерелерім, шөберелерім қалсын!» деп тұрғызады. Адамға өзінің қолымен салынған үйден қымбат еш нәрсе жоқ. Бірақ «үй» дегеннің мән-мағынасы оның жай ғана қабырғалары, терезелері мен ішкі бөлмелері сияқты ұғымдардан әлдеқайда ауқымды. «Үй» деген сенің баспанаң, құтханаң, тіршілік мекенің.

Мен сіздерге қазіргі тәуелсіз Қазақстанды құрудың қаншалықты күшке түскенін айтқым келеді (*Н. Назарбаевтың «Қазақстан жолы» кітабынан*).

## ЖАЗЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Жақша ішіндегі тиісті етістіктерді дұрыс тұлғада қойып, сөйлемдерді жаз.

Әрбір отбасы өзінікі деген меншікті мекенжай салып алады (көргісі кел, арман ет, алғысы кел). 2. Әрбір бөлшегін ой елегінен (өткіз, көр, айт). 3. Көптеген жанұялар «үйіміз сәнді де сапалы болсын!» деп, оны жылдар бойы (көрсет, сал, отырғыз). 4. Адамға өзінің қолымен салынған үйден қымбат еш нәрсе (мүмкін, бар, жоқ). 5. Сонымен бірге адамның табиғаты сондай өткендегі оқиғалар, әсіресе олардың жағымсыздары тез (ұмытыл, жеткіз, айтқыз). 6. Астанадағы биік ғимараттардың үстінен күнде ертемен баяу көтеріліп келе жатқан күн шапақтарын (тыңдама, байқама, көрсетпе).

## АЙТЫЛЫМ

### 5-тапсырма. Диалогті толықтырыңдар.

Әр отбасы не салуды армандайды?

\_\_\_\_\_ .  
Ол қандай тілектен басталады?

\_\_\_\_\_ .  
Ең бірінші не анықталады?

\_\_\_\_\_ .  
Отағасы үйді кім үшін тұрғызады?

\_\_\_\_\_ .  
Үй сенің нең?

\_\_\_\_\_ .  
«Қазақстан жолы» кітабында қандай үй туралы айтылады?

\_\_\_\_\_ .

## ЖАЗЫЛЫМ

### 6-тапсырма. Мәтінді мағыналық бөліктерге бөліп, әр бөлігіне тақырып қой. Әр бөлік бойынша екі сұрақтан дайында.

Кіріспе бөлім

Негізгі бөлім

Қорытынды  
бөлім

## ЖАЗЫЛЫМ

### 7-тапсырма. Төмендегі сөздерді пайдаланып, салалас құрмалас сөйлем құра.

Атақоныс, жылнама, салт-сана, қадам, ашаршылық, ахат, жарқын.

*Үлгі: Мен болашақта ел экономикасын дамытуға үлес қосамын, не болмаса ғылыммен айналасамын.*



## ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 8-тапсырма. Диалогті тыңда.

Түсінгеніңді айт. Сен «Қазақстан жолы» кітабында айтылған қандай мәселені жоба ретінде таңдап алар едің?

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## ЖАЗЫЛЫМ

**9-тапсырма.** «Қазақстан жолы» кітабы туралы аннотация жаз. Төмендегі үлгіні пайдалан.

*Кітаптың атауы:*

*Кітаптың авторы:*

*Шыққан жылы, баспасы, кітаптың көлемі:*

*Кітаптың құрылымы (неше тараудан тұратыны):*

*Қамтылған мәселелер:*

*Кімге арналғаны:*

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**10-тапсырма.** «Желаяқ» ойыны. Топқа бөлініңдер. Топ санына қарай тақтаға «Қазақстан жолы» кітабынан үзінді ілінеді. Топ мүшелері кезекпен тақтадағы мәтіннің бір сөйлемін ішінен оқиды. Оқыған сөйлемін тобына келіп жаздырады. Ойын осы ретпен мәтін аяқталғанша жалғасады. Ойынның соңында желаяқтар баяндаған мәтін мен тақтадағы түпнұсқа мәтін салыстырылады. Жылдам әрі мәтінді дұрыс құраған топ «жеңімпаз» атанады.

### ЕСТЕ САҚТА!

Н. Назарбаевтың «Қазақстан жолы» кітабын оқыдым. Кітапта Қазақстан Республикасының тәуелсіздік жылдарындағы жолы баяндалады. Елбасы өзінің кімнің еңбектері мен пікірлерін оқығаны туралы айтады.

# Жұлдыздарға жол салған Қазақстан

9-10-  
сабақтар

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

## ЖАҢА СӨЗДЕР

*естелік, мығым, мәлім,  
қосымша, салиқалы,  
кемелдену, түбегейлі, өтпелі*

## АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Суреттерді пайдаланып, мәтін құра.



## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Қою қаріппен берілген сөздерге сұрақ қой. Олардың сөйлемнің қай мүшесінің қызметін атқарып тұрғанын айт.

Ғарышкер болуға үміткерлерді іздеу сияқты едәуір **қиын** жұмыс басалды. Оларды әскери ұшқыштар арасынан іздедік. Бірде мен біздің газеттерді оқып отырсам, «Шымбұлақта **біздің** жерлесіміз, әскери ұшақтарды сынаушы-ұшқышы Тоқтар Әубәкіров демалып жатыр» дегенді жазыпты. Мен **қолма-қол** оны өзіме шақырып алдым. «Содан кейін-ақ қандай **қиындықтар** болды?» десеңізші: біресе: «Оның жасы 45-те, жарамайды!» — деді, біресе **денсаулығынан** кінәрат тауып алды. Бірақ мен де **тұрып алдым**. Ақыры, ол **ғарышқа** көтерілді (Н. Назарбаевтың «Қазақстан жолы» кітабынан).

## ОҚЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Мәтінді оқы. Мәтінге тақырып қой.

Байқоңыр жерінің ғарыштық болашағы туралы өз заманында Қорқыт ата көріпкелдікпен айтып кеткен. Сақталып қалған аңыздарда, бірен-саран жазбаларда Қорқыт атаның қасиетті жерді, мәңгілік өмірді іздегені айтылады. Жер-дүниені кезген оның соңынан өзі қатты қорқатын өлім еріп жүреді. Ақырында ол ғайыптан «Егер жердің кіндігін тапсаң, аман қаласың» деген сөзді естиді.

Қорқыт ата еш уақытта соғыс, табиғат апаттары болмайтын, «өлім» дегенді білмейтін жерді іздеген. Ақырында Қорқыт ата туған жеріне, Сырдарияның жағасына қайтып оралады. Ойлана келе, ол «мәңгілік өмір — өнерде» деген тоқтамға келеді. Сөйтіп, жан дүниенің тебіренісін сыртқа шығара алатын аспапты — қобызды ойлап табады. Аңыз бойынша, Қорқыт ата дарияның ортасына, судың бетіне кілемін төсеп, қобызын тартатын көрінеді. Сонда күйдің құдіреті оны

судың бетінде қалқытып, батып кетуге жібермеді. Бірде оны кішкентай жылан шағып алыпты, абыз содан көз жұмыпты.

Өлерінің алдында ол өзінің қасиетті жерді тапқанын айтады. Бұл жер Сырдарияның бойы екен. Ол өзі көз жұмған жерін «Жердің кіндігі» деп атаған көрінеді.

Талай ғасыр өткеннен кейін Сергей Королев бастаған кеңес ғалымдары ғарыш айлағын салу үшін қазіргі Байқоңырды таңдап алды. Бұл — Қорқыт ата жерленген өңірге таяу тұрған жер. Қателеспепті. Күн жылдың 300 күнінде жарқырап тұрады. Шынында, Байқоңыр дүниежүзі ғарышкерлігінің бесігіне, ғарыш орталығына, адамдар ғарышқа аттанатын Жердің айлағына айналды. Дәл осы жерде, қазақ жерінде, олар «ғарышкер» атанды (*Н. Назарбаевтың «Қазақстан жолы» кітабынан*).

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Мәтін мазмұны бойынша жоспар құрып жаз. Жоспардағы тақырыпшалардың аясындағы тірек сөздерді анықта. Жоспарың бойынша мазмұнды баянда.

## ЖАЗЫЛЫМ

**5-тапсырма.** «Оңай және қиын сұрақтар» кестесін толтыр. Кестенің сол жағына оңай, оң жағына қиын сұрақтарды жаз. Көршіңе дайындаған сұрақтарыңды қой. Оңай сұрақтар мәтін мазмұны бойынша, қиын сұрақтар көршіңнің өзі ойланып жауап беретін сұрақтардан тұруы тиіс.

Оңай сұрақтар	Қиын сұрақтар
— Байқоңыр туралы кім айтып кеткен?	— «Жердің кіндігі» дегенді қалай түсінесің?
— Байқоңыр туралы Қорқыт ата айтып кеткен.	— Менің ойымша, «Жердің кіндігі» деп ғалымдар есептеп шығарған Жердің ортасын айтады.

## АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Диалог. «Ғарышкермен сұхбат». Рөлдік ойын. Мәтін мазмұны бойынша тележурналист пен ғарышкер Тоқтар Әубәкіровтің шағын сұхбатын көрсетіңдер. Сөйлеу этикетіне қатысты сөздерді (амандасу, танысу, мадақ сөз, қоштасу) алдын ала жазып алып, диалогте қолданыңдар.

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС



## ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Диалогті тыңда. Мазмұнын монолог түрінде айт.

## АЙТЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Өзің оқитын мектептің 8-9-сынып оқушылары арасында «Қазақстан жолы» кітабы туралы не білетіндерін анықтау үшін шағын сауалнама жүргізіңдер. Оның нәтижелерін сыныпта талқылаңдар.

## АЙТЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Дереккөздерден «Қазақстан жолы» кітабы туралы айтылған пікірлерді жинап, тұсаукесер дайындаңдар.



## ЕСТЕ САҚТА!

«Қазақстан жолы» кітабында Байқоңыр айлағын Қазақстан Республикасының меншігіне қалай алғаны туралы айтылады. Елбасының қазақ ғарышкерін космосқа ұшыру үшін жасаған жұмыстары баяндалады.

# Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

10-12-  
сабақтар

## ЖАЗЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Сөйлемдерді талғаулы салалас сөйлемнің бір сыңары ретінде алып, сөйлем құра.

*Үлгі:* Қазақстанның жер қойнауы әлі де көп игерілмеген табиғи байлықтарға толы не болмаса олар жартылай ғана игерілген.

Қазақстанның жер қойнауы әлі де көп бөлігі игерілмеген табиғи байлықтарға толы. Кеңес уақытындағы «Қазақстанның жер қойнауынан Менделеев таблицасының барлық элементі табылады» деген сөз тегін айтылмаса керек. Біз жер қойнауында жасырынған осы мол байлықтың жүзден бір бөлігін де игергеніміз жоқ. Қазіргі кезде біздің еліміз табылған мұнай

қорының көлемі жөнінен (Каспий шельфіндегі энергия ресурсын есепке алмағанда) дүниежүзінде 12 орында, газ бен газ конденсаты жөнінде 15 орында тұр. Қазақстан үлесіне әлемдегі табылған және барланған мұнай қорының (Каспий шельфіндегі энергия ресурсын есепке алмағанда) 3-4%-ы тиеді. Ал Қазақстанның құрлықтағы бөлігіндегі көмір сутек ресурсы қазіргі мезгілде 2,8 млрд тонна мұнай мен 1,8 трлн текшеметр газға тең (Н. Назарбаевтың «Қазақстан жолы» кітабынан).

## АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** «Бұл заман — білекке емес, білімге сенетін заман» деген Н. Назарбаевтың қанатты сөзін тақырып ретінде алып, пікірталас ұйымдастырыңдар.

## ЖАЗЫЛЫМ

**3-тапсырма.** «Үшбу хат» тәсілі. Н. Ә. Назарбаевқа еліміздегі өзіңді толғандырып жүрген мәселе туралы хат жаз. Хаттағы ойыңды осы тақырып аясында өткен материалдармен сабақтастыр.

## БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

Біз ұлттық рухы берік, саяси жүйесі тұрақты, экономикалық әлеуеті мықты, бәсекеге қабілетті, халықаралық беделі зор қуатты мемлекет құрдық (Н. Назарбаев).

## АЙТЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Кестені толықтыр. Елбасының қай жолдаулары кестеде берілмегенін анықта. Соңғы жолдау туралы көршіңмен сұхбат құрыңдар.

жолдау жарияланған мерзім	жолдаудың атауы
18.01.2014	Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ
14.12.2012	«Қазақстан-2050» стратегиясы. Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты
28.01.2011	Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!
1999 жыл, қыргүйек	Жаңа жүзжылдықтағы елдің тұрақтылығы мен қауіпсіздігі

## ОҚЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Мәтінді оқы. Мәтін бойынша жоспар құр.

... «Дүниені өзгерткің келсе — өзіңнен баста» деген қанатты сөзді басшылыққа ала отырып, әрқайсымыз бәсекеге түсуге және жеңіп шығуға үйренуіміз керек. Ал біздің жалпы бәсекеге қабілеттілігіміз, түпкі нәтижеде, халықтың жақсы тұрмысына жеткізуі тиіс. Мен бұл арада жаңағы айтылғандардың мағынасына неғұрлым тереңірек тоқталғым келеді. Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігі ұлттың тек материалдық қана емес, рухани баюына да әкелуі тиіс. Экономиканың өркендеуімен бірге соның ізінше мәдениет пен өнердің, қазақ тілінің, халқымыздың дәстүрлері мен өмірлік философиясының гүлденуі жүруге тиіс (Н. Назарбаевтың «Қазақстан жолы» кітабынан).

## АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Дереккөздерден «Мәңгілік ел» идеясы аясында жасалған бір мәдени шара туралы ақпарат дайында.

## ЖАЗЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Шығу парағын пайдаланып, сұраққа жазбаша жауап беріңдер.

1. «Мәңгілік елдің нұрлы жолы» тақырыбы бойынша не үйрендіңдер?
2. Сен үшін тақырыптың құнды жақтары қандай болды?
3. Өзіңнің, жолдастарыңның білімін бағала (өз жұмысыңа, жолдастарыңның топ ішіндегі әрекеттеріне көңілің тола ма?)
4. Осы тақырып бойынша тағы не білгің келеді?
5. Осы тақырып бойынша тағы қандай ақпарат көздерін оқисың?

## ОҚУШЫ, ОСЫ ТАҚЫРЫПТЫ ОҚУ БАРЫСЫНДА СЕН

- негізгі ойыңды анықтауды;
- материал жинап, эссе жазуды;
- ойыңды күрделі сөйлеммен жазбаша жеткізуді **үйренесің**.

# Айтыс — қазақтың төл өнері

1-2-  
сабақтар

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

## ЖАҢА СӨЗДЕР

көркемсөз, суырыпсалма, бейнелі, ұйқас, қарсылас, ұтқыр, жеңіліс, әдеби, шешен, тапқырлық, маңыз, ақындық, әдептілік

## АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

1. Қазақтың айтыс өнері туралы не білесің?
2. Айтыс өнері қазақтан басқа халықта кездесе ме?
3. Айтысқа ұқсас қандай жанрларды білесің?
4. Қазіргі заманғы айтыскер ақындарды білесің бе?

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Мәтінді түсініп оқы. Негізгі ойды анықта.

Мұхтар Әуезов: «Ақындар айтысы көпшілік алдында, тыңдаушы, сыншы жұрттың көз алдында туып, орындалады. Әнмен не әр ақынның арнаулы сарынымен қобызға, домбыраға, гармонға қосылып айтылады. Ақындардың бірі жеңіп, бірінің жеңілгеніне төрелік айтушы да сол жиынның өзі болады», — деген еді.

Айтыс — ауыз әдебиетінде ежелден қалыптасқан поэзиялық жанр, топ алдында қолма-қол суырып салып айтылатын сөз сайысы, жыр жарысы.

• *М. Әуезовтің пікірі мен анықтамаға сүйеніп, айтысқа түсінік-теме бер.*

## АЙТЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Айтыс тақырыбына ассоциграмма құрастыр.

### ТІЛДІК БАҒДАР

#### Кезектес салалас құрмалас сөйлем

Кезектес салалас құрмалас сөйлем іс-әрекеттің бірінен соң бірі кезектесіп іске асатынын білдіреді. Кезектес салалас құрмалас сөйлемнің құрамындағы сөйлемдер біресе, бірде, кейде жалғаулықтары арқылы байланысады.

*Мысалы: Айтысқа біресе барғым келді, біресе барғым келмеді. Ақындар бірде жеңеді, бірде жеңіледі.*

## АЙТЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Кезектес салалас құрмалас сөйлемді анықта.

Ақын біресе қарапайым ұйқаспен айтысты, біресе көркемсөзбен айтысты. Айтысқа бірде тапқырлық қажет, бірде шешендік қажет болады. Ол не ұтқыр жауап айта алмады, не дәлел келтіре алмады.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

**5-тапсырма.** Мәтінді түсініп оқы. Негізгі ойын анықта. Сөздікті пайдаланып, қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын анықта.

Айтыс — ертеден келе жатқан қазақ әдебиетінің үлкен саласы. Айтыс «**көркемсөзбен** жарысу» дегенді білдіретін поэзияның күрделі жанры.

Айтыстың негізгі ерекшелігі — болған оқиға, шындық өткір тілмен айтылады. Айтыс — нағыз **ақындық** өнер, **суырыпсалма** өнер. Ол көркем ой мен **әдеби** тілдің ғасырлық даму жолын көрсетеді. Айтыстың қазақ тілінің сөздік қорын дамытуда **маңызы** зор. Тілдегі сұлу теңеулер, мақал-мәтелдер айтыс өлеңдерінде жасалған. Айтыс адамды әдемі сөйлеуге, **шешендікке**, тапқырлыққа үйретеді. Айтысқа шынайы ақындар ғана барады. Айтыс — **ұйқасқан** өлең ғана емес, **көркемсөз**,

**бейнелі** ойға құрылған жауап. Айтыс **тапқырлықты** қажет етеді. Себебі **қарсылас** ақынның өлеңіне **ұтқыр** жауап айтылмаса, ақын **жеңіліс** табады.

Нағыз айтыскер ақын домбырасыз айтыспайды. Нағыз айтыскер ақын бірнеше өнерді меңгерген. Біріншіден, ол — сөз өнерін жақсы меңгерген шешен, екіншіден, әнші, үшіншіден, домбырада шебер ойнайтын әртіс. Кез келген ақын айтыскер ақын болмайды. Өлең жазатын ақын көп. Бірақ бәрі суырып салып өлең айта алмайды. Айтыскер ақын өлеңді ойдан тез шығаратын дарынды, терең ойлы, ұтқыр жауап беретін, логикалық ойлауы күшті жан болуы керек. Айтыста **әдептілік** сақталады.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Мәтіннен айтыскер ақын қандай болуы керектігін оқы. Ассоциативті диаграмма құрастыр.

### АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Айтыстың қазақ тілінің сөздік қорын дамытуға қосқан үш маңызды ерекшелігін айт.

1. \_\_\_\_\_.
2. \_\_\_\_\_.
3. \_\_\_\_\_.

### АЙТЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Нағыз айтыскер ақынның бойында болуы тиіс қасиетті анықта:

- А. Домбырасыз айтыспайды.
- Ә. Әдемі киімсіз айтыспайды.
- Б. Жанкүйерсіз айтыспайды.
- В. Үйде отырып айтыспайды.

## ЖАЗЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Айтысқа қажет үш талапты жаз.

1. \_\_\_\_\_.
2. \_\_\_\_\_.
3. \_\_\_\_\_.

## АЙТЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Мәтінде: «Айтыскер ақын өлеңді ойдан тез шығаратын дарынды, терең ойлы, ұтқыр жауап беретін, логикалық ойлауы күшті жан болуы керек», — делінген. Ол нені білдіреді?

1. Оның батыр ақын болуы керектігін білдіреді.
2. Оның суырыпсалма ақын болуы керектігін білдіреді.
3. «Қарсыласының кемшіліктерін ғана білуі керек» дегенді білдіреді.

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## ЖАЗЫЛЫМ

**11-тапсырма.** Тірек сөздерді қатыстырып, үш-төрт кезектес салалас құрмалас сөйлем құра.

*Тірек сөздер:* көркемсөз, суырыпсалма, бейнелі, ұйқас, қарсылас, ұтқыр, жеңіліс.

## АЙТЫЛЫМ

**12-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

1. Айтыстың негізгі ерекшелігі қандай?
2. Айтыстың маңызы неде?
3. Айтыс адамды неге үйретеді?
4. Айтыскер ақын қандай болуы керек?

## АЙТЫЛЫМ

**13-тапсырма.** Диалог. Сұрақтарға жауап беріп диалог ұйымдастырыңдар.

1. Сен өлең жазып көрдің бе?
2. Егер жазсаң, қандай тақырыпта жаздың?
3. Кімге арнап өлең шығарар едің?

## ЕСТЕ САҚТА!

Айтыста болған оқиға, шындық өткір тілмен айтылады. Айтыс — нағыз ақындық өнер, суырыпсалма өнер.

# Айтыстың түрлері

3-4-  
сабақтар

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

## ЖАҢА СӨЗДЕР

*жұп, сынайды, тыңдарман, ойын-тойда, бөл, бөленеді, Тәңірі, қыз ұзату, қайғы-қасірет, ықылас-ілтүпат*

## АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Топтық жұмыс. Әр топ бір затты сипаттап, жұмбақ құрастырсын. Басқа топтар жұмбақты шешсін.

Жұмбақтың өзі де, жауабы да өлеңмен берілсе, ол айтыстың қай түріне жатады?

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Айтыстың түрлерімен таныс. Айтыс туралы білетініңді айт. Сызбаны дәптерге жаз.



## ОҚЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Мәтінді түсініп оқы. Сөздікті пайдаланып, қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын анықта.

Қазақтың ауыз әдебиетінде айтыстың бірнеше түрі бар (жоғарыда сызбада берілді). Айтыс түрлерінің өзіндік ерекшеліктері бар.

Бәдік айтысы — айтыстың көне түрі. Адам «Табиғаттағы барлық заттың **Тәңірі** бар» деп түсінген. Соларға құлшылық еткен.

Өлі мен тірінің айтысы адамның **қайғы-қасіретіне** құрылған. Онда жақын адамынан айырылған адамның ішкі сезімі суреттеледі. Бұл айтыс қазір айтылмайды.

Жануарлар мен адамның айтысында адамдардың тұрмысы-тіршілігі туралы айтылады. Онда адамды ерінбей еңбек етуге шақырады.

Адам табиғаттың сырын білгісі келеді. Өмірде бар ұсақ нәрселерді жұмбақ етеді. Жұмбақ айтысқа түсу үшін білімді болу керек. Сондықтан жұмбақпен айтысушылар өте аз болған.

Жар-жар айтысы **ұзату** тойында айтылады. Қыздар мен жігіттер екіге **бөлініп** айтысады. Жар-жар әуенмен айтылады. Ұзатылатын қызға жақсы тілек айтылады. Жар-жар қазір де айтылады.

Қыз бен жігіт айтысы тойда айтылады. Әлеуметтік мәселелер айтылмайды. Ақын болу міндетті емес. **Жұп** болып **ойын-тойда** айтады. Айтыста әзіл, күлкі көп болады. Айтыс тапқырлыққа құрылады.

Ақындар айтысының тақырыбы алуан түрлі. Мұнда халықтың тұрмыс-жағдайы, тарихы және т.б. әлеуметтік мәселелер айтылады. Ақындар қоғамдағы жағымсыз нәрселерді **сынайды**. Осылай **тыңдарманның ықылас-ілтипатына бөленеді**. Ақындар айтысы мазмұнымен ғана емес, көркемдігімен де жоғары болуы керек. Қазір қолданып жүрген нақылдар мен шешендік сөздер осы айтыста туған.

## АЙТЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Суреттерді қарап, айтыстың қай түріне сәйкес келетінін анықта.



## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Айтыс түрлерінің негізгі белгілерін анықтап, кестеге жаз.

Бәдік айтысы	Жануар мен адамның айтысы	Жұмбақ айтысы	Өлі мен тірінің айтысы	Қыз бен жігіт айтысы	Ақындар айтысы

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Берілген нұсқалардан айтыстың барлық түріне тән ерекшелікті анықта.

1. Әзілге құрылады.
2. Тапқырлыққа құрылады.
3. Тілек айтылады.
4. Жұмбаққа құрылады.
5. Әлеуметтік мәселеге құрылады.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Айтыстың қай түрінде ел басқаратын адамдар әділ сыналады?

1. Қыз бен жігіт айтысы
2. Бәдік айтыс
3. Жар-жар айтысы
4. Ақындар айтысы
5. Өлі мен тірінің айтысы

## АЙТЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Ақындар айтысында халықтың тұрмыс-жағдайы, тарихы және т.б. әлеуметтік мәселелер айтылады. Ендеше, онда не туралы сөз болады?

- A. Ақын өз отбасындағы мәселелер туралы айтады.
- Ә. Ақын қоғамдағы шешімін таппаған мәселелер туралы айтады.
- B. Ақын басшыларға жақсы тілек айтады.
- B. Ақын адамдардың өміріндегі шешімін таппаған мәселелер туралы айтады.

ды.

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Ойланып, жауап бер.

1. Сені қазіргі уақытта не толғандырады?
2. Сен айтыскер ақын болсаң, қандай мәселелерді көтерер едің?
3. Қалай ойлайсың, ақын болу оңай ма? Ойыңды дәйекте.

## ЖАЗЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Сөйлемдерді кезектес салалас құрмалас сөйлемге айналдыр. Біресе, кейде шылауларын қолдан.

1. Қойылымда қыз бен жігіт айтысы мен ақындар айтысы болады.
2. Айтыста әлеуметтік мәселелер мен экономикалық мәселелер сөз болды.
3. Ақын болу — міндет емес, шындықты айту — міндет.
4. Айтыста сатира, күлкі көп болады.

## АЙТЫЛЫМ

### 11-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Айтыстың қандай түрлері бар?
2. Жар-жар айтысы қай кезде айтылған? Қазір айтыла ма?
3. Айтыстың қай түрінде адамдардың тұрмыс-тіршілігі туралы айтылады?
4. Жұмбақ айтысы қандай тілектен туған?
5. Қыз бен жігіт айтысында не мақсат етіледі?
6. Ақындар айтысында қандай мәселелер көтеріледі?

## ЕСТЕ САҚТА!

Жар-жар айтысы ескірген жоқ. Қазіргі уақытты тойда үйленіп жатқан қыз бен жігітке тілек ретінде айтылады. Ақындар айтысында халықтың тұрмыс-жағдайы, тарихы және т.б. әлеуметтік мәселелер сөз болады.

5-6-  
сабақтар

# Қазіргі кездегі айтыс

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

## ЖАҢА СӨЗДЕР

*майталман, ділмар, төрелік, ой түйеді, сынасатын, кемшіліктер, дәлелі, жағымсыз, нәрсе*

## АЙТЫЛЫМ

### 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Қалай ойлайсың, айтыс қазақ халқынан басқа халықтарда бар ма?
2. Қазіргі кезде айтыста қандай мәселелер көтеріледі?
3. Қазіргі кездегі қандай айтыскер ақынды білесің?

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Мәтінді түсініп оқы. Негізгі ойын анықта. Сөздікті пайдаланып, қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын анықта.

Қазіргі айтыстардың тақырыптары алуан түрлі. Сондықтан ақын айтысқа түсу үшін көп ізденеді. Материал жинайды. Сол уақыттың жақсы-жаман жаңалықтарын меңгереді, **ой түйеді**. Айтыскер ақын өз елінің, туған жерінің тарихын, географиялық және этнографиялық ерекшеліктерін, атақты адамдарын, салт-дәстүрін білуі тиіс. Өзімен айтысатын ақынның **кемшіліктерін**, ұнамсыз мінезін білгені тиімді болады. Оны қарсыласына қарсы қолданған. **Майталман** айтыскерге қойылатын талап бұрынғыдан күшеймесе, азайған жоқ. Себебі ақындардың сөзі қашан да халықтың сөзі болған. Ринат Зайытов, Дәулеткерей Кәпұлы, Айбек Қалиев сынды ақындар әлеуметтік мәселелерді көтеріп, көрермендердің ықылас-ілтипатына бөленіп жүр.

Қазіргі кезде қазақтың айтыс өнері өте жақсы дамыған. Елімізде жақсы айтыс мектебі бар. Оның **дәлелі** ретінде айтыс мектебінің өкілдері Аманжол Әлтаев, Айнұр Тұрсынбаева, Рүстем Қайыртайұлы, Сара Тоқтамысқызы, Балғынбек Имашев, Бекарыс Шойбеков және т.б. өнерлі, **ділмар** айтыскер ақындарды атауға болады.

Қазіргі кезде ақындар айтысы, қыз бен жігіт айтысы жиі болады. Ақындар қоғамдағы жағымсыз нәрселерді өткір сынап, сатирамен жеткізеді. Айтыста арнайы қазылар **төрелік** етеді.

## ЖАЗЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Мәтіннен айтыскер ақынға қойылатын үш талапты жаз.

1. \_\_\_\_\_,
2. \_\_\_\_\_,
3. \_\_\_\_\_.

## АЙТЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Ақындар не себепті сол талапқа лайық болуы керек?

- А. Ақын өз имиджін сақтауы керек.
- Ә. Ақынның сөзі — халықтың сөзі.
- Б. Орын алуы керек болады.

## АЙТЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Мәтінде «Ақындар қоғамдағы жағымсыз нәрселерді өткір сынап, сатирамен жеткізеді» делінген. Ендеше, онда не туралы сөз болады?

- А. Адамдарды қоғамда жақсы киінуге шақырады.
- Ә. Тәртіпке құрылған қоғам орнатуға шақырады.
- Б. Барлығын айтыскер ақын болуға тәрбиелейді.
- В. Адамдарды көңілді болуға шақырады.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

**6-тапсырма.** Ойланып, жауап бер.

1. Айтыскер ақын болу үшін қандай болу керек?
2. Айтысқа түсетін ақын қалай дайындалады?

## АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Айтыс не үшін қажет екенін дәлелде.

- А. Жағымсыз көріністерді қалжыңмен өткір сынап, түзету үшін қажет.
- Ә. Айтыскер ақындарды жақсы тәрбиелеу үшін қажет.
- Б. Функционалдық сауаттылық деңгейін көтеру үшін қажет.
- В. Балаларға мақал-мәтелдерді үйрету үшін қажет.

## ЖАЗЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Мәтінде келтірілген айтыскер ақындардың бірін таңда. Интернеттен ол туралы ақпарат тауып, қысқаша хабарлама дайында.

## ЕСТЕ САҚТА!

Ақындар қоғамдағы жағымсыз нәрселерді өткір сынап, сатирамен жеткізеді.

Қазіргі айтыстардың тақырыптары алуан түрлі. Сондықтан ақын айтысқа түсу үшін көп ізденеді.

# Р. Зайытов пен А. Кәріпжановтың айтысы

7-8-  
сабақтар

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

## ЖАҢА СӨЗДЕР

*өзекті, елеулі, мұрат, астам,  
айбыны асқан, дара тұлға, бағыт  
беріп, асылдар, дана туған, айта  
келдім, киелі ел*

## АЙТЫЛЫМ

### 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Қазіргі заманғы айтыскер ақындарды білесің бе?
2. Ақын болсаң, еліміздегі қандай жақсы жаңалықтарды жырға қосар едің?

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 2-тапсырма. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап бер.

Айтыс кез келген жерде, кез келген уақытта өзекті проблемаларды айтады. Қоғамның кемшілігін сынайды. Халықтың, мемлекеттің болашағы үшін күреседі. Елдегі елеулі, жақсы жаңалықтарды жырлайды.

Айтыскер ақындар Ринат Зайытов пен Аманғазы Кәріпжанов айтыста қазақ елінің тәуелсіздігін жырлады. Ринат қазақ елінің тәуелсіздігін Абылай ханның дәуірімен байланыстырды. Тәуелсіздік идеясы екі ғасырдан астам уақыттан бері, сонау Абылай хан дәуірінен келе жатқан ұлы мұрат екенін айтады.

### I. «Айтыс халықтың, мемлекеттің болашағы үшін күреседі» деген ойды негіздейтін сөйлемді анықта.

- а. Айтыста халықтың киімі туралы айтылады.
- ә. Айтыста халықтың әлеуметік жағдайы туралы айтылады.
- б. Айтыста қоршаған ортаны қорғау туралы ғана айтылады.

### II. Айтыс не үшін қажет?

- а. Ол мамандарды дайындау үшін таласады.
- ә. Ол ғылым жаңалықтарын бірінші болып жеткізеді.
- б. Ол мемлекеттің болашағы үшін күреседі.

### III. Р.Зайытов пен А.Кәріпжановтың айтысында елдің тәуелсіздігі жырланды. Айтыс қай жылдары өткен еді?

- а. 1991–2001 ж.                      ә. 1985–1990 ж.                      б. 1980–1985 ж.

**ОҚЫЛЫМ**

**3-тапсырма.** Өлеңді мәнерлеп оқыңдар.

**Ринат:**

Ардақты айбын асқан алашымнан  
 Ақылды азаматтар жаратылған.  
 Ақ тулы Абылайлар — дара тұлғаң.  
 Бұқар жырау байламды бағыт беріп,  
 Бірлігімен қазақтың бағы ашылған,  
 Төле би, Әйтеке мен Қазыбектер  
 Ой түйінін қопарған нақ асылдан.  
 Қабанбай, Бөгенбай мен Наурызбайлар —  
 Қазақты алып шыққан нақ асылдар.  
 Кеңгірбай, Алшынбай мен Құннанбайлар  
 Ақ сұңқардай аспанда аласұрған.  
 Ұлы Абай, Мұхтар менен Шәкәрімдей  
 Семейдің даласында дана туған.  
 Бас иіп, бақ тіледім бар анаға,  
 Ардақты асылдарды ана туған.

Сырлы сөзді сарала санаңдағы,  
 Құдіретті өнер дарыған саған-дағы.  
 Арқырап келіп қалған аманбысың,  
 Азуы алты қарыс Аманғазы?!

**Аманғазы:**

Ассалаумағалейкүм, «Қазақ» деген  
 Тарихтың тамшылаған бұршақтары!  
 Келеді мен де сырды айта бергім,  
 Әйтеуір бір ұлы едім байтақ елдің.

Ал бүгін «Тәуелсіздік айтысы», — деп,  
 Сонан соң жан сырымды айта келдім.  
 Жәнібек, Қабанбай мен Ақтамберді,  
 Боранбай, Ырғызбайдың ұрпақтары  
 Абай мен Мұхтар болып күллі әлемге,  
 Тұтанды киелі елдің бір шақпағы.  
 Мерекенің құтты болсын «Қазақ» деген  
 Тарихтың мұң көтерген бөлшектері!

**ОҚЫЛЫМ**

**4-тапсырма.** Өлеңнен Ринат пен Аманғазының амандасқан шумақтарын тауып оқы. Айтыста қандай мереке туралы сөз болады?

**ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ**

**5-тапсырма.** Ринат айтыста:

«Ардақты айбын асқан алашымнан  
 Ақылды азаматтар жаратылған», — дейді.

**Ақын «ақылды азаматтар» ретінде кімдерді айтып тұр?**

**АЙТЫЛЫМ**

**6-тапсырма.** Сен қазіргі заманның ақылды азаматтары (адамдары) ретінде кімдерді атар едің? Ойыңды дәйекте.

Үлгі: Меніңше, ... ақылды азаматқа жатады. Себебі ... .

## АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Айтыста аты аталған тұлғалардың қайсысын білесің? Олар туралы не айтар едің?

### МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Ақын кімді «дара тұлға» деп айтады? Мәтіннен тауып оқы.

Ақынның пікірімен келісетініңді не келіспейтініңді айт.

Ақынның ...-ды дара тұлға ретінде атауы дұрыс. Себебі ... .

Ақынның ...-ды дара тұлға ретінде атауы дұрыс емес. Себебі ... .

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Төменде берілген қазақтың асылдары мен дара тұлғалары туралы тезис дайындаңдар.

Абылай, Бұқар жырау, Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би, Жәнібек, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Ақтамберді, Кеңгірбай, Алшынбай, Құнанбай, Абай, Мұхтар, Шәкәрім.

### ЕСТЕ САҚТА!

Ақ тулы Абылайлар — дара тұлға.  
Бұқар жырау байламды бағыт беріп,  
Бірлігімен қазақтың бағы ашылған,  
Төле би, Әйтеке мен Қазыбектер  
Ой түйінін қопарған нақ асылдан.  
Қабанбай, Бөгенбай мен Наурызбайлар –  
Қазақты алып шыққан нақ асылдар.

# Қазақтың тіліне зашық болдым

9-10-  
сабақтар

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС



## ЖАҢА СӨЗДЕР

*кең жүрегін, пейілін, ұнаттым,  
бауырмалдығын, жақын тарттым,  
ар-ұят, тәнті болдым, зашық  
болдым, дүлдүл, зиянды жақтарын,  
ашық айтады, талқыға салып*

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап бер.

Айтыскер ақын Надежда Лушникова 1940 жылы Алматы облысы Қаскелең ауданында дүниеге келген. Қазақ мектебінде білім алып, филолог мамандығын меңгерген. Мектепте «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті» пәндерінен 27 жыл сабақ берген ұстаз. **«Орыс елі — өз жұртым, Қазағым — туған ағайым», — деп жырлаған Н. Лушникова**

жастайынан домбыра тартып, ән салған. **Қазақтың ұлттық салт-дәстүрін жетік меңгерген.** Ол жазба әрі суырыпсалма ақындығымен танылған. Алматы облыстық, аудандық айтыстарға қатысып, қарсыластарын жеңген.

1. Н. Лушникова халыққа қалай танылған?
2. Н. Лушникованың ақындығынан басқа тағы қандай өнері бар?
3. Ол кісі неге қатысқан?
4. Ақын қыздың негізгі мамандығы қандай?

## АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** «Жебе» газетінің тілшісі Н. Лушниковадан сұхбат алады. Егер сен тілші болып сұхбат алсаң, қандай сұрақ қояр едің?

**ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ**

**3-тапсырма.** Мәтінді түсініп оқы. Қою қаріппен берілген сөздердің мағынасын сөздіктен қарап, анықта.

— Надежда апай, сіздің келін боп түскен шаңырағыңыз қазақ отбасы.

Сізді өзіне жақын еткен қазақтың қай қасиеті еді?

— Қазақтың дарқан даладай кең жүрегін, кең пейілін ұнаттым. Туыстығын, бауырмалдығын жақын тарттым. Аңқылдаған көңілі мен кір шалдырмас ар-ұятына тәнті болдым. Инжу-маржан тілі мен жырына ғашық болдым... Айта берсем, көмейімнен ағыла береді, бұл қазақты солай ұнаттым...

Айтыстың дүлдүлі Жамбыл бабамыздың босағасына келін болып түстім. Сәмен батырдың ұрпағы Тұрлыбек ағаларыңмен шаңырақ көтердім. Үш қызымыз Құралай, Қарлығаш, Ләйлә, ұлымыз Жәнібек дүниеге келді қазақ жерінде. Аллаға мың тәубе! Мен қазаққа қарыздармын... «Қазақтың бір қызымын» деген өлеңімнен бір шумақ оқиын:

Қазақтың ауылының қызымын мен,  
 Қырдағы бір құлпырып қызыл гүлмен,  
 Ойнаймын самалымен кең даланың,  
 Келемін кең далаға қызығумен!  
 О, дала, сүйем сенің пейіліңді,  
 Қашан да елің дарқан, жерің гүлді!  
 ... Су себер қарлығаш боп қанатымен  
 Ауылдан әже таптым мейірімді!

— Бүгінгі айтыстың бірге жазылады мәселелерді шешуге қосар үлесі бар ма?

— Айтыс — қазақ халқы үшін бөлінбес бір бөлшек. Әбден терең бойлап кеткен тамырдай. Айтыста үлкен мәселелерді көтереді. Қоғамның халыққа зиянды жақтарын ашық айтады. Нәтижесінде талқыға салып, дұрыс шешім қабылданады. Міне, айтыстың рөлі!

— Алладан тілеген тілектеріңіз қабыл болсын!

*Сұхбаттасқан Тұмар Алмалы  
 «Жебе» газеті. 2014 жылдың 6 наурызы*

**ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ**

**4-тапсырма.** Мәтінді оқып, Н.Лушникованы өзіне жақын еткен қазақтың жеті қасиетін ата.

- |        |        |        |
|--------|--------|--------|
| 1. ... | 4. ... | 7. ... |
| 2. ... | 5. ... |        |
| 3. ... | 6. ... |        |

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Мәтінді пайдаланып, «Қандай?» деген сұраққа жауап беретін сөздерді қойып, жазыңдар.

1. Қазақтың (қандай?) кең жүрегін, (қандай?) пейілін ұнаттым. 2. Туыстығын, бауырмалдығын жақын тарттым. 3. (Қандай?) көңілі мен (қандай?) ар-ұятына тәнті болдым. 4. (Қандай?) тілі мен жырына ғашық болдым.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Мәтіннен

**Н. Лушникованың өз отбасы туралы айтқан бөлікті тауып, сұрақ дайындаңдар. Диалог ұйымдастырыңдар.**

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## АЙТЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Айтыс қоғамдағы мәселелерді қалай шешетінін анықта.

1. Мақала жазып шешеді.
2. Халықтың талқысына салып шешеді.
3. Басшыларға айтып шешеді.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Айтыскер ақынға тән талаптардың қайсысы **Н.Лушникованың бойында бар? Ойыңды дәлелдеп айт.**

Нағыз айтыскер ақын домбырасыз айтыспайды. Нағыз айтыскер ақын бірнеше өнерді меңгерген. Біріншіден, ол — сөз өнерін жақсы меңгерген шешен, екіншіден, әнші, үшіншіден, домбырада шебер ойнайтын әртіс. Кез келген ақын айтыскер ақын болмайды. Өлең жазатын ақын көп. Бірақ бәрі суырып салып өлең шығара бермейді.

## ЕСТЕ САҚТА!

Қазақтың дарқан даладай кең жүрегін, кең пейілін ұнаттым. Туыстығын, бауырмалдығын жақын тарттым. Аңқылдаған көңілі мен кір шалдырмас ар-ұятына тәнті болдым. Інжу-маржан тілі мен жырына ғашық болдым.

## АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

1. Қалай ойлайсың, ақын неге: «Мен қазаққа қарыздармын», — дейді?
2. Ақын неге өзін «қазақтың бір қызы» ретінде атайды. Айтып бер.

## ЖАЗЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Қоғамдағы мәселелерді шешуде айтыс тарапынан жасалатын үш әрекетті анықтап жаз.

Айтыста қоғамның халыққа зиянды жақтары ашық айтылады. Талқыға салып, нәтижесінде дұрыс шешім қабылданады.

# Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

11-12-  
сабақтар

## АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Айтыстың түрлері мен мақсатын айт.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Нағыз айтыскер ақын болудың төрт түрлі талабын жазып, түсіндір.

Нағыз айтыскер ақын домбырасыз айтыспайды. Нағыз айтыскер ақын бірнеше өнерді меңгерген. Ол сөз өнерін жақсы меңгерген шешен, сонымен қатар әнші әрі домбырада шебер ойнайтын әртіс болуы тиіс.

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_
4. \_\_\_\_\_

## АЙТЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Айтыскер ақын болу талаптарының қайсысына басымдық беріліп тұрғанын анықта. Дәйектеп айт.

Кез келген ақын айтыскер ақын болмайды. Өлең жазатын ақын көп. Бірақ бәрі суырып салып өлең шығара алмайды. Айтыскер ақын өлеңді ойдан тез шығаратын дарынды, терең ойлы, ұтқыр жауап беретін, логикалық ойлауы күшті жан болуы керек.

## ЖАЗЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Айтыскер ақын болу үшін керек қасиеттер мен талаптарды жаз.

*Үлгі: Айтыскер ақын болу үшін қажет қасиеттер:*

1. қазақ тілін өте жақсы меңгеруі керек;
2. ...

## ЖАЗЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Тақырып бойынша қажет материалдарды жинап, «Мен ақын болсам...» деген тақырыпта эссе жаз.

**Эссені жазудың үлгісі:**

**I. Кіріспе бөлім**

**Бір абзац:**

«Ақын» деген кім?

Ақын қоғамға қажет пе?

**II. Негізгі бөлім**

**Екі абзац:**

Ақын болсам, ең алдымен қандай мәселеге назар аударар едім?

Неліктен ол мәселені көтеремін? Дәйектеп жазу.

Одан кейін қандай мәселені айтар едім?

Неліктен ол мәселені көтеремін? Дәйектеп жазу.

**III. Қорытынды бөлім**

**Бір абзац:**

Мәселені шешудің жолын көрсетемін. Одан қоғамға қандай пайда келетінін айтып, ойымды тұжырымдаймын.

### ОҚУШЫ, ОСЫ ТАҚЫРЫПТЫ ОҚУ БАРЫСЫНДА СЕН

- мәтін тақырыбы, иллюстрациялар арқылы көтерілетін мәселені болжауды;
- пікірталаста өз пікіріңді сенімді дәлелдей алуға және қойылған сұрақтарға еркін жауап беруді;
- мәтіндердің түріне, оның стильдік ерекшеліктерін сақтай отырып, шағын мақала, әңгіме жазуды;
- мәтін мазмұны бойынша диаграммалар құрастыруды;
- сөйлем ішіндегі тыныс белгілерін дұрыс қоюды;
- жалғаулық шылауларды дұрыс қоя білуді, оларды дұрыс қолдану арқылы құрмалас сөйлемдер құрастыруды **үйренесің**.

## Байқоңыр — ғарыш аймағы

1-2-  
сабақтар

### ЖАҢА СӨЗДЕР

*бағындыр, зақым, аумақ, иелік, елді мекен, ұшыр, шаршы*

### МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Байқоңыр туралы не білесің?
- Байқоңырда ракеталар қай жылдан бастап ұшырылды?
- Қандай атақты ғарышкерлерді білесің?
- Сен Байқоңырда болдың ба?

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 2-тапсырма. Сурет бойынша сөйлем құра.

Мәтіннің жанрлық, стильдік ерекшелігін сақтап, шағын әңгіме жаз.



**3-тапсырма.** Мәтінді оқы. Мәтінге тақырып қой.

«Байқоңыр» — ғарыш айлағы. Қызылорда облысы Қармақшы ауданының аумағында орналасқан. Іргесі 1955 жылы қаланған. 1957 жылы 4 қазанда «Байқоңыр» ғарыш алаңынан тұңғыш ғарыш ракетасы сәтті ұшырылды.

«Байқоңыр» әлемдегі ең ірі жербеті ғылыми ғарыш полигоны саналады.

1961 жылы 12 сәуірде адамзат тарихында тұңғыш рет Юрий Гагарин Байқоңырдан «Восток» кемесімен ғарышқа аттанып, ғарышты бағындырды. Байқоңырдан Ай, Марс пен Шолпанды зерттеуге арналған ғарыш аппараттары бар РТ да ұшырылады. 1991 жылы 2 қазанда қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіров «Союз Т-13» ғарыш кемесімен «Байқоңырдан» ғарышқа көтерілді. Қазақ ғарышкері — Талғат Мұсабаев ғарышта 2 рет (1994, 1998 жылдары) болды.

«Байқоңыр» ғарыш алаңы 1991 жылы Қазақстан Республикасының иелігіне өтіп, 1993 жылы Ресей Федерациясына 20 жылға жалға берілді. «Байқоңыр» кешенінен Қазақстан Республикасының аумағына жылына 30-35 мың тонна улы зат таралады. Ракеталардан түскен қалдықтар Қарағанды, Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарының табиғатына көп зақым келтірді.

## АЙТЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Сұрақтарға толық әрі қысқа жауап беріңдер. Жауаптарыңда қазақ тіліндегі төл дыбыстардың айтылуын, үндестік заңын сақтаңдар.

**Үлгі:**

**Сұрақ:** Байқоңыр туралы не білесің?

**Толық жауап:** «Байқоңыр» — ғарыш айлағы. Қызылорда облысы Қармақшы ауданының аумағында орналасқан. Іргесі 1955 жылы қаланған.

**Қысқа жауап:** «Байқоңыр» — ғарыш айлағы.

## ЖАЗЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Мәтіннен күрделі сөздерді тап. Ол сөздерді пайдаланып, сөйлем құра.

**Үлгі:** Арал теңізі. Менің досым Арал теңізі туралы көп мәлімет жинады.

1. Неліктен «Байқоңырды» ғарыш айлағы ретінде таңдап алды?
2. «Байқоңырдың» ұшу трассасы қай жерге дейін созылып жатыр?
3. «Байқоңыр» ғарыш айлағынан тұңғыш ғарыш кемесі қашан ұшырылды?
4. «Байқоңыр» қандай ғарыш полигоны саналады?
5. Адамзат тарихында тұңғыш рет «Байқоңырдан» ғарышқа кім аттанған еді?
6. «Байқоңыр» ғарыш айлағы орналасқан аймақта қандай экологиялық мәселе бар?
7. «Зақым» сөзін қандай сөзбен ауыстыруға болады?

## ЖАЗЫЛЫМ

### 6-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды қойып, сөйлемді көшіріп жаз.

«Байқоңыр» Қызылорда облысы Қармақшы ауданы... аумағын... орналасқан. Іргесі 1955 жылы қаланған. Ғарыш алаңын салу үшін Байқоңыр... таңдап алу кезін... бұл жер... елді мекендерден қашық болуы, экватор жазықтығына жақындығы, ракета ұшыру... қауіпсіздігі, қайтып оралатын ғарыштық объектілер үшін қолайлы қону аймақтары... болуы, ескерілді.

«Байқоңыр...» ұшу аумағы Арал теңізі... Камчатка түбегіне дейін созылып жатыр. 1957 жылы 4 қазан... «Байқоңыр» ғарыш алаңы... тұңғыш ғарыш ракетасы сәтті ұшырылды.

«Байқоңыр» әлемдегі ең ірі жербеті ғылыми ғарыш полигоны саналады, оның басты, көмекші нысандары... жалпы ауданы 6717 шаршы шақырым.

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ


**7-тапсырма.** «Желаяқ» ойыны. Топқа бөлініңдер. Топ санына қарай Байқоңыр туралы мәтін ілінеді. Топ мүшелері кезекпен тақтадағы мәтіннің бір сөйлемін ішінен оқиды. Оқыған сөйлемін тобына келіп жаздырады. Ойын осы ретпен мәтін аяқталғанша жалғасады. Ойын соңында желаяқтар баяндаған мәтін мен тақтадағы түпнұсқа мәтін салыстырылады. Мәтінді жылдам әрі дұрыс құраған топ «жеңімпаз» атанады.

## ЖАЗЫЛЫМ

**8-тапсырма.** «Байқоңыр» туралы диаграмманы толықтыр.

## АЙТЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Байқоңыр туралы 6 сұрақ дайындап, көршіңе қой. Екеуің 10-12 үнқатымнан тұратын сұхбат құрыңдар.




## ЖАЗЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Мәтіннің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтай отырып, «Байқоңыр мақтаным» деген тақырыпта эссе жаз.

Талаптар:

1. нақты айқындалған кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды бөлімнен құралуы шарт;
2. тақырыптан ауытқымаған дұрыс;
3. тезистерді ұтымды дәлелдермен растау қажет;
4. өмірмен байланыс болуы тиіс;
5. өзіндік тың пікірлер келтіру керек;
6. баяндау стилі нақты болуы шарт;
7. көріктеуіш тілдік құралдарды ұтымды қолдану қажет;
8. көлемі — 90-100 сөз.



## ЕСТЕ САҚТА!

«Байқоңыр» ғарыш алаңы Қызылорда облысы Қармақшы ауданының аумағында орналасқан. Іргесі 1955 жылы қаланған. Ғарыш алаңын салу үшін Байқоңырды таңдап алу кезінде бұл жердің елді мекендерден қашық болуы, экватор жазықтығына жақындығы, ракета ұшырудың қауіпсіздігі, қайтып оралатын ғарыш нысандары үшін қонуға қолайлы аймақтарының болуы ескерілді.

# Қазақ ғарышкері

3-4-  
сабақтар

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. «Ғарышкер» деп кімді атайды?
2. Қандай ғарышкерлерді білесің?
3. Тоқтар Әубәкіров туралы не білесің?
4. Т. Әубәкіров қандай ғарыш кемесімен ғарышқа ұшты?
5. Тағы қандай қазақ ғарышкерлерін білесің?

## ЖАҢА СӨЗДЕР

*тетік, тамамда, түйіс, дабыл, ғылыми-зерттеу*

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 2-тапсырма. Аспан денелері туралы мақал-мәтелге қажет сөздерді қойып жаз.

- Жұлдыз жиі болса, \_\_\_\_\_ болады.
- Айдың жарығы төңірегіне \_\_\_\_\_, өзіне \_\_\_\_\_.
- Үркер жерге түспей \_\_\_\_\_.
- Дүниенің \_\_\_\_\_ — адам.
- Айдың шалқалап туғаны — \_\_\_\_\_ болғаны.

**Қажет етістіктер:** күн ашық, түседі, түспейді, жер қызбайды, сорпа бүркер, алтауы үркер, боран-шашынның, тетігі.

### ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

#### 3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Түсініп оқы. Тақырып қой.

Тоқтар Әубәкіров — қазақтың тұңғыш ғарышкері, Кеңес Одағының Батыры, Қазақстан Республикасының Халық қаһарманы. Ол 1946 жылы Қарағанды облысының Қарқаралы ауданында өмірге келген. Ресей Федерациясындағы Армавир жоғары әскери ұшқыштар училищесін, авиация институтын тамамдаған.

Ол реактивті ұшақтың елуден аса жаңа түрін сынақтан өткізді. 1990 жылы ғарышкерлер құрамына алынды. 1991 жылы 2 сәуірде Кеңес Одағы Ғарышкерлер даярлау орталығында ғарышқа ұшу дайындығына кірісті. Осы жылы 2 қазанда Байқоңырдан «Союз ТМ-13» кемесімен ғарышқа ұшты. Ғарыш кемесі жер төңірегіндегі «Мир» орбиталық кешенімен түйісті.

## ЖАЗЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Мәтінді мағыналық бөлікке бөліп, әр бөлігіне ат қой. Әр бөліктегі тірек сөздерді анықта.

Кіріспе бөлім	
Негізгі бөлім	
Қорытынды бөлім	

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Берілген сөздерді жақшадағы сөздермен тіркестіріп жазып, мағынасын түсіндір. Сөздің тура және ауыспалы мағынасын ажырат.

*Үлгі:* Ақ бата — ауыспалы мағына, «ізгі ниет, жақсы тілек» деген мағынада. Ақ орамал — тура мағына, орамалдың түсін білдіріп тұр.

- Тұңғыш (ғарышкер, ұстаз, бала, тәжірибе)
- Әскери ( жұмыс, міндет, адам, жауапкершілік)
- Құрметті (адам, қария, мұғалім, дәрігер)
- Бас (маман, редактор, инженер, жетекші)
- Халық (ойы, даналығы, қаһарманы, мәртебесі)

## ЖАЗЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Мәтіндегі қате жазылған сөздерді тап. Себебін түсіндір.

Ол реактивті ұшақтың елуден аса жаңа түрін сынақтан өткізді. 1990 жылы ғарышкерлер құрамына алынды. 1991 жылы 2 қазанда Байқоңырдан «Союз ТМ-13» кемесімен ғарышқа ұшты. Онда ол өзге ғарышкерлермен бірге биотехнология, медицина салалары және Арал аймағы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Зерттеу нәтижесінде Арал үстіндегі тұзды шаң борамасының пайда болу процесінің ғарыштық фотосуреттері алынды. Осы зерттеулер нәтижесінде ғалымдар экологиялық аймақтың жағдайы туралы дабыл қағуда.

## ЖАЗЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Жалғаулық шылауларды пайдаланып, жай сөйлемдерді құрмалас сөйлемге айналдырып жаз.

1. Тоқтар Әубәкіров — қазақтың тұңғыш ғарышкері, Кеңес Одағының Батыры (1988). 2. Ол 1946 жылы Қарағанды облысының Қарқаралы ау-

данында өмірге келген. 3. Ол реактивті ұшақтың елуден астам жаңа түрін сынақтан өткізді. 4. 1990 жылы ғарышкерлер құрамына алынды. 5. 1991 жылы 2 қазанда «Байқоңырдан» «Союз ТМ-13» кемесімен ғарышқа ұшты. 6. Ол өзге ғарышкерлермен бірге биотехнология, металлургия, медицина салалары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. 7. Арал аймағы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Ғалымдар аймақтың экологиялық жағдайы жайлы дабыл қағуда.

## АЙТЫЛЫМ

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

### 8-тапсырма. Сөздерді сәйкестендіріп, сөйлем құрап айт.

1	реактивті	а	ғарышкер	1	звено	а	фотосуреттері
2	авиация	ә	ұшақ	2	ғарыштық	ә	командирі
3	тұңғыш	б	институты	3	Әскери-әуе	б	келген
4	техника	в	атындағы	4	Кеңес	в	жұмыстары
5	Қорқыт ата	г	қаһарманы	5	тәрбие	г	Одағы
6	Халық	ғ	ауданы	6	ұшқыштар	ғ	Республикасы
7	Қарқаралы	д	университеті	7	Қазақстан	д	училищесі
8	мемлекеттік	ж	ғылымы	8	өмірге	ж	күштерінде

## ЖАЗЫЛЫМ

### 9-тапсырма. «Замандас» бағдарламасының «Қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар» фильмін көр. Осы фильм туралы өз пікіріңді білдір. Алған мәліметтер бойынша мәтін құра.

## АЙТЫЛЫМ

### 10-тапсырма. «Қазақтың тұңғыш ғарышкері» тақырыбы бойынша диаграмманы толтыр.

#### ЕСТЕ САҚТА!

Тоқтар Әубәкіров ғарыштан оралған соң Қазақстандағы ғарыштық зерттеулердің негізін қалауға, отандық қарулы күштердің әскери даярлығын жетілдіруге, әскери-патриоттық тәрбие жұмыстарын жолға қоюға белсене араласып, айтулы үлес қосты.



# Ғарышты игерген ел

5-6-  
сабақтар

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.



1. Ғарыш туралы не білесің?
2. «Байқоңыр» ғарыш айлағы туралы не білесің?
3. Қандай ғарышкерлерді білесің?
4. Айдын Айымбетов туралы не білесің? Айтып бер.

### АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Суреттегі ғарышкерлерді білесің бе? Білетін мәліметіңді айтып бер.



## ЖАЗЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Қажет сөздерді пайдаланып, төмендегі сурет бойынша шағын әңгіме құра.

*Қажет сөздер: қаһарман, Елбасы, тұңғыш, сапар, еңбек, орталық, жұлдызды қалашық, сәтсіздік, игілікті, көпшіл, өршіл.*



## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Тыңда. Мәтінді оқы. Тақырыбын анықта.

Күні кеше ғана ғарышта болып қайтқан тағы бір қаһарманымыз — Айдын Айымбетов. Ол қазір Ұлттық ғарыш агенттігінде кәсібіне сай лайық қызметін абыроймен атқаруда. Айдын Айымбетов — Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен дүниеге келген 1991 жылғы «Қазақстан-Ғарыш» жобасының бүгінгі заңды жалғастырушысы.

Айдын Айымбетовтің ғарышқа сапары он күнге созылды. Қыргүйектің 2-12 дейінгі сапары барысында ол бірқатар физикалық-ғарыштық эксперименттер жасады, Арал, Каспий теңіздерінің экологиясына мониторинг жүргізіп, шаңды дауылды зерттеді. Сонымен қатар қазақтың ұлттық тағамдарын салмақсыздықта дегустациялады.



## ОҚЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Мәтінді оқып, мазмұны бойынша кластер құрастыр.



## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Сөйлемнің жалғасын тап. Мағынасына қарай сәйкестендір.

- |                                    |                                      |
|------------------------------------|--------------------------------------|
| 1. «Қазақстан-Ғарыш» жобасының     | а. лайықты қызметін атқаруда.        |
| 2. Ұлттық ғарыш агенттігінде       | ә. бүгінгі заңды жалғастырушысы.     |
| 3. Қазақтың ұлттық тағамдарын      | б. эксперименттер жүргізді.          |
| 4. Ол бірқатар физикалық- ғарыштық | в. салмақсыздықта дегустациялады.    |
| 5. Арал және Каспий теңіздерінің   | г. экологиясына мониторинг жүргізді. |

## АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Парталас досыңмен төмендегі суреттерді пайдаланып, сұхбат құрастыр.

Қазақтың тұңғыш ғарышкерлері



1991 ж.



1994 ж.



2015 ж.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 8-тапсырма. Мәтінде жоқ, артық ақпараттарды анықта.

№	ақпарат	артық
1	Күні кеше ғана ғарышта болып қайтқан тағы бір қаһарманымыз — Айдын Айымбетов.	
2	1991 жылғы Айдын Айымбетовтің ғарышқа сапары он күнге созылды.	
3	Осындай мүмкіндікке ие елдердің қатарында біз де бармыз.	
4	Адам баласы ылғи ғарышқа ұмтылады.	
5	Ол «Қазақстан-Ғарыш» жобасының бүгінгі заңды жалғастырушысы.	
6	Айдын Айымбетов көптеген жаттықтыру жұмыстарын жүргізді.	

## МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

## ЖАЗЫЛЫМ

### 9-тапсырма. Үш нұсқаның ішінен қажет сөзді таңдап жаз. Сөйлемдердің тыныс белгілерін дұрыс қой. Құрмалас сөйлемді ажырат.

Күні кеше ғана ғарышта болып қайтқан тағы бір қаһарманымыз — (Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев, Айдын Айымбетов). Ол қазір Ұлттық ғарыш агенттігінде кәсібіне сай (лайықты, кәсіби, өршіл) қызметін абыроймен атқаруда. Айдын Айымбетов — Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен дүниеге келген 1991 жылғы «Қазақстан-Ғарыш» жобасының бүгінгі заңды (бастаушысы, жалғастырушысы, ұйымдастырушысы).

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 10-тапсырма. Мәтін бойынша «Қос жазба» күнделігін толтыр. Түсіндір.

үзінді	түсініктеме

## ЖАЗЫЛЫМ

**11-тапсырма.** Мәтінді оқы. 4-тапсырмадағы мәтінмен салыстыр. Не байқадың? Мәтіннің алғашқы бөлігінің тыныс белгілерін қойып, көшір.

Мәскеуден 25 шақырым жердегі «Жұлдызды қалашықта» ғарышкерлер отбасымен осы саладағы еңбек ететін ғалымдар мен мамандар тұрады қаланың атына заты сай таза кәсіби бөлігінде Юрий Гагарин атындағы Ғарышкерлерді дайындайтын орталық жайласқан онда ресейліктерден басқа халықаралық ғарышкерлерді де дайындықтан, сынақтан өткізеді, жаттықтырады. Сол «Жұлдызды қалашықта» біздің қандасымыз, қазақтың 4 ғарышкері Мұхтар Аймахановтай аяулы азаматымыз тұрып жатыр ол ғарышкерімізді біз қалай ұмытайық?!



Мұхтар — ғарыш сапарына аттанудың кезегінде тұрған ғарышкер үшін ең ауыры ұзақ күту! Мұхтар Аймаханов бүгінде сондай кәсіби сын сәтті басынан өткеруде. Ресей азаматтығын алған. Ресей мемлекетінің атынан сәті келген күні ғарышқа аттанады...

*Талғат Сүйінбай*

## АЙТЫЛЫМ

**12-тапсырма.** Жұптық жұмыс. Берілген сұрақтарды бір-біріңе қойып, тақырып бойынша өз пікірлеріңді дәлелдеңдер.

1. Жұлдызды қалашық қайда орналасқан?
2. Ол жерде ғарышкерлер немен айналысады?
3. Мұхтар Аймаханов кім?
4. Қазіргі кезде Мұхтар Аймаханов немен айналысады?
5. Ғарышқа ұшудың кезегінде тұрған ғарышкер үшін ең ауыр нәрсе не?

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**13-тапсырма.** Топтық жұмыс. «Ғарышты игерген ел» тақырыбы бойынша постер құра. Сыныпта баяндаңдар.

# Нұртөре Жүсіп

7-8-  
сабақтар

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

## ЖАҢА СӨЗДЕР

### АЙТЫЛЫМ

айтулы

**1-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.



- Суретте кімді көріп тұрсың?
- Нұртөре Жүсіп туралы не білесің?
- Қандай еңбектері бар?

### ЖАЗЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Дерекөздерден «Нұртөре Жүсіп» туралы мәлімет тап.

Ол туралы (шығармашылығы, еңбектері, қоғам қайраткері ретінде атқарған істері т.б.) әңгімелеп бер. Дереккөздерден «Қазақстан» телеарнасының «Сыр-сұхбат» бағдарламасын пайдалан.

### ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Мәтінді оқы. Тыңда. Мәтін бойынша бірнеше сұрақ дайында.

Жүсіп Нұртөре 1961 жылы 29 сәуірде Қызылорда облысы Шиелі ауданында туған. Қазақ. Әкесі — Жүсіпов Байтілес (1921-1985). Анасы Байділдәқызы Рәбиға (1925 жылы туған), зейнеткер, батыр ана, күріш өсіруші болған. Нұртөре Жүсіп С.М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген. «Біз кімнен кембіз?»

(2001), «Қазақтың қызы» (2004), «Елес пен белес» (2006) атты публицистикалық жинақтардың; 500-ге жуық айтулы мақаланың авторы. Қазақ, орыс және араб (сөздікпен) тілдерін біледі.

2008 жылдан бері «Айқын» газетінің бас редакторы. «Құрмет» орденімен марапатталған. «Алтын адам» сыйлығының лауреаты. Әскери атағы — аға лейтенант.

## АЙТЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Мәтіндегі сөйлемдерге бірнеше нұсқада сұрақ қой. Осы сұрақтарды пайдаланып, көршіңмен сұхбат құр.

## АЙТЫЛЫМ

**5-тапсырма.** «Алматы» телеарнасының бейнеқорынан «Алматы» телеарнасының «Бенефис — Нұртөре Жүсіп» атты бағдарламасымен таныс. Алған мәліметті пайдаланып, Н. Жүсіп туралы көршіңмен сұхбат құр.

## ЖАЗЫЛЫМ

### МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

**6-тапсырма.** Мәтіндегі қате жазылған сөздерді тап. Себебін түсіндір.

1. Жүсіп Нұртөре 1961 жылы 29 сәуірде Қызылорда облысы Шиелы ауданы Керделі ауылдық кеңшарында туған. 2. Қазақ. Әкесі — Жүсіпов Байтілес. 3. Анасы Байділдәқызы Рабиға, зейнеткер, батір ана, күріш өсіруші болған. 4. С.М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің журналистика факультетын бітірген, журналист. 5. «Біз кымнен кембіз?», «Қазақтың қызы», «Елес пен белес» атты публицистикалық жинақтардың; 500-ге жуық мақаланың авторы.

## АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Жағдаяттық тапсырма: Сен журналист ретінде «Нұртөре Жүсіп» туралы бағдарлама дайындап жатырсың. Кейіпкер туралы мәлімет жинап, сұрақтар дайында. *Айтулы, автор, әскери, журналист, тілдер сөздерін қолдан.*

## АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Нұртөре Жүсіп және оның өмірі мен шығармашылығы туралы фотоколлаж дайында.

### ЕСТЕ САҚТА!

Нұртөре Жүсіп «Құрмет» орденімен, «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл», «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» медальдарымен марапатталған. Қазақстан Журналистер Одағы Б. Бұлқышев атындағы сыйлығының, БАҚ саласындағы Президенттік сыйлықтың, «Алтын адам» сыйлығының лауреаты.

# Қыран қазақ (деректі әңгіме)

9-10-  
сабақтар

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Сурет бойынша мәтін құра.



### ЖАЗЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Сөздерден сөйлем құра.

Ерлік, ұшақ, сынақшы-ұшқыш, ғарышкер, халық, міндет, құпия, сынақ, тәнтi болу.

## ЖАҢА СӨЗДЕР

қондырғы, құпия, тәнтi болу

### ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Оқы. Түсінгеніңді баянда.

... Үшінші перне немесе «Гиннесс кітабына» кірген қазақ.

Талғат Бигелдинов ағамыздың Тоқтар Әубәкіровтің ерлігіне тәнтi болғанда айтқан сөзіне қосыла бас иземеске амал қайсы? «Мынау деген кез келген ғарышкер-ұшқышыңыз сынақшы-ұшқыш бола алмайды. Былай қарасаң, олардың дәрежелерінің бір-бірінен еш кемістігі не артықшылығы жоқ. Тек ғарышкерлер елдің алдында, халықтың алдында жүретін топ, ал сынақшылар құпия өмір сүреді. Сынақшы мен ұшқыштың аражігін ажыратып алу керек. Мәселе олардың қызметінің сынақшылық құпиялылығында да емес, бар мәселе олардың жүрегінде. Ең алдымен жүрек керек, жүрек!»

Жүрекжұтқан батыр ағасының жүрекжұтқан батыр інісі туралы айтқан сөзі бұл. Қазақ: «жүрегінің түгі бар», — деп осы Талғат пен Тоқтар сынды кісілерді айтса керек.

## ЖАЗЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Мәтіннен күрделі сөздер мен тұрақты сөз тіркестерін теріп жаз.

## АЙТЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Мәтін бойынша бір-неше нұсқада сұрақ қой. Мағынасын түсіндір.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Төмендегі сөздер мәтіндегі қай сөздермен тіркеседі? Мәтіннен тауып, оның қандай сөйлем мүшесінің қызметін атқарып тұрғанын айтыңдар.

Тбилиси, трамплиннен, жүрек, батыр, ұшақтың, ұшқыр, сынақшы, халықтың, судың, рекордтар, өмір, інісі, тәнті.

## АЙТЫЛЫМ

**9-тапсырма.** 4-тапсырмадағы тұрақты сөз тіркестерінің бірін тақырып ретінде алып, ой бөлісіңдер.

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** «Хабар» агенттігінің сайтынан «Орталық хабар» бағдарламасының «Тоқтар Әубәкіров» атты бағдарламасын көр. Бағдарлама бойынша Тоқтар Әубәкіров туралы бірнеше сұрақтар дайында. Сұрақтарға көрген бағдарламаны мысалға алып жауап бер.

## ЖАЗЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Мен «Қыран қазақ» деген тақырыпта шығарма жаздым. Шығармамда Тоқтар Әубәкіров туралы, оның ерен ерлігі туралы жаздым. Шығармамда 20 сөйлем жаздым.

• Ол қандай сөйлемдер жазуы мүмкін? Жазып көр.

## ЕСТЕ САҚТА!

Сынақшы-ұшқыштар құпия өмір сүреді. Талғат Бигелдинов Тоқтар Әубәкіровтің ерлігіне тәнті болды.

# Қыран қазақ (деректі аңгіме)

11-12-  
сабақтар

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Сурет бойынша «Ғарышта» тақырыбында диалог құрыңдар.



### ЖАЗЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Мәтіннен күрделі сөздерді тап. Оларды қатыстырып сөйлем құрастыр. Мәтіннің мазмұнын өз сөзіңмен айт.

... Адамсүйгіштік қасиет ана сүтімен бойға даритын болса керек. Тоқтар Оңғарбайұлы анасын әрдайым ыстық ықыласпен еске алады. «Мақсатқа жетуді алдымен анам үйретті. Жоғары білімі болмаса да, ішкі мәдениеті мен жан-дүниесі келіскен сондай асыл адамның маған қаншама ізгі қасиетті қалай дарытып үлгергеніне қайран қаламын. Айналаңдағы адамдарға жақсылық жаса, жасағаның өзіңе жақсылық боп қайтады. Саған қайтпаса, балаңа қайтады. Әйтеуір, жақсылық ізсіз кетпейді дейтін еді анашым!» — деп толғанады Тоқтар батыр.

Бала демекші, Тоқтар ағамыздың үлкен ұлы Тимур да әкесінің жолын қуып, ұшқыш болуды қалаған екен. Оған Америкадан «Боинг» фирмасында жұмыс істеуге ұсыныс түскен көрінеді. Сонда Тимур Тоқтарұлы: Бәріміз жан-жаққа жамырап кете берсек, Қазақстанды кім көтереді? Елге тимеген жақсылықтан не пайда?! — деп Қазақстанда қалыпты. Азаматтықтың жарқын үлгісі осындай-ақ болар.

**3-тапсырма.** Мәтінді оқы. Мазмұны бойынша жоспар құр.**Төртінші перне немесе Назарбаевтың қолқасы**

... Ертесіне Президентпен кездесуге барады. Барған бетте ғарышқа ұшудан бас тартатынын мәлімдейді. Сонда Нұрсұлтан Әбішұлы:

— Тоқтар, бауырым! — деп сөз бастайды. — Мені дұрыс түсін: бұл ұшу сен үшін я болмаса мен үшін қажет емес, біздің қазақ халқы үшін керек. Білесің бе: «Байқоңырдан» осынау отыз жылдың ішінде ғарышқа кімдер ұшпады? Ал сол жердің иесі қазақтар «Біздің жерден біздің ғарышкер қашан шығады?» деп армандаумен келеді. Оның үстіне сен барлық жағынан дайын тұрсың... Керек десе, Кеңес Одағының Батырысың! — дейді.

Аталы сөзге тоқтаған қазақ емес-

піз бе: Тоқтар осы сөзге тоқтайды. Бірақ батырдың аты батыр ғой, Елбасына өзінің келісімін бере отырып, бірнеше шартын да қойып үлгереді. Онысы — «Қазақстанның ғарыштық ғылыми бағдарламасы болсын» деген тілек еді.

Елбасымыздың күш салуымен 1991 жылғы 21 қаңтарда Тоқтар Әубәкіровтің кандидатурасы жедел түрде бекітіліп, бас-аяғы төрт айдың ішінде бүткіл дайындықтан сүрінбей өтті, 1991 жылдың 2-10 қазаны аралығында қазақстандық бағдарлама бойынша ғарышқа жол тартты. 7 тәулік 22 сағат 12 минут 40 секунд ғарыш кеңістігінде қалқыған Тоқтар Әубәкіров «қазақтың тұңғыш ғарышкері» атанды.

*Нұртөре Жүсін*

**АЙТЫЛЫМ****4-тапсырма.** Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

- Тоқтарға ғарышқа ұшу туралы неше мәрте ұсыныс жасалған?
- Президент Н. Назарбаев Т. Әубәкіровке қандай ақыл-кеңес берді?
- Тоқтар Әубәкіров ғарыш кеңістігінде неше уақыт болды?

**ЖАЗЫЛЫМ****5-тапсырма.** Сөздерді сәйкестендіріп, сөйлем құрап жаз.

1	аталы	а	жол тарту	1	бас	а	Одағы
2	ғарышқа	ә	сөзге	2	хабар	ә	тарту
3	кесімді	б	бетінше	3	халықтың	б	алу
4	қазақстандық	в	сөз	4	Кеңес	в	бағдарламасы
5	ғарышқа	г	бағдарлама	5	ғылыми	г	жігіт
6	қазақ	ғ	ұшу	6	батыр	ғ	иесі
7	өз	д	кеңістігінде	7	жердің	д	ғарышкер
8	ғарыш	ж	ғарышкері	8	біздің	ж	арманы

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Мәтіндегі ақпаратты «Төрт сөйлем» тәсілін пайдаланып айтыңдар.

**Пікір.** Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз.

**Дәлел.** Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.

**Мысал.** Пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.

**Қорытынды.** Тақырып бойынша қорытынды жаз.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Мәтіннен күрделі сөздерді тап. Оларды түрлеріне қарай ажырат.



## ЕСТЕ САҚТА!

ҰБО (Ұлттық биотехнология орталығы) мәліметтерінше, кеме бөлініп шығып, бірнеше сағат автономдық жүйеде ұшады. Астана уақытымен 05:59-да орбитаға ену үшін «Союздың» қозғалтқыш қондырғысы бес минуттық тежегіштік импульс береді, 06:26-да аппараттан тұрмыстық және құрал-агрегаттық бөлігі бөлінеді. Одан үш минут өткен соң ғарышкерлер отырған капсула Жер атмосферасының тығыз қабатына енеді. Осы кезде экипажбен уақытша байланыс үзіледі.

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## ЖАЗЫЛЫМ

**8-тапсырма.** *Кесімді, өмір бақи, мәлімдеу, ғылыми, кеңістік сөздерінің мағынасын түсіндірме сөздікті пайдаланып түсіндір.*

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Қосымша дерек-көздерден қондырғы, тетік, дабыл сөздерін пайдаланып, әлемдегі ғарышкерлер мен ғарыш орталықтары туралы ақпарат жина.

## ЖАЗЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Үш топқа бөлініңдер. Тақырып бойынша постер құрастырып, қорғаңдар.

1. Тұңғыш ғарышкер
2. Қазақстандық ғарышкерлер

# Нәтиже сабақ. Мен не қйрендім?

13-14-  
сабақтар

## ЖАЗЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Мәтіндегі қою қаріппен берілген сөздер мен сөз тіркестеріне сұрақ қой. Күрделі сөздерді тап. Оларды қатыстырып, сөйлем құра.

1961 жылы 12 сәуірде адамзат тарихында тұңғыш рет Юрий Гагарин «Восток» ғарыш кемесімен «Байқоңырдан» ғарышқа аттанды. 1991 жылы 2 қазанда қазақтың тұңғыш ғарышкері Т.Әубәкіров «Союз Т-13» ғарыш кемесімен «Байқоңырдан» ғарышқа көтерілді. Ресеймен бірлескен бағдарлама бойынша қазақ ғарышкері Т.Мұсабаев ғарышта 2 рет (1994, 1998 жылдары) болды.

«Байқоңыр» кешенінен Қазақстан Республикасының аумағына жылына 30–35 мың тонна улы зат таралады. Ракеталардан түскен қалдықтар Қарағанды, Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарына зиян келтірді.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Көп нүктенің орнына қажетті қосымшаларды қойып, сөйлемді жаз. Не себепті ол қосымшаларды қойғаныңды түсіндір.

Ол реактивті ұшақ... елуден аса жаңа түрін ешбір ақаусыз сынақ... өткізді. 1990 жылы ғарышкер... құрамына алынды. 1991 жылы 2 қазан... «Байқоңыр...» «Союз ТМ-13» кемесімен ғарышқа ұшты. Онда ол өзге ғарышкерлер... бірге биотехнология, металлургия, медицина салалары және Арал аймағы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргіз... Зерттеу нәтижесінде зиянды аэрозольдар... Қазақстан мен Ресей аймақтарына таралуы... ғарыштық фотосуреттері алынды.

## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Мәтінді тыңда, оқы. Мәтін бойынша жоспар құр.

Талғат Сүйінбайдың Тоқтар туралы жазған «Қазақтың тұңғыш ғарышкері» деп аталатын кітабында батырдың әпкесі Гүлсімнің сыр шертетін тұсы бар. Тоқтар Армавирдегі әскери-ұшқыштың оқуын бітіріп, Қиыр Шығыстағы бөлімдердің біріне ұшқыш болып кетерде үйленбек болған. Бірақ қыздың әке-шешесі: «Ойбай-ай, жердің түбінде не бар,

қайдағы бір ұшқышпен?!» — деп, келісімін бермей қояды. Қысқасы, не керек, қыз да қанша жерден жылап-сықтағанмен, әке-шешесінің айтқанынан шыға алмайды.

Әлі есімде, Тоқтар қатты булығып, екі-үш күн тұнжырап жүрді, ешкіммен сөйлеспеді. Үндемеген күйі өзі қызмет ететін Амур өзенінің жағалауындағы гарнизонға қайтып кетті. Бәріміз де қатты қапа болдық, бірақ қолдан келер шара бар ма? Сүйген қыз, сүйікті ел алыста. Бойды сағыныштан гөрі беймәлім бір сезім көбірек билеген шақ. Тоқтар әлгінде өзімен ала шыққан транзистордың құлағын бұрайды. Кенет... әдемі бір сыбызғы әуен естіледі.

Ажарың ашық екен атқан таңдай,  
Нұрлы екен екі-ай көзің жаққан шамдай.  
Анаңнан сені тапқан айналайын,  
Күлім көз, оймақ ауыз, жазық маңдай... –

деп, қазақтың бұлбұл үнді әншісі Бибігүл Төлегенованың орындауындағы ән естіледі. «Гауһартас» әні өршіл жастың жүрегінде жатталып қалады.

## АЙТЫЛЫМ

**4-тапсырма.** «Халқым үшін, қазағым үшін өліп кетуге дайынмын!..» деген Тоқтар Әубәкіровтің қанатты сөзін тақырып ретінде алып, пікірталас ұйымдастырыңдар.

## ЖАЗЫЛЫМ

**5-тапсырма.** «Үшбу хат» тәсілі. Н. Назарбаевқа өзіңді толғандырып жүрген ғарыш мәселелері туралы хат жаз. Т. Әубәкіровтің Д. Қонаевқа жазған хатындағы ойын осы тақырып аясында өткен материалдармен сабақтастыр. Хатыңда күрделі сөздер мен тұрақты сөз тіркестерін пайдалан.

## АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Қазақ ғарышкерлері туралы ақпарат жинап, тұсаукесер дайындаңдар.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

## ОЙТАРАЗЫ

### 7-тапсырма. Шығу парағын пайдаланып, сұраққа жазбаша жауап беріңдер.

#### Қазақстан-Байқоңыр-Ғарыш

1. «Қазақстан-Байқоңыр-Ғарыш» тақырыбы бойынша не үйрендіңдер?
2. Сен үшін тақырып несімен құнды болды?
3. Өзіңнің, жолдастарыңның білімін бағала (өз жұмысыңа, жолдастарыңның топ ішіндегі әрекеттеріне көңілің тола ма?)
4. Тақырып бойынша тағы не білгің келеді?
5. Тақырып бойынша тағы қандай ақпарат көздерін оқисың?
6. «Беймәлім бір сезім» дегенді қалай түсінесің?

### 7. ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР ТАҒЫЛЫМЫ ТӘКЕН ӘЛІМҚҰЛОВ «ҚАРАОЙ»

«Алаш» — партия

саясаткер — политик

белгілі саясаткер — известный политик

тағылым — урок; пример

айқын — четкий; ясный (-ая, -ое, -ые); понятно

айқын дәлел — неопровержимое доказательство

кемеңгер — корифей; гений

кемеңгер ғалым — гениальный ученый

көрнекті — известный (-ая, -ое, -ые); выдающийся

көрнекті адам — выдающийся человек

көрнекті жазушы — выдающийся писатель

көрнекті оқымысты — видный ученый

беделді — авторитетный (-ая, -ое, -ые)

беделді болған — был авторитетным

айдалу — ссылка

айдалған екен — был сослан

тарихи — исторический (-ая, -ое, -ие)  
тарихи оқиға — историческое событие  
ақсүйек — аристократ  
ақсүйекке жатады — принадлежит к аристократам  
саясат — политика  
мемлекеттік саясат — государственная политика  
ағартушы — просветитель  
қазіргі ағартушылар — современные просветители  
патша — царь  
патшаның тағы — трон царя

қолбасшы — полководец  
қолбасшылық еткен — был полководцем  
рухани көсем — духовный лидер  
көтеріліс — восстание  
шаруалар көтерілісі — восстание крестьян  
көтеріліс ұйымдастырған — организовал восстание

танылу — быть признанным  
елге танылу — быть признанным народом  
ішкі — внутренний (-ая, -ее, -ие)  
ішкі жақ — внутренняя сторона  
сыртқы — наружный (-ая, -ое, -ые)  
сыртқы саясат — внешняя политика  
жебе — стрела  
қызыл жебе — красная стрела  
бұрмалаушылық — искажение

сұлтан — правитель  
әділетті сұлтан — справедливый султан  
айып — штраф  
айып салу — штрафовать; наложить штраф  
өсиет — завещание; наставление  
әке өсиеті — завещание отца  
іскерлік — предприимчивость

## **8. ҚЫЗЫМ — ЖАҒАДАҒЫ ҚҰНДЫЗЫМ, ҰЛЫМ — АСПАНДАҒЫ ЖҰЛДЫЗЫМ «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры (үзінді)**

тәлім-тәрбие — воспитание  
имандылық — мораль; гуманность

алғыр — разносторонний (-ая, -ее, -ие)  
перзент — дитя  
ардақта — почитай  
еңбексүйгіш — трудолюбивый (-ая, -ое, -ые)  
саналы — сознательный (-ая, -ое, -ые)  
жеткіншек — подросток  
отау — дом молодоженов  
мүшел жас — вхождение (старинное исчисление возраста человека по 12-летнему циклу)  
мүшелге толу — вхождение на 12-летний цикл  
мүшелден шығу — завершение цикла

абырой — честь  
жасөспірім — подросток  
келін — сноха  
ибалы — вежливый; воспитанный (-ая, -ое, -ые)  
қылық — выходки  
бойжеткен — подросток  
тектілік — наследственность  
қылықты — игривый; благовоспитанный (-ая, -ое, -ые)  
жеңге — жена старшего брата  
ізетті — вежливый (-ая, -ое, -ые)

махаббат — любовь  
сезім — чувство  
құрбы-құрдас — подруги; сверстники  
ар-ұят — совесть  
қалыңдық — невеста

туынды — произведение  
сүйіспеншілік — влюбленность  
шежіре — родословие; летопись

олжа — добыча  
қиямет — судный день  
медеу қылу — считать своей опорой  
менсінбеу — игнорировать; пренебрегать

тіл алу — слушаться  
сездіру — дать почувствовать  
сезу — чувствовать  
мен сеземін — я чувствую

мен сездім — я чувствовал (-а)  
табиғатты сезу — чувствовать природу  
Ол өзін жақсы сезінеді. — Он чувствует себя хорошо.

атастырылу — сосватать  
отау — дом молодоженов  
бағындыру — подчинить; принудить

## 9. БИОАЛУАНТҮРЛІЛІК. ЖОЙЫЛЫП БАРА ЖАТҚАН ЖАНУАРЛАР МЕН ӨСІМДІКТЕР М. Әуезов «Көксерек»

биоалуантүрлілік — биоразновидность  
тұрақтылық — устойчивость  
зиянкес — вредитель  
азық — продукт  
саңырауқұлақ — грибы  
кем — меньше  
улы — ядовитый (-ая, -ое, -ые)  
шаян — рак  
қиянат — вред (преступление)  
шегірткелер — стрекозы  
қаншама — несколько  
қоқиқаз — фламинго  
тырна — журавль

сүтқоректі — млекопитающие  
қосмекенді — земноводные  
елік — косуля  
бұлан — лось  
құлан — кулан  
сілеусін — рысь  
жолбарыс — снежный барс  
құндыз — бобр  
борсық — барсук  
сарышұнақ — суслик

жат иіс — незнакомый запах  
тобылғы — таволга  
баптады — дрессировал; ухаживал  
алып (зор) — огромный (-ая, -ое, -ые)

талап тастайды — растерзал  
тағы — ещё  
жасымайды — не унывает

жота — хребет  
жортты — бег рысью  
шапшыды — набросился  
қылғыта салды — проглотил  
төн (етістік) — подойти вплотную; приближаться

## 10. НАУРЫЗ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ОНЫ ҚАРСЫ АЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.

### Б.Ж. Бопайұлы «Қазақы наурызнама» (үзінді)

наурызкөже — наурызоже  
көңіл күй — настроение  
үндестік — созвучие  
кешір — извини  
оян — проснись  
ежелгі — древний (-яя, -ее, -ие)  
тойла — празднуй

шаттық — веселье  
түрлі — разные  
дегенмен — однако  
даналық — мудрость

ырыздық — доля; удел  
барынша — максимально

наным-сенім — поверье

уыз — молозиво  
өріс — выгон; пастбище

## 11. МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ НҰРЛЫ ЖОЛЫ! Н. Назарбаев «Қазақстан жолы» (үзінді)

Елбасы жолдауы — послание Президента  
Елбасы кездесті — Глава государства встречался  
Кеше Елбасының Қазақстан халқына жолдауын теледидардан тыңдадық. —  
Вчера мы слушали Послание народу Казахстана Главы государства.  
көшбасшы — лидер

көшбасшы болды — стал лидером  
Көшбасшы болу оңай емес. — Быть лидером не легко.  
іргетас — фундамент  
іргетасы мықты — прочный фундамент  
іргетасы бар — есть фундамент

нұрлы — светлый (-ая, -ое, -ые)  
нұрлы жол — светлый путь  
біртұтас — единый (-ая, -ое, -ые)  
біртұтас ел — единая страна  
біртұтас боламыз — будем единый  
шартарап — весь мир; четыре стороны света  
жасампаз — созидающий; творец нового

тағдыр — судьба  
тағдыры қызық — интересная судьба  
ұғым — понятие

атақоныс — земля отцов; отчий край  
жылнама — летопись  
салт-сана — традиция  
қадам — шаг  
ашаршылық — голод  
азат — свобода  
жарқын — светлый (-ая, -ое, -ые)

естелік — память  
мығым — твердый; прочный (-ая, -ое, -ые)  
мәлім — известный (-ая, -ое, -ые)  
қосымша — дополнительный (-ая, -ое, -ые)  
салиқалы — уравновешенный; солидный (-ая, -ое, -ые)  
кемел — зрелый; достигший расцвета  
түбегейлі — кардинальный; окончательно  
өтпелі — переходный (-ая, -ое, -ые)

## 12. ҚАЗАҚТЫҢ АЙТЫС ӨНЕРІ МЕН СӨЗ МӘДЕНИЕТІ.

### Ринат Зайытов пен Аманғазы Кәріпжанов айтысы

көркемсөз — литературные слова  
суырыпсалма — импровизатор  
суырып салу — импровизировать  
суырып салып айтылған — импровизированный

бейнелі — образный (-ая, -ое, -ые)

ұйқас — рифма

қарсылас — противник

ұтқыр — мастер выигрывать

жеңіліс — проигрыш

әдеби — литературный (-ая, -ое, -ые)

шешен — оратор

тапқырлық — находчивость

маңыз — значение

ақындық — поэтический

ақындық сөз — поэтическое слово

ақындық сөз туындысы — поэтическое творчество

ақындық тіл — поэтический язык

жұп — пара

сынайды — критиковать; испытывать

сынға алу — подвергнуть критике

сынға құлақ асу — прореагировать на критику

тыңдарман — слушатель

ойын-тойда — на праздниках, на мероприятиях

бөленеді — утопает в счастье, радости

Тәңірі — Бог, Всевышний

құлшылық еткен — молились

қыз ұзату — выдать (дочь) замуж, проводы невесты из дома родителей

қайғы-қасірет — страдание

астам — больше; более

сынақ — испытание

елеулі — значимый (-ая, -ое, -ые)

әдептілік — воспитанность

шабуыл жасады — напали

шабуыл жасау аймағы — линия нападения

шабуыл жасау даярлығы — подготовка к нападению

шабуыл жасау жоспары — план наступления

қарсы тұру — восстать; сопротивление

қарсы тұрды — восстали

озбырлық — произвол; насилие

озбырлықпен басып алу — захват насилием

тиіседі — придирается; нападает

жүйріктер — быстрые скакуны

жүйрік ат — скаковая лошадь

тентіреп — блуждая  
тентіреу — блуждание; бродить

майталман — мастер  
ділмар — красноречивый; оратор  
төрелік — судья  
ой түйеді — делает выводы  
кемшіліктер — недостатки  
дәлелі — доказательство  
жағымсыз — неприятный (-ая, -ое, -ые)  
нәрсе — вещь; предмет

### 13. ҚАЗАҚСТАН-БАЙҚОҢЫР-ҒАРЫШ Нұртөре Жүсіп «Қыран қазақ» (деректі әңгіме)

ғарыштық — космический  
қазақ ғарышкерлері — казахские космонавты  
қазақтың тұңғыш ғарышкері — первый казахские космонавт  
Ғарышкерлер даярлау орталығы — Центр подготовки космонавтов  
ашық ғарышта жұмыс істеген тұңғыш қазақстандық ғарышкер — первый казахский космонавт, работавший в открытом космосе  
ұшыру — запустить  
шаршы — квадрат  
фотосурет — фотография  
қаһарман — герой; витязь; славный; героический (-ая, -ое, -ие)  
тәжірибелі — опытный (-ая, -ое, -ые)  
таңғажайып — изумительный; удивительный; чудесный (-ая, -ое, -ые)  
таңғажайып әңгіме — фантастический рассказ  
таңғажайып сұлулық — божественная красота  
тікелей — непосредственно; прямо  
тікелей байланыс — прямая связь  
тікелей бастық — непосредственный начальник  
үрей — страх; тревога; паника  
Совет ұшағы лып етіп көтеріле ала ма, жоқ, бұрқ етіп жоқ бола ма — деп бүкіл дүниежүзінің мамандары демін ішіне тартып, үреймен қарап тұрған еді. — Ученые всего мира смотрели на советский самолет с тревогой — поднимется ли он быстро в небо или, вспыхнув, исчезнет на воздухе.  
қондырғы — установка  
қапа — огорчение; печаль; тоска  
беймәлім — неизвестный; таинственный (-ая, -ое, -ые)  
өзгеріс — изменение; перемена  
жамырау — галдеть, шуметь

# Мазмұны

<b>7. Тарихи тұлғалар тағылымы</b>	
Тәкен Әлімқұлов «Қараой» (әңгіме).....	4
1-2-сабақтар. «Алашорда» көсемдері.....	4
3-4-сабақтар. Ахмет Байтұрсынұлы — ұлт ұстазы .....	10
5-6-сабақтар. Махамбет Өтемісұлы .....	14
7-8-сабақтар. Тәкен Әлімқұлов — шебер жазушы .....	17
9-10-сабақтар. «Қараой».....	20
11-12-сабақтар. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?.....	23
<b>8. Қызым — жағадағы құндызым, Ұлым — аспандағы жұлдызым</b>	
«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жыры (үзінді).....	25
1-2-сабақтар. Ұлым — аспандағы жұлдызым.....	25
3-4-сабақтар. Қызым — жағадағы құндызым.....	29
5-6-сабақтар. Халық ауыз әдебиеті.....	33
7-8-сабақтар. Лиро-эпостық жырлар.....	36
9-10-сабақтар. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жыры (үзінді) .....	40
11-12-сабақтар. Қозы Көрпеш-Баян сұлу — махаббаттың символы .....	44
13-14-сабақтар. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? .....	47
<b>9. Биоалуантүрлілік. Жойылып бара жатқан жануарлар мен өсімдіктер .....</b>	<b>50</b>
1-2-сабақтар. Табиғаттағы биоалуантүрлілік .....	50
3-4-сабақтар. «Қызыл кітапқа» енген жануар.....	55
5-6-сабақтар. Мұхтар Әуезов «Көксерек» (үзінді) .....	58
7-8-сабақтар. Мұхтар Әуезов «Көксерек» (үзінді) .....	61
9-10-сабақтар. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?.....	63
<b>10. Наурыз және әлем халықтарының оны тойлау ерекшеліктері.</b>	
<b>Б. Бопайұлы «Қазақы наурызнама» (үзінді) .....</b>	<b>65</b>
1-2-сабақтар. Наурыз — түркі халықтарының дәстүрлі мейрамы.....	65
3-4-сабақтар. Әлем халықтарының наурызды тойлау дәстүрлері .....	72
5-6-сабақтар. Наурыз қай күні кірсе.....	76

7-8-сабақтар. Қазақы наурызнама .....	79
9-10-сабақтар. Наурыз — уыз мерекесі.....	83
11-12-сабақтар. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?.....	87
<b>11. Мәңгілік елдің нұрлы жолы.</b>	
Н. Назарбаев «Қазақстан жолы» (үзінді).....	88
1-2-сабақтар. Ел болашағы жастардың қолында.....	88
3-4-сабақтар. «Мәңгілік ел идеясы» — болашағымыздың бастауы.....	91
5-6-сабақтар. Менің тілім — мәңгілік тіл .....	94
7-8-сабақтар Н. Назарбаев «Қазақстан жолы» (үзінді).....	97
9-10-сабақтар. Жұлдыздарға жол салған Қазақстан .....	101
10-12-сабақтар. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? .....	104
<b>12. Қазақстанның айтыс өнері мен сөз мәдениеті.</b>	
Ринат Зайытов пен Аманғазы Кәріпжанов айтысы.....	106
1-2-сабақтар. Айтыс — қазақтың төл өнері .....	106
3-4-сабақтар. Айтыстың түрлері.....	110
5-6-сабақтар. Қазіргі кездегі айтыс .....	114
7-8-сабақтар. Р. Зайытов пен А. Кәріпжановтың айтысы.....	117
9-10-сабақтар. Қазақтың тіліне ғашық болдым.....	120
11-12-сабақтар. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?.....	123
<b>13. Қазақстан-Байқоңыр-Ғарыш.</b>	
Нұртөре Жүсіп «Қыран қазақ» (деректі әңгіме) .....	125
1-2-сабақтар. «Байқоңыр» — ғарыш айлағы.....	125
3-4-сабақтар. Қазақ ғарышкері.....	129
5-6-сабақтар. Ғарышты игерген ел .....	132
7-8-сабақтар. Нұртөре Жүсіп.....	137
9-10-сабақтар. «Қыран қазақ» (деректі әңгіме).....	139
11-12-сабақтар. «Қыран қазақ» (деректі әңгіме) .....	141
13-14-сабақтар. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? .....	144

## Электрондық оқулық



Оқу басылымы

Учебное издание

Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова,  
Р. С. Рахметова, А. Қ. Рауандина,  
Қ.С. Жайлаубаева

Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Даулетбекова,  
Р. С. Рахметова, А. К. Рауандина,  
К.С. Жайлаубаева

Қазақ тілі мен әдебиеті: Бәйтерек.  
Оқулық  
2-бөлім

Қазақ тілі мен әдебиеті: Бәйтерек.  
Учебник  
Часть 2

Қазақ тілінен басқа тілде оқытатын  
11 жылдық жалпы білім беретін мектептің  
8-сыныбына арналған

Для 8 класса  
11-летней общеобразовательной школы  
с неказахским языком обучения

Әдіскер: Б. Қ. Мүкеева  
Редакторлары: М. А. Рысқұлов, О. С. Жұбаева  
Суретшілер: А. Айтжанов, Р. Байбекова,  
М. Дильманов, В. Самаркина, И. Киянова,  
Е. Рагозина, М. Мирошников, В. Самаркина  
Фотосуретші: П. Михеев  
Мұқаба әрленімі: Д. Н. Буксикова  
Техникалық редактор: Д. К. Тынбаев  
Беттеуші: С. Қыдырбай

Методист: Б. К. Мүкеева  
Редакторы: М. А. Рысқұлов, О. С. Жұбаева  
Художники: А. Айтжанов, Р. Байбекова,  
М. Дильманов, В. Самаркина, И. Киянова,  
Е. Рагозина, М. Мирошников, В. Самаркина  
Фотограф: П. Михеев  
Дизайн обложки: Д. Н. Буксикова  
Технический редактор: Д. К. Тынбаев  
Компьютерная верстка: С. Кыдырбай

01.09.20. басылымға жіберілді. 70×100 1/16  
форматы. Офсеттік басылым. «DIN» қаріп түрі.  
Офсетті қағаз. Шартты баспа табағы: 12,6  
Таралымы: 3800  
«Реформа» ЖШС-нде басылған.

Подписано в печать 01.09.20. Формат  
70×100 1/16. Печать офсетная. Гарнитура «DIN».  
Бумага офсетная. Усл. печ. л.: 12,6  
Тираж: 3800  
Отпечатано ТОО «Реформа»

«Көкжиек-Горизонт» ЖШС, 050022,  
Алматы қ., Сейфуллина даңғылы, 597 А үй  
тел. +7 (727) 220 76 60  
[www.expert.study-inn.kz](http://www.expert.study-inn.kz)  
[www.studymart.kz](http://www.studymart.kz)

ТОО «Көкжиек-Горизонт», 050022,  
г. Алматы, проспект Сейфуллина, дом 597 А  
тел. +7 (727) 220 76 60  
[www.expert.study-inn.kz](http://www.expert.study-inn.kz)  
[www.studymart.kz](http://www.studymart.kz)